

Е. М. Арын, У. Х. Альмішев,
Т. К. Бексеитов

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АТ СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫ

Оқулық

*Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі бекіткен*

ӘОЖ 796/799(075.8)

КБЖ 75.722 я 73

А 86

Пікір жазушылар:

Биология ғылымдарының докторы, профессор **Ұ. Қаманұлы**;
Ауыл шаруашылығы ғылыми кандидат, доцент **Б. Р. Ирмулатов**.

Жауапты редактор а/ш.ғ.к., доцент **Уахитов Ж.Ж.**

Арын Е. М. және т.б.

А 86 **Қазақстандағы ат спортының дамуы:** Оқулық. / э.ғ.д., профессор Е. М. Арин, а/ш.ғ.д., профессор Альмішев У. Х., а/ш.ғ.д., профессор Т. К. Бексеитов. / Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір», 2011.– 184 бет.

ISBN 978-601-217-269-0

Кітапта ел қастерлейтін, мындаған жылдар бойы әсем жырлар мен әндерге арқау болып келе жатқан асыл түлік – жылқы малы жайлы зертеулер қарастырылған. Атты, оның ішінде спортқа бейімделген жылқыларды баптау, азықтандыру, жарату сияқты дәстүрлер баяндалған.

Ежелден мал шаруашығымен айналасатын қазақ халқының жылқы аурулары, оларды емдеу шаралары, әдістері жөнінде де қызықты мәліметтер келтірілген.

Кітап тек жылқы өсірумен айналасатын мамандарға, сонымен қатар ат спортымен шұғылданатын жастарға, студенттерге, көпшілік қауымға да арналған.

ӘОЖ 796/799(075.8)

КБЖ 75.722 я 73

ISBN 978-601-217-269-0

© Арин Е. М. және т.б., 2011

© Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011

АВТОРЛАРДАН

Жылқыға байланысты нәрсенің бәрі ғажап қой, шіркін! Олардың мөлдіреген көзіне үңіліп көріңізші... Ал бұл ер қанаты атанған жануарлардың тарихы да тереңде жатыр. Басқасын айтпағанда, осыдан жетпіс жыл бұрын Кеңес өкіметі орнаған алғашқы күндерден бастап, Азамат соғысы, халық шаруашылығын жаңадан құрып, қалпына келтіруде, бұрын болып көрмеген зауыт, фабрикалар мен шойын жолдар салуда, одан кейін Ұлы Отан соғысында елімізді фашизмнің қанды шеңгелінен қорғауда үлкен рөл атқарғаны белгілі.

Ал қазір ше? Еліміздің Азық-түлік программасын іске асыруда, қала берді спортымыздың даңқын көтеруде де күлте жалды жануарлардың еңбегі айтарлықтай екені шүбәсіз емес пе!

Ендеше жылқы баптап, желмен жарысқан адамдардың бойында да бір керемет күш бар-ау, тегі!... Жылқы адамзаттың осыдан елу миллион жыл бұрын қолға үйреткен ең соңғы жануарларының бірі болды. Жылқы бүгінде шаруашылыққа пайдаланумен бірге біздің дүние танымымыздың, тіл байлығымыз бен ұлттық ойын-тойымыздың, ән-күйіміз бен сән-салтанатымыздың, демек мәдениетіміздің құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Осы орайда дүлділ ақынымыз Тайыр Жароковтың:

*Тау жайлап, қыр қыстаған жылқышымын,
Білемін жастайымнан жылқы сырын.
Құлағым елеңдемей тұра алмайды,
Естісем азынаған жылқы шуын –*

деген өлең шумағына еріксіз қосылғандайсыз.

Біздің республикада соңғы кезде дене шынықтыру мен спортқа өте көп көңіл бөлініп отыр. Жастарды спорттың әр түріне тартуда ат спортының әсері де өте қомақты.

Негізінде ат спортының дамуына байланысты осы спортпен айналысатын жастарға арнайы кітап құралы қажет. Ол тек жаңа бастап жатқандарға ғана емес, тәжірибелі спортшыларға да, жаттықтырушыларға да өте керек.

Ұсынып отырған кітапта біз жылқы сүйегінің негізгі кәделі мүшелері мен дене бөліктерінен бастап, оны міну, жүру, қора

құрлысы, сондай-ақ ат спорты разрядшыларын дайындаудың жобасабағына дейін көрсеттік. Шамамыз келгенінше, спортшының дайындау ретін ғана айтып қоймай, оған жылқы малымен айналысқанда ең қажет қасиеттер – алға талпыныс, өзіне сенімділік, ұқыптылық, батылдық, қуаттылық, т.б. баулуға көбірек көңіл аудардық.

Жылқы малымен жаңа ғана айналыса бастаған жасқа қасиетті жануарды қастерлей білу керек екенін баса айтқымыз келеді.

Ғылым мен тәжірибенің ең соңғы жаңалықтарын есепке ала, оның ішінде осы кезге дейін басылым болып шыққан Ресей – А. Б. Фомин, В. В. Калашников, П. Б. Боярский, Н. А. Моисеенко, Германия – Э. Эзе, Америка – Т. Дж. Кун, Қазақстан – Д. Керімбаев, П. А. Федоров; М. Г. Моторико, И. И. Нечаев; П. А. Федотов, ғалымдарының, одан басқа «Жылқы шаруашылығы және спорты» журналында жарыланған ғылыми мақалаларды пайдалана отырып жазылды.

Кітап жылқымен айналасуды жаңа бастаған жастарға, тәжірибелі ат спортшыларына және жылқышылар мен жаттықтырушыларға пайдалы болады ғой деп ойлаймыз.

КІРІСПЕ

Халқымыздың ерекше қастерлеген және жанына жақын көрген қасиетті түлігінің бірі – жылқы. Халық ұғымында «қазақ, дала және жылқы» деген сөздер бір-біріне етене жақын, тамырлас та тағдырлас айтылады. Жалпы, көшпелі тұрмыс кешкен халықтардың көне заманнан бергі ең көп өсірген малы және төрт түліктің ішіндегі қастерлеп пір тұтатыны да – жылқы. Жылқы ең алдымен, өте ерте басталған жаугершілік талабына сай құнды көлік малы ретінде қолға үйретілген. Өйткені, сол замандарда жауды қуып жетуге немесе онан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған. Тарих деректері бойынша, адам баласы жылқыны біздің жыл санауымыздан дейін 3-4 мың жыл бұрын білген. Жылқының ең алғашқы үйретілген негізгі Отаны, яғни, мәдени орталығы, Орталық Азия және Қазақстан алқабы деп саналады. Қолға үйретілген жылқы малының арғы тегі жабайы жылқылар – тарпан мен керқұлан деп есептеледі. Бұл жабайы жылқылар ерте заманда Еуропаның Оңтүстігіндегі далалы аймақтарда, Орталық Азия мен Қазақстанның кең байтақ далаларында мың-мыңдап, үйір-үйірімен жайылып жүрген.

Басқа мал түлігінің ішінде жылқының алатын орны ертеден-ақ ерекше болатын, өндіргіш күштер мен техниканың мыңдаған жылдар бойы жетілуіне орай жылқының мән маңызы да өзгерді. Бірақ адамның жылқыға деген сүйіспеншілігі кеміген жоқ. Қайта жылқы шаруашылығы бұрынғыдан да жетілдіріле түсті. Жылқының пайдалы қасиеттері ұшан-теңіз. Ол мінсе – көлік, сүті – қасиетті диеталық сусын, еті – дәмді тағам. Осы қасиеттерін былай қойғанда, ертедегі диқандар оны жер өңдеуге пайдаланып, еңбек өнімділігін арттырған.

*Жанына еліміздің жылқы жаққан.
Жылқыға жетпеген көз жасауаң қаққан.
Мінсең ат, ішсең қымыз, жесең қазы;
Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан.
Атты артық көрген елміз мінген тақтан,
Қызық-ақ біздің бәйге қырда шатқан!
Шыдар ма қазақ жаны ұшып кетпей,
Аттарға шаң шығарып келе жатқан.*

Лияс Жансүгіров

1-тарау. ЖЫЛҚЫНЫ ШАРУАШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНУ

1.1. Қазақтың ұлттық құндылықтарының бірі...

Қазақ үшін ең құнды, ең қасиетті мал – жылқы. Ол: құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, сойтал, дөнен, құлық, бесті, бие, ат, сәуірік, айғыр деп жасына қарай ажыратылған. Жылқы – қазақтың кәделі, бағалы, орны бөлек қымбат қазынасы. Сый-сияпат, кәделі жерлерде халық ер-азаматтарға ат мінгізіп, шапан жапқан. Демек, ол құрметті белгісі ретінде ұсынылатын үлкен сый орнына жүреді. Бұрынғы атбегілер жылқы ішіндегі таңдаулыларын жорға деп, сипаттап, ерекше дәріптеп бағалаған. Айтыс, тойларда аттың бас бәйгесіне мол дүние, жиһаз тігілетін болған. Жалпы халық жылқыны жоғары бағалап және оны көп өсірген. Тіпті, оның жүрісіне дейін жіктеп: аяң, жорға, жортақ, бүлек, бөкен желіс, сар желіс, текірек, шоқыту, шабыс деп бірнеше түрге бөлінген. Басқа малға қарағанда, жылқының түсі де көп: торы, күрең, жирен, шабдар, ақбоз, боз, көк, қызыл, кара, шұбар, теңбіл, теңбіл көк, баран, бурыл, құлан, ала, сұр, кер, құла, құлагер, қарагер. Жылқының жаманын мәстек, тулақ дейді. Малдың қадірін біліп, қасиетін бағалаған қазақ халқы жылқы малының төлін «құлыным» деп еркелетіп, әлпештеуінің де терең мәні бар. Тіпті, ертедегі халықтың жыр, әңгіме, ертегілерінде де мал қасиетті түлік есебінде батыр, ер, сұлулармен қоса дәріптеліп айтылып жүреді. Мұның бәрі халықтық малсақтық, малжанды ерекшеліктері мен ұғымынан туған. Әр малдың өзіне түсінікті «тілдері» де бар. Жылқыны «құрау-құрай» деп шақырған. Өріске шығарғанда: жылқыны «құрай-құрай» деп айдайды. Сондай-ақ, әр малдың үні бар. Жылқы кісінейді. Ал жылқының негізгі ауруының аты – жамандату. Жылқы тобын – үйір деген. Жылқы байлаудың да

жеке аты бар. Ол – нокта, жылқыны матайды. Әр мезгілде малдың жүнін алудың да атау түрлері бар. Жылқыны күзейді деген. Жылқы төлін құлын деп атайды. Бие құлынын көтеру мерзімі – 10 ай. Алғаш төлдейтін малды – тұмса дейді. Жылқы малы туар кезде төлін қызғанып, басқа жерге қашып барып төлдейді. Мұны – бошлау деп атайды. Сөйтіп, жылқы – құлындайды. Кейде бие егіз тууы мүмкін. Кейбір жағдайда бие өліп қалуы мүмкін, сонда енесі өлген құлынды басқа енеге немесе құлыны өлген малды басқа құлынға телиді. Екі енені емген құлын – тел құлын деп аталады. Тумаған биені – қысыр, ал мүлде тумайтынын – бедеу деп атайды. Тіршілікке аса қажет жылқы малын көлік ретінде пайдаланады. Оны шанаға, арбаға жегеді, салт мінеді. Жаугершілік заманда ат, айғыр мінетін болған. Жаздыгүні жылқының жауы – бөгелек, осыдан жылқыны бөгелектейді деген.

Биені тізерлеп отырып сауады. Сауып жатқан кезде жүріп кеткен биені ісініп кетті дейді. Оны жүріп кетпес үшін артқы екі аяғын жіппен мойнына керіп байлап қояды. Мұны күделеу дейді. Халық тәжірибесі бойынша малдың өрісін, тынысын, жусауын бұзуға болмайды. Ондай адам айыпталады, сөз естиді, яғни заңды, тәртіпті бұзған деп есептеледі.

Қазақ ырымы бойынша өздері белгілеген малдың басын ешкімге бермейді. Мал төлдеп жатқан кезде мал бермейді. Түнде мал санамайды, малды басқа теппейді, басқа ұрмайды. Малдың құлағына, мүйізіне, жанбасына салатын әр үйдің өзіндік ен, таңбалары болады. Бұл таным белгісі. Біреуге мал атаса, оған ен салдыртады. Бұл – сенім белгісі.

Малды ауыл жаз – жайлауға, күз – күзекке, қыс – қыстауға көшеді және ол мал өсіру ыңғайына қарай бейімделіп жасалады. Қыста мұз ойып мал суарады, оны – ойық дейді. Жазда мал су ішетін жердегі – суат дейді. Қазақстанның кейбір жерінде малды терең шыңырау құдықтардан қауғамен су тартып, астауға құйып суарған. Үйренген мал өз жайлауын, суатын іздейді. Әр көктемдегі күйлеу, ұрықтануының өзінің атауы бар. Сондай-ақ мал шаруашылығының қыр-сырын жете меңгерген еңбекқор да епті халқымыз малдың сүйегін де, мүйізін де, жүнін де, терісін де баптап, тұрмысқа қолдана білген. Жылқы сүйегін өндеп, қобдиша, сандықтардың бетін өрнектеген. Күзегеннен алған жылқының жал, құйрығынан мықты арқан ескен. Мал терісін шаруашылықтың әр саласына қолдана білетін де осы қазақ халқы. Жылқы терісінен аса бағалы тон тігіп, оны құлын жақы, тай жақы, құнан жақы деп атаған.

1.2. Ежелгі көшпелі ата-бабаларымыздың жылқыға қатысты кәсіби-лексикалық сөз мағыналарын қолдануы

Мал шаруашылығы – ерте заманда адамдардың тіршілігінің тірегі, шаруашылықты жүргізетін қауымның ең негізгі қатынас құралы. Демек, қай тіл болмасын сөздік қоры сол елдің шаруашылығына біршама тәуелді еді. Қоғам дамып, халықтың дүниетанымы өзгеріп, кейбір сөздер қолданыстан шығып қалса, керісінше, өмірдің ағымына сай жаңа сөздер тауып, қалыптасып, мағынасы дамып, өзгеріп тұрады, яғни, тіл үнемі даму үстінде болатын құбылысы. Қоғам өміріндегі барлық өзгеріс, жаңалықтар этностың тілінде өз ізін, таңбасын қалдырады. Қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірінде жылқының маңызы өте зор болды. Көшпенді өмір салатын ұстанған ата-бабаларымыз үшін жылқы – қозғалыс көзі, өмір сүру, тіршілік ету формасы-тұғын. Сондықтан қазақ тілінде жылқыға байланысты туындап, қалыптасқан, сөздік қорымыздың ең құнарлы, ең байырғы қабаттарының бірі болып саналатын кәсіби сөздер біршама. Бұл атаулар ғасырлар бойы белсенді қолданыста болып, сұрыптауынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздерге жетті.

Қазақ халқы үшін, мінсе – көлік, ішсе – сусын, жесе – тамақ болған жылқының орны бөлек. Ат үстінде көз ілген жаугершілік заманда елдің ішкі, сыртқы саясатын реттеу, азаттығын сақтап қалу сияқты ірі мемлекеттік мәселелердің шешімін табуда атты әскерсіз мүмкін болмаған. Сыртқы жаудан қорғануда, ұрпағымызға аманат артылған жерімізді бөлшекке түсірмеуде жауынгер халыққа жауынан қашса – құтылып, қуса – жететін, төзімді, белді әрі жүрдек жылқы ауадай қажет.

Жылқы малына байланысты *кәсіби сөздерге*: ер тоқым, ат көрпе, ат дорба, ат жабу, ат ұлтан, ат арба, ат-тұрман т.с.с. сөздер жатады. Олар ішінде шағын топтарға:

- 1) кәсіп иелерінің атауларына;
- 2) ат-тұрман атауларына;
- 3) жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздерге бөлінеді.

Кәсіп иелерінің атаулары:

Атпаз, атпейіз, атқағар, атбапты, жылқышы, биеші, атшы, атбегі, атқосшы, шабандоз, бапкер, сайыпкер, сабадар, атұлтан, құрықшы, ат сыншысы, атсайыс.

Ат-тұрман атаулары:

Ер, тоқым, тебінді тоқым, ішпек, ішкілік, терлік, айыл, шап айыл, төс айыл, кер айыл, құр айыл, тартпа айыл, алдыңғы айыл, жүген, жырым, ауыздық, тізгін, қос тізгін, жақтау, желкелік, сағалдырық, кекілдік, кеңсірік, сулық, шаужай.

Жылқыны багуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер:

Қаңтару, тұсау, күзеу, жарату, баптау, мама ағаш, қамшы, құрық, шалма, тұсамыс, шідер, керме, желі, күнде.

Ертедегі қолданылған сөздер	Мағынасы	Қазіргі кездегі қолданыстағы сөздер	Зерттеген адамдар
Бапкер	Спорттық жарысқа дайындаушы – баптаушы (жүйрік атты, бүркітті баптаушы)	Тренер	Б.О.Орузбаев, Ж.Қосыбаев Б.Қалиұлы
Сабадар	Саба – саба қымыз сапыратын байлар «саба-ұстаушы, яғни аста, жиында, тойларда қымыз жағын басқарушы», жауапкер		
Атбегі	Ат сыншысы		
Сайыпкер	Атты бабына келтіруші, ат жабдықтаушы	Бөйге	
Атсайыс	Ат жарысы, бөйге	Бөйге	
Атпаз	Атты жақсы көретін адам		
Бөйге	Ат жарыс		
Бөйгі	Жүлде, сыйлық		
Ер тоқым, айыл тұрман	Баулар, тартпалар	Ер тоқым	
Тоқым	Белдіктер	Тоқым	
Ер	Төбінді тоқым, ішпек, ішкілік, терлік кіреді.	Ер	
Ер	Атқа салт міну үшін ағаштан, темірден, киізден жасалынған жабдық, ердің қаңқасы		
Жүген	Жылқының басына кигізілетін сайман, оған ауыздық ілінеді	Жүген	
Керме, желі, шалма, күнде, тұсамыс, шідер	құлынды, биені байлап қоюға, ауыл маңында байлап ұстауға арналған заттар	Желі, күнде, керме	
Мама бие	Көп құлындаған, өте сүтті бие		
Мама ағаш	Атбайлағыш қада (бағана)		
Қамшы	Қайыстан өрген, тобылғы сапты, көлік жүргізу үшін пайдаланатын құрал		

1.3. Өткен замандағы қазақ, орыс, қытай халықтарының жылқы саудасы

Қазақ ежелден көрші елдермен төрт түлік малмен, оның ішінде жылқымен сауда жасаған, әсіресе, көршілеріміз Ресей мен Қытай мемлекеттері қазақтың екі нәрсесіне: бірі – ұлан-байтақ жерімізге, екіншісі – есепсіз жылқымызға асық болды. Қытай ілкіден өзінің жүз мыңдаған әскерін дала жылқысы есебінен қамтамасыз етсе, Ресей XIX ғасырда қазақ жерін отаршылдыққа айналдырып, шекарада айырбас керуен-сарайларын ашып, жылқы саудасын қарқындатты.

1758 жылы Жоңғар мемлекеті талқандалған соң, қытайлар ғасырлар бойы армандаған қазақтың бағалы жылқысына қол жеткізді. Бұл, бір жағынан, Абылай бастаған Қазақ хандығына да тиімді болды, себебі халықтың қолында төрт түлік малдан басқа ешнәрсесі жоқ еді, қазіргідей қазба байлыққа, мұнай мен газға қол жетпеген еді. Сондықтан Абылай хан екі көршісінің қайнаған базарына жылқы үйірлерін айдай бастады. Қазақ-жоңғар соғысында басқа түліктерге қарағанда (түйе, сиыр, қой), жылқы үйірлерінің көпшілігі жау қолына түспей аман сақталды. Жоңғарды жеңген соғыстан кейін мал басы өсіп, бұрынғы қалпынан да асып, жаңа жайылымдар іздеу қажеттілігі туындады.

Қытайдың бұрынғы замандардан шекаралық аудандарда арнайы ат базарларын ашып, көшпелі халықтардың (моңғол, ойрат, т.б) жылқыларын үйір-үйірімен сатып алу тәжірбиесі бар еді. Қазақтар бағзы заманнан Қытайдың жіберген, фарфор ыдыс-аяқтарын алатын. Қытай ол кезде сауда саясатына ерекше көңіл бөлді, қазақтарды қала базарларынан үркітіп алмау жағын қарастырды. Қытайға елшілікті бастап барған Абылай мен Әбілпейіз хандар өздерімен бірге апарған жылқы табындарын Құлжа мен Тарбағатайда өткізген.

1757 жылы Абылай хан өзі бірінші болып 200 жылқысын киім-кешекке, күміс құймаларына айырбастайды. Абылай алдымен Қытай өкіметін Үліңгірге сауда жасауға шақырды. Қытай жағы алыс, сауда керуендеріміз баруы қиын деп бас тартады. 1758 жылы екі жақ тағы да Абылайдың ұсынысымен Үрімшіде сауда жасауға келіседі. Абылай хан 1759 жылы айырбас базарларын қазақ шекарасына жақындату мақсатымен Сайрам көл жағасында Іле генерал-губернаторымен кездесіп, шарт жасады. Кездесу шарты бойынша Тарбағатай (Шәуешек) мен Іледе (Құлады) айырбас базарлары ашылады. Бұған дейін қазақтар Қытаймен сауда жасау үшін малдарын айдап, Ілені, Тарбағатайды басып өтіп, Үрімшіге баратын. «Жол

азабы – көр азабы» дегендей мал да, мал иелері де, саудагерлер де қажитын. 1759 жылы Цин патшалығының қазақтардан айырбастап алған жылқысының саны 10 мыңнан асқан. 1760 жылдардан бастап жаңа базарлардың ашылуына орай екі ел арасындағы сауда бұрынғыдан 3-4 есе өскен. Құлжа мен Шәуешекте әр жылқының бағасы 3-4 лян (1 лян – 37,3 гр) тұрса, Қашғарда 7-8 лян тұрды. 1762 жылы қытайлар бұл жерлерден сатып алған жылқыларды Қашарға апарып, нәтижесінде 6700 лян күміс үнемдеген.

Сондықтан мұны түсінген Абылай ханның саудагерлері Қашарға барып, сауда жасауды күшейтті. Енді қазақ саудагерлері матаны арзан беретін ұйғыр саудагерлерімен тікелей сауда жасаса бастады. Айналымы төмендегеннен кейін 1765 жылы Үрімшідегі базар жабылды. Сол кездерде қазақ саудагерлері төрт түлік малдың айырбасына қанағат тұтпай, Ресейдің мата бұйымдарын, Әндіжан кілемдері секілді тауарларды сата бастады. Бұл қазақ ішінде саудагерлік-көпестік топтың іріктеле түскенін көрсетеді. Қазақ саудагерлері жібек, торқа, кездеме маталарына талғаммен қараған.

1759 жылы Цин патшалығы 1 жылда 10 мың жылқы сатып алғанын ескеріп (ол жылдары тек Үрімші базары ғана жұмыс істеп тұрған), кейінгі шекараға жақын Құлжа, Шәуешек, Тарбағатай базарларында әрбіреуінде шамамен 10 мың бастан деп есептесек, жылына 30-40 мың бас жылқы өтіп тұрған. Мұншама бас малды шығарып тұрған Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының алдымен, жылқы шаруашылығының, жалпы мал шаруашылығының қарқынды дамығанын көрсетеді. Абылай тек әскери қайраткер, шешен ғана емес, халықаралық сауданы тиімді пайдалана білетін қырымен де көрінеді. Цин ордасының XVIII ғасырдың аяғында қазақтардың Қашармен тікелей сауда жасау туралы арнайы заң қабылдауын, Абылайдың қайтыс болып тарих сахнасынан кетуімен де байланыстыруға болады.

Орыс халқы ежелгі Русьтен бастап Ресей империясына дейін ұзақ уақыттың арасында қазақ хандығымен жылқы саудасын жүргізуге мүдделі болды. Иван Грозный патша 1574 жылы ағайынды көпестер Строгоновтарға берген грамотасында, жылқы беріп тұрған Қазақ Ордасымен кеден салығынсыз сауда жүргізуді тапсырады. Өздерінің үйір-үйір жылқы шаруашылығы болмаған соң, орыс мемлекеті армиясын атпен, шаруашылығын күш-көлікпен қамтамасыз ете алмай үнемі көршілеріне, оның ішінде 1 кезекте ондаған миллион жылқысы бар Қазақ хандығынан жылқы сатып алып отырды. Жылқының зәрулігі сонша, I Петр армиясының түріктерге қарсы

Азов жорықтарында мықты жүк тартатын аттардың жоқтығынан зеңбіректерін оқ дәрілерін солдаттардың өздері тасығанын тарихшы Соловьев жазған. XVIII ғасырдың 30 жылдарында қазақ жеріне келген сыртқы істер департаментінің қызметкері И. Кирилловқа негізгі жұмысынан басқа кезкелген ыңғайлы жағдайларды пайдалана отырып, атты әскер үшін қазақ жылқыларын сатып алу тапсырылады.

Қазақ жылқысының үйір-үйірімен көптеп сатылуы 1745 жылы Орынборда, 1750 жылы Троицкіде айырбас сарайлары жұмыс істегеннен бастап өрістеді. Алғашында малдың көптігінен, өздерінің саудаға икемсіздігінен, делдалдар мен алыпсатарлардың құйтұрқы қылықтарынан қазақтар көп ұтылды. «Қазақ қайдан оңсын, бір сіріңке бір тоқты тұрған соң Орынбордың менуо дворында», – деген сөздер сол шамада шыққан сияқты.

Жылқы саудасы негізінен, жазғы салым басталатын, себебі ел жайлауға солтүстікке шығатын, қалаларға мейілінше жақындатып келіп қонатын. Жақсы деген жылқылар 26-35 сом, сирек кездесетін жорғалар 60-80 сом тұрған. Қазақтар жылма-жыл жылқыларының 5-8%-ын сатып отырған. М. Бабажановтың мәліметі бойынша, Бөкей Ордасындағы 320 мың жылқының 15-20 мыңы жылма-жыл саудаға түскен, әр жылқының бағасы 25-100 сомға, жорғалар мен жүйріктердің құны 200-400 сомға жеткен. Әр жылқыны 33 сомнан есептегенде деп көрсетеді М. Бабажанов Бөкей ордасы жылына 500 мың сомдай пайда табады. Жылқы бағасы жылқының түріне байланысты үнемі өзгеріп отырған. 1880 жылдың басында жылқының нарқы алдындағы 10 жылдықпен салыстырғанда ең жоғарғы бағаға жеткен.

Шекті тайпасы жылқысының орта бағасы 75 сомнан, ал өте жақсылары 90-100 сомнан кемімеген. Адай жылқысы, көбінесе, атты әскердің қажетіне сатып алынған бағасы шекті жылқысынан 10 сомдай кем тұрған. Шекті жылқысымен парапар Жағалбайлы мен Байлы жылқылары да атты әскер сатып үшін алынған, бұлардың ең нашары 40 сомды құраған. Табын тайпасының жылқысы 50-60, Тама тайпасының жылқысы 40-50 сом болған ең төмені 20 сомнан төмен түспеген.

XIX ғасырдың 90-жылдары әр жыл сайын Торғай облысынан 40 мың жылқы, 100 мың дана тері, 30 мың пұт жылқы қылы сатуға апарылып тұрған. А. И. Левшин XIX ғасырда қазақтар сатуға жылына 100 мың жылқы шығарып отырған деп пайымдайды. Автор бұл жерде Орта жүз бен Ұлы жүздің Қытай базарына шығарған жылына шамамен 40-50 мың жылқысын есепке алды ма, ол жағы белгісіз.

Басқа малдарды есептемегенде, жылына 100 мың жылқыны сыртқы саудаға шығарып отырды деп есептесек, XVIII ғасырдың ортасынан бастап, Қазан төңкерісіне дейін 150 жылда қазақ жерінен 15 млн жылқы әкетілген.

Қытай мен қазақ арасындағы 1757-1851 жылдар арасындағы сауда екі жаққа тиімді, әділ сауда, яғни сауда өз заңдылықтарымен дамыды деуге болады. XIX ғасырдың ортасында Қытайдың өзі отар елге айналып, әсіресе, Ресейдің күшейіп, Іле, Тарбағатай, Қашғарға кимелеп кіруі сауда заңдылықтарын бұзды.

Қазақтар үшін екі мемлекетпен ұдайы жылқы саудасын жасау өте тиімді болды. Үнемі ақша айналымы жылқы басының өсуіне, халықтың әл-ауқатының жоғарылауына тікелей әсер етті, екіншіден үнемі ірі, әдемі, жылқыларды жүйелі түрде сатып отыру, жылқы түлігінің сапасын түсірді. Осы кезеңдерде көптеген асыл тұқымды жылқылардың тегі жоғалды.

1.4. Жылқы шаруашылығының халық шаруашылығындағы мән-маңызы

Қазақстанда жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының ішіндегі дәстүрлі және көп сырлы салалардың бірі. Жылқының еті, қымызы, қазы-қартасы, жал-жаясы, халықтың сүйікті тағамы. Бұл саладан өндірілетін бағалы тағамдармен қатар, жылқы терісі жеңіл өнеркәсіптік былғары бұйымдарына, вакцина және қан сарысуын (сыворотка) жасауға кеңінен пайдаланылды. Халықаралық көрмелерде де жылқыға деген талап артып отыр.

Ал енді көрші мемлекетіміз Ресейді алсақ, шаруашылығының 3/5 бөлігінің атсыз, немесе жалғыз атты, оның үстінде сол аттардың өзінің өте сапасыз болғаны белгілі. Ресейдегі шаруалардың аттары көбі жатаған, шоқтығының биіктігі 140 см дейін, өнімділігі төмен, әлсіз болды. Әйтсе де, олар жергілікті катал табиғи жағдайға төзімді еді. XVII ғасырда пайда болған патшалық және помещиктік жылқы зауыттары, содан соң XVIII ғасырдың басында алғашқы мемлекеттік жылқы зауыттары жылқы сапасын жақсарту мәселесімен айналыса бастады. Бірақ бұл жұмыс осы елдің бүкіл жылқысының небары 10 пайызын ғана қамтыған болатын. XVIII ғасырдың ортасында тек Ресей ғана емес, бүкіл Батыс Еуропаға белгілі болған атты әскерді атпен қамтамасыз ету мақсатымен Ресейде әрқайсысында 400 биеден бар 10 әскери жылқы зауыты құрылды. Солардың ішінде негізі 1740 жылы қаланған кезде ең таңдаулылардың қатарына саналған

Чернигов губерниясындағы Ямьполский әскери жылқы зауыты еді. Оның жылқысының бәрі Батыс Еуропалық тұқымға жататын. XVIII ғасырдың екінші жартысында жеке кісілердің жылқы зауыттары мүлде көбейіп кетті. Солардың ішінде ең тәуірі де, ірісі 1775 жылы А.Г.Орлов-Чесменский құрған Хреновский зауыты тұғын.

1917 жылдың 1 қаңтарында Ресейде небары 7 мемлекеттік, 9265 жеке кісілердің жылқы жұмыс істеді. Сол зауыттар бүкіл жылқысының ішінде желігіш, салт мінетін және жегетін тұқымдарға жақын азғантай ғана асыл тұқымды жылқылар болды.

Қазан революциясынан кейін КСРО-да халық шаруашылығын қалпына келтіру ісі қауырт қолға алынды. 1918 жылдың 19 маусымында бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» декретіне сүйене отырып, тұқымдық құндылығы бар деген бүкіл жылқы мемлекеттік шаруашылықтарға топтастырылды. 1929 жылдың өзінде-ақ КСРО-да жылқы саны – 34,6 млн-ға жетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында енді ғана өркендеп келе жатқан жылқы шаруашылығы қайтадан зиян шекті. Осы уақыттың ішінде 7 млн жылқы мерт болды, көп жылқыны фашист басқыншылары айдап кетті. Сондықтан да сол кезеңнің ауырлығына қарамастан партия мен үкімет жылқы шаруашылығының жетілдіру жөнінде қаулы қабылдады. Сөйтіп елімізде жылқы санын қалпына келтіруге үлкен бетбұрыс жасалынды. 1946 жылдың басында КСРО-да жылқы саны 10,7 млн-ға, ал 1953 жылы бұл көрсеткіш 15,3 млн-ға жетті. Сол жылдары көптеген шаруашылықтарда ат шаптырым жерге трактор не автомашиналар пайдаланады. Ал бұл экономикалық тұрғыда өте тиімсіз еді. 1953-1981 жылдары жылқы саны күрт азайып кетті, әйтсе де олардың сапасын жақсарту жұмыстары толастаған жоқ. Мәселен бұл жұмыс мемлекеттік 12 жылқы зауытында жүргізілді.

Ал қазіргі деректер бойынша, 2004-2005 жылдар арлығында Қазақстанда ауыл шаруашылығында терең мән берілген кезеңдердің бірі болып табылады. Осы жылдары ауылшаруашылық жылқыларының саны 53 мың басқа жеткен. Мал тұқымдарын асылдандыру жұмыстар жоспарланып, өз нәтижесін берген. Ғылыми қызметкерлермен бірлесе отырып, көптеген шаруашылықтар 5 жыл мерзімінде мал тұқымдарын асылдандыру жұмысының жоспарын жасап үлгерген. Соның ішінде жылқының «жабы» тұқымын өсіріп, көбейтуге бейімделген. Бұл мақсатқа мемлекет тарапынан 2002-2003 жылғы бюджеттен 617 млн тг бөлінген. Қазіргі кезде Қазақстан бойынша орта есеппен жылқы саны – 1,0 млн-ға жуық.

2-тарау. ЖЫЛҚЫНЫҢ ШЫҒУЫ ТЕГІ ЖӘНЕ ҚОЛДА ӨСІРІЛУІ

Жылқы – сүтқоректілер класы тақтұяқтылар отрядының өкілі. Жылқы тұқымдасына Африкада кездесетін жолат (зебра), домбай, құлан, керқұлан (онагра), тарпан, тұзат жатады. Қолға үйретілген жылқының арғы тегі жабайы жылқылар – тарпан мен тұзат. Жабайы жылқылар тарихи дәуірде Еуразияның далалы, шөлейтті аймақтарында да үйір-үйірімен тіршілік еткен. Олар ретсіз аулаудың нәтижесінде жойылған. Ерте кездерде тарпан мен тұзат қазақ даласында көптеп кездескен. Тарпан XIX ғасырдың бас кезінде жойылған.

Жылқының алғаш қолға үйретілген жері Қазақстан даласы деп саналады. Оны бұдан 5-6 мың жыл бұрын қолға үйретілгенін археологиялық зертеулер дәлелдеп отыр. Көкшетау өңіріндегі Ботай елді мекенінен қолға үйретілген жылқының қаңқа қалдықтары өте көп табылды. Қазіргі археологиялық жаңалық дүние жүзіне белгілі. Қазақ халқының ерекше қастерлеген және жанына жақын санаған қасиетті түлігінің бірі – жылқы. Ерте замандарда ең көп өсірген, төрт түліктің ішіндегі пір тұтатыны да – жылқы. Жылқының пірі – Қамбар ата. Жылқы көш көлігі және елді, жерді қорғау мақсатында қолға үйретілген. Жылқыға қатысты теңеу сөздер, даналық нақылдар, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер өте көп. «Ат – ер қанаты», «Жылқы малдың – патшасы», басқа да даналық нақылдарда жылқының қадір-қасиеті айтылған. Адамгершілігі мол сабырлы да салмақты адамды «жылқы мінезді» деп дәріптеуде үлкен мәні бар. Халық сүйікті перзентін «құлыным», «құлыншағым» деп еркелетуі, жылқыны өте жоғары бағалағанын көрсетеді. Ертеде көшпелі тайпалар жылқыға табынған. Беделді адамдар өлген кезде жылқыны қоса жерлеу дәстүрі ежелгі сақ тайпаларында сақталған. Бұған Шығыс Қазақстан, Алматы, Атырау өңірлерінен табылған адамдар мен қоса жерленген жылқы сүйектерінің қалдықтары дәлел.

Қазіргі елтаңбамызда жылқы бейнесінің болуы, сол сабақтастықты аңғартады. Жылқыны жеті қазынаның бірі деп есептейді. Жыл санауда жылқының 7 жыл болып енуінде үлкен мән бар.

Жылқының қадір-қасиетіне байланысты «арғымақтар» және «жабылар» (қазақы жылқылар) деп екі топқа бөледі. Соның ішінде – қазақы жылқы, оның негізі – «жабы». Ол Қазақстанда ерте кездерден бастап, өсіріп келе жатқан қол тұқымының бірі. Бұл қол тұқым көлік малы ретінде және еті, сүті үшін де өсіріледі. Дене бітімі шымыр, қатаң ауа райына төзімді. Жыл бойы жайылымда, жем-шөп

талғамайды, тез қонданады, салт мінуге ыңғайлы. Жабы жылқылары Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақмола аймақтарында өсіріледі.

Қазақстанның кең байтақ жерінде жылқының жоғары өнімді 17 түрі өсіріледі. Олардың ішінде республикамыздың өзінде шығарылған салт мінілетін-жегілетін жылқылардың бірі – Қазақстанның батыс аймақтарында ертеден өсіріліп келе жатқан қолтұқымы – адай жылқысы. Жергілікті халық оны «дала көркі» деп ерекше дәріптейді. Оны салт мініс көлігі ретінде пайдаланады. Адай жылқысы өлкеміздің батыс өңірінің табиғат жағдайларына бейімделген. Ол – ұзақ уақыт ішінде халықтық сұрыптау тәсілімен шығарылған жергілікті жылқының қолтұқымы.

Көшім жылқысы да халықтық сұрыптау нәтижесінде Батыс Қазақстан аймағында шығарылған. Жергілікті биелерді басқа асыл тұқымды айғырлармен жұптастыру арқылы алынған қолтұқым. Кеудесі кең, қабырғалары шеңберлі, арқасы тегіс әрі жазық, сауыры сом етті, аяқтары сүйекті келеді. Жайылымда жақсы семіреді, қара жұмысқа шыдамды және ұзақ жүріске де дес бермейді.

Қостанай жылқысы. Қостанай және Ресейдің Челябині аймақтарында өсіріледі. 1951 жылы өз алдында жеке қолтұқым ретінде бекітілді. Жергілікті жылқылардың айғырларымен жұптастыру арқылы шығарылды. Денесі орташа, мойны тұзу, басы онша үлкен емес, алқымы кең. Арқасы жалпақ, аяқтары сіңірлі, тұяқтары дөңгелек. Бұл қолтұқым тебінге төзімсіз. Қыста қорада ұсталады, жазда жайылымға шығарылады. Қара жұмысқа көнбіс әрі төзімді, салт мінуге де, арбаға жегуге де ыңғайлы және жүрдек.

Жылқылардың жабайы туыстарына зебра, есек, құлан, Пржевальский жылқысы және тарпан жатады.

Зебралар. Африканың орманды-далалық аймақтарында мекендейді. Олардың денесі тарғыл түспен сипатталады. Табынды үйірмен өмір сүреді. Өте шапшаң және үріккіш сақ жануар. Қолға үйретуге және жерсіндіруге нашар көндігеді. Зебраны жылқымен шағылыстырғанда келешекте тұқым бермейтін зебройд буданы туады. Зебраның басы үлкен, құлақтары ұзын, кекілі жоқ, жалдары қысқа тік тұрады, құйрықтары қысқа және үш жағы топ жүнді, аяқтары өте мықты, тұяқтары кішірек болды. Зебралардың төл көтеру уақыты 336-335 күнге созылады. Зебралар төрт түрге бөлінеді.

Зебра квагга. Оңтүстік Африканың оңтүстік батыс бөлігінде өмір сүрген, табиғатта 1870 жылға дейін кездескен, ал зоопарктағы

ақырғы квагалар: Лондонда – 1872 жылға, Берлинде – 1875 жылға, Амстердамда – 1883 жылға, дейін болғандығы белгілі.

Тау зебрасы. Анголада, Намибияда ОАР-ның оңтүстік батысы және оңтүстік бөлігінде кездеседі.

Бурчелло зебрасы. Сомалиде, Эфиопияда, Суданда, Кенияда, Угандада, Руандада, Бурундиде, Танзанияда, Заирдың Оңтүстік – шығысында, Малавияда, Замбияда, Мозамбикте, Родезияда, Анголада, Ботсванеда, Намибияда, ОАР-да кеңінен тарған.

Зебра Греви. Сомалиде, Эфиопияның шығысында, Кенияда, Угандада, Руандада, Бурундиде, Танзанияда, Заирдың Оңтүстік – шығысында, Малавияда, Замбияда, Мозамбикте, Родезияда, Анголада, Ботсванада, Намибияда, ОАР-да кеңінен тараған. Зебра Греви Сомалиде, Эфиопияның шығысында, Кенияның солтүстік бөлігінде сақталған. Жабайы есектердің ішінде екі түрлері белгілі: абиссин-нубийлік және сомалийлық. Біріншісі – кіші денелі (шоқтығының биіктігі 122 см) түсі ақшыл, иығында қара жолағымен сипатталады, екіншісі – үлкендеу (шоқтығының биіктігі 142 см) түсі күңгірт тартқан, аяқтарында қара жолақтары кездеседі. Жабайы есектердің барлығы басы үлкен, құлақтары ұзын, жалдары қысқа, бөкесі түсіңкі, құйрығы қысқа, тұяқтары кішілеу келеді. Есектер аса бір күтімді қажет етпейді, өте төзімді жануар. Көлік ретінде пайдалануға, әсіресе, таулы аудандарда өте құнды мал. Үй жануарымен шағылысады, егер есек аталығы биені қашырған болса, одан туған буданды қашыр (мул) деп атайды, олар өте мықты келеді. Есектің ұрғашысын айғырмен шағылыстырса, одан туған буданды атқашар (лошак) деп атайды. Бірақ екі тәсілмен де алынған будандар келешекте ұрпақ бермейді.

Құлан. Кейде құландарды жартылай есектер деп те атайды. Олар Азияның шөлейт далаларын мекендейді. Құландар өте жүрдек келеді, түстері қошқыл сары. Құлақтары кішірек. Жартылай есектердің бірнеше түрлері бар: кәдімгі құлан (жегітай) Орта Азияның шөлейт аймақтарында таралған, шоқтығына дейін биіктігі – 127 см; онагр Солтүстік Арабияның шөлейт аймақтырында Сирия, Ирак, Иран, Ауғанстан және Түркіменстан жерлерінде кездеседі; ең ірілері кианг (шоқтығына дейін биіктік – 142 см) Тибет тау қыратында мекендейді. Түркіменстанның оңтүстігінде (Бадхызда), Қазақстанда (Барсакелмес және Басши) құландар мен оңғырларда арналған мемлекеттік қорықтар ұйымдастырылған.

Пржевальск жылқысы. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша жылқының шыққан тегі Пржевальск жылқысы деп саналады.

Ол қазіргі уақыттарды Моңғолияның ішкі құмдарында кездеседі. Ең алғаш рет оларды орыс ғалымы, саяхатшысы Н. Н. Пржевальский Азияда (Гоби шөлінде) 1879 жылы кездестірген. Сондықтан бұл жануарға осы ғалымның аты берілген. Пржевальск жылқысының бойы аласа, жатаған (шоқтығына дейінгі биіктігі 124-134 см). Тұрқы қысқа, басы үлкен, кекілсіз, тік жалды, шұнақ құлақ, мойны жуан әрі қысқа, аяқтары жіңішке, тұяқтары жалпақ, түстері негізінен құлашабдар, шоқтығынан құйымшағының бітісіне дейін қара жолағы бар. Бұл жануарды үй жылқысымен шағылыстырса өсімтал будан алынады.

Тарпан. Қазіргі жылқылардың екінші жабайы тегіне өткен ғасырда жойылып кеткен тарпандарды жатқызады. Ол кезде Еуропаның далалық және ормандық аймақтарының Солтүстік ендіктерінде XIX ғасырға дейін, Батыс Сібірде, Қазақстанда, Орта Азияда тараған болатын. Бірақ оның жабайы жылқы тұқымы, әлі де тағыланып кеткен жылқы екендігі жөнінде дәл пікір жоқ.

Ормандық тарпан. Орталық Еуропаны, Белоруссияны, Литваны, Польшаны мекендеген. Алғашқы рет тарпан туралы XVIII ғасырда С.Г. Гмелин мен академик П.С. Паллас жазған. Тарпанның шоқтығына дейінгі биіктігі 130-135 см болған. Олардың түсі сұр, дене бітімі мығым, басының маңдай жағы кең, қысқа тік жалды, аяқтары жіңішке, тарғыл түкті. Тарпандар қолға үйретілмейді және олардан төл алынбайды.

2.1. Жылқы түсіне байланысты қазақ ырымдары

Жылқының түсін жүнінің түріне қарап анықтайды. Жылқының басының мойнының, денесі мен аяқтарының жүнін – түк қабығы деп, ал кекілі мен құйрығының жүнін – қорғаныс жүні деп атайды. Жылқының жүн қабаты оның қара, қызғылт немесе теңбіл болып келетін терісінің түріне де байланысты өзгереді – ақ жүн мен ақ тұяқ қызғылт теріден пайда болса, қара терінің құндыздығынан боз түстес аттың өзінде қара тұяқ жаратылады. Тері түсі жылқының жалпы конституциясына да әсер етеді. Мысалы, Гэйстің байқауынша, терісі қара жылқыдан гөрі, терісі қызғылт ақ түсті жылқылардың конституциясы борпылдақ бос болса, соғанда ақ жүннен гөрі қоңыр түстес жүн мықты екені байқалады. Қоңыр түсті жылқының конституциясы мен денсаулығы мықты келетін, жұмысқа төзімді екендігін П. Кулешов пен С. Урусов та айтады.

Жылқы түсінің денсаулығына әсер ететінін меланица ауруына тек боз, көк түстес жылқы шалдығатынын дәлелдейді. Бұл ауру көбінесе,

осы түстес Орлов пен Першерон тұқымдарында кездесіп, тұқым қуалайтындықтан, оған жол бермеу үшін шаруашылықта қоңыр түстес жылқыны өсіруге алып қалады. Араб атбектерінің «Ешқашан жирен ат сатып алма, қара түстісін – сат, боз түстіге – қамқорлық жаса, ал өзің – торы түстіге мін» деп айтатыны сондықтан. Бірақ бүгінгі күнге жылқының түсінің оның жүйріктігіне тікелей ықпал етпейтіні белгілі болып отыр.

Жылқының экстерьерлік және интерьерлік қасиеттерінің осылайша байланыстылығын, олардың Г. Мендельдің тұқым қуалауындағы тұрақты заңдылықтарға тәуелдігін шаруашылықтағы жылқы басының пайдалы қасиет-белгілерін арттыру ісінде кеңінен қолдануға болады. Соның нәтижесінде Германияда шұбар түстес апалуза, ақ жал шабдар түстес гафлинг жылқы тұқымдары шығарылған. Жылқы түсіне тәуелді тұқым қуалау белгілері тұқымдық қасиеттерінің, яғни генотипінің, тазалығына байланысты беріледі. Мысалы, поломинго тұқымының ұнамды, яғни өсіруге қалдыруға қажет типінің түсі ақ жал сары, яғни денесінің түсі жылтыр сары да, жал-құйрығы ақшыл болып келеді. Осы түсті жылқыны өзара шағылыстырғанда ұрпағының тек жартысы, яғни 50% ақ-жал сары болады да, қалған жартысының 25% -ы ақшыл түсті /альбиностар/, -ашық торы болып туылады.

Жүннің басты қызметі – жылқы денесінің жылуын ұстап тұру болғандықтан, оның ұзындығы қоршаған орта температурасы мен қоректену жағдайына байланысты өзгеріп отырады – қыстың суық айларында ұзарса, жаздың жылы айларында қысқарады, құнарсыз азықтандырылған қоңы нашар құлын жүні үрпийіп, ұзарса, құнарлы азықтандырылған қоңды құлын жүні тықырланып, құлпырады. Жыл маусымы мен қоңына қарай жылқы терісінің түк қабаты біртіндеп алмасып, түлейді.

Г. Неуман мен А. Красниковтың жіктелімі бойынша жылқы түсі үш үлкен және алты кіші топқа бөлінеді.

Жүн қабатының құрамы	Жүн қабатының түсі	Жылқы түсінің аталуы
1. Негізгі	1. Бір түсті	Ақ, сары, жирен, қара
2. Аралас	2. Екі түсті	құла, ақжал, күрең, торы,
3. Құрамалы	3. Зоналы	қаракер
	4. Жүн қабаттары ақ және түрлі түсті	Жирен, шабдар, сұр, кер шабдарлы
	5. Екі түрлі	Көк, бурыл Ала

Спорттық жарыстарға бейімделген жылқы түрлері

Дүние жүзінде осы уақытқа дейін жылқының 250 түрі бар. Жылқының түрі дегенде бұл сөз тек үйде ұстап мінетін жылқыға ғана пайдаланады, өйткені осы түрлер адамның іс-әрекетінің арқасында ғана пайда болды. Жабайы малдар бірнеше түрге бөлінеді. Мамандар жылқы түрлерін жергілікті, ауыспалы және зауытты деп бөледі.

2.2. Жергілікті жылқының тұқымдары

Тebiндiк-далалық жылқы. Көптеген ғасырлар бұрын Азия мен Еуропаның кең байтақ даласында біраз ел үйірлі жылқы шаруашылығымен шұғылданған. Грек тарихшысы Геродот біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда скиф халқының тебіндік-далалық жылқы өсіргенін жазған.

Жергілікті далалық жылқы күй талғамайды, құбылмалы ауа райына төзімді, денсаулығы мықты, мол өнімді, күшті келеді. Сондай-ақ қатал ауа райы жағдайының өзінде өсіп жетіле береді.

Табиғи жайылымдық жағдайларға байланысты сатылап өседі. Мәселен, олар көктем мен күзде жақсы қонданады. Қыста, яғни жемшөп мөлшері азайған кезде құлындардың өсуі мүлде тоқтап, көкке аузы тиісімен ағзасы ол үзілісті қайтадан қалпына келтіре алады.

Бұл тұқым тобына жататын жылқылар аласа, сирағы қысқа, кеудесі кең және терең келеді. Басы тым үлкен, көбінесе, қаз тұмсық, сағалдырығы кең, көздері кішілеу, құлақтары кішкене, мойны қысқа, жуандау, шоқтығы төмен, көкірегі кең және ұзын, арқасы дөнестеу, сауыры түсіңкі, аяқтары сүйекті, терісі қалың, жал құйрығы қою және ұзын болады.

Моңғол жылқысы. Көшпелі шаруашылық табиғатының қатаң жағдайында тіршілік етуге бейімделген тұқым. Жылқылар ашық, аспан астында тебіндеп жайылымда өсіріледі. Олардың суарылуы да суаттардың алыстығынан бірқалыпты болмаған. Қыстың қақаған аяздары, бораны мен жиелі, қайталанатын жұты мыңдаған жылқыларды. Барлық әлсіздері мен тіршілікке бейімсіздері табиғи сұрыпталып отырған. Тек төзімділері ғана қалған. Бұл тұқымдар таза күйінде қазіргі кезде тек Моңғолияда өсіріледі. Моңғол жылқысы дала тұқымдарының ішіндегі ең уағы.

Басы үлкен, кең маңдайлы, көздері жартылай жабық, мойындары төмен, арқасы мен белі түзу тұяқтары мықты, жал құйрығы мен кекілі қою. Түр-түстері әр түрлі, көбіне, ашық немесе қылан.



Моңғол жылқысы

Негізінен көк, сары, жирен, торы, қара, ала және шұбар болып келеді. Моңғол жылқысы өте төзімді салт міністе олар күніне 100-120 км жол жүреді. Оларды мал бағуға, салт мінуге, ұлттық ат ойындарына, жарыстарға, әсіресе, ет-сүт өнімдерін өндіру үшін кеңінен пайдаланылады.

Бурят жылқысы. Бурят жылқысы моңғол жылқыларының әсерінен шыққан. Қатаң табиғаттың тебінді жағдайына жақсы бейімделген. Жазда мардымсыз жайылымдарда жайылады, ал қыс мезгілінде қорада қосымша шөппен азықтандырылады. Күтім талғамайды, қыстың қатаң суығына төзімді, тез қондануға қабілетті, конституциясы мықты.

Бурят жылқысы Сібір жылқылары ішіндегі ең сапалы. Түр-түсі сары, торы, көк, жирен, көбіне тарғыл. Ет шығымы 40-50 % ға жетеді, биелерінің сүттілігі тәулігіне 10-11 л. Дон және желісті тұқымдарының айғырларынан алынған будандары жергілікті жағдайға бейімделу қасиеттерін жоғалтпаған, бойларының биіктігі мен (будандарының шоқтығының биіктігі 141-142 см) ерекшелінеді. Бурят жылқыларын салт мінуге, жегу жұмыстарына және ет-сүт өнімдерін өндіру үшін пайдаланады.

Қазақы жылқының осылайша көп жерге таралу себебі – олардың денесінің ерекше шымырлығы, ауа райының қандай қатал жағдайына болса да төзімділігі, жемшөп талғамайтындығы және жыл бойы жайылымда бағылса да қондылығын сақтайтындығы. Қазақы жылқының мұндай қасиеттері – оның қанына сіңген басты ерекшелігі. Қазақы жылқының басы үлкен, сағағы кең, көзі кішілеу,

Тебіндік-далалық жылқылар денесінің орташа өлшемдері

Тұқымдар	Өлшемдері, см				
	Шоқты-ғының биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орымы	Тірідей салмағы, кг
Моңғол	127	134	164	16,8	250-300
Бурят	132	138	165	17,2	300-350
Забайкал	135	139	63	18,3	320-370
Хакас	143	151	170	19,0	350-450
Қазақ	141	149	178	18,7	380-450
Башқұрт	142	147	178	18,4	370-420
Мұғалжар	145	150	178	19,1	430-470

дегенмен жіті көреді, мойны жуандау, тұрқы орташа, шоқтығы онша биік емес, көкірегі кең, қабырғалары ұзын келеді. Оның арқасы берік, шабы тар, аяқтары сіңірлі, жуан, сүйекті болады, сіңірлері мықты, білеуленіп тұрады. Тұяқтары кішілеу, бірақ қатты.

Қазақы жылқының түсі әртүрлі келеді. Әсіресе, торы, жирен, кара, көк, құла, бурыл түстілері көп кездеседі. Жүні қалың, суыққа төзімді. Қазақы жылқы биелері онша күтім жасалмағанның өзінде сүтті келеді. Шұрайлы жайылымда бағылған әр сауын биеден құлындағаннан кейінгі алғашқы айларда орта есеппен тәулігіне 12-15 л сүт шығады. Қазақы жылқы тұқымының ішінде республиканың кейбір аудандарының табиғи шаруашылық жағдайының ерекшеліктеріне орай басқа жылқы тұқымдарымен будандастыру арқылы шығарылған жергілікті будандары бар.

Қазақы жылқының негізгі тұқымы – *жәбе* типі. Ол – етті әрі мықты, төзімді жылқы. Жәбе жылқысы ұшқыр, жүйрік болмағанымен алыс жолға жүруге шыдамды.

Қазақтың жәбе жылқысы жайылымда жақсы семіреді. Жайылымда семірітілген жәбе жылқыларын сойған кезде 53-57 пайыз, кейде 60 пайызға дейін ет пен май құрайды. Биелерін тәулігіне сауса, 18-20 л сүт алады. Бұл жылқы мейлінше ірі, шомбал, тұрқы ұзын, қарны жуан, аяқтары қысқа болады. Өте тез қонданады. Қалың қарда тебіндеп шығады. Жәбе жылқысы мықты, соған орай жұмысқа да төзімді келеді. Салт мінуге де ыңғайлы, жүрісті жылқы деп есептелінеді.

Ең таңдаулы, таза тұқымды қазақы жылқыларының дене өлшемдері бұл көрсеткіштен асып түседі. Қазақы жылқы мініске де,

жұмысқа да төзімді. Жергілікті қазақы жылқы мен Ембі жылқы зауытында өсіріліп, жақсартылған қазақы жылқылары сыннан өткізіліп, олардың бір тәулікте қанша жер жүретіндігі тексерілген. 60 – 80 кг тартатын адамдар салт мінген жылқылар бір тәулікте: Зебр деген айғыр – 222 км 150 м. Бүркіт-2 және Бодрый деген айғыр – 223 км 150 м, жол жүрді.

Бұл тұқымның ішінде Беркут, Писатель, Замок және Заур аталық іздері аса белгілі линиялар қатарына жатады. Жәбе жылқыларын асылдандыруда осы жылқылардың маңызы зор. Жәбе жылқылары «Мұғалжар» және "Құланды" жылқы зауыттары мен 8 асыл тұқымды жылқы фермасында өсіріледі.

Оңтүстік батыс, әсіресе, Атырау, Маңғыстау облыстарында үйірлі жылқы шаруашылығы үшін қазақы жылқының бір болып табылатын адай жылқысының маңызы зор.

Адай жылқысы жәбе тұқымының жылқысымен салыстырғанда дене құрылысы жағынан салт мінуге көбірек бейімделген. Оның басы шағын, жеңілдеу, кеуде жағы жинақы, арқасы түзу, шоқтығы шығыңқы болады, сауыр жағы етсіздеу, аяқтары жіңішке, сидан, етсіз, сіңірлі келеді.

Адай жылқысының тірідей салмағы 420 кг тартады. Сойғанда 54-56 пайыз таза ет түседі. Биелерінен тәулігіне 11 литр кемінде сүт шығады. Сүтті биелерінен 15 л дейін сүт сауылады.


Қазақы жылқы Қазақстанның барлық жерінде біркелкі тарамған. Олар түпкі нәсіліне тән қасиеттерін сақтай отырып, ауа райы, жағрафиялық және тарихи жағдайлардың әртүріне орай, сондай-ақ басқа жылқы тұқымдары ықпалының тиюіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, Каспий теңізінің жағалауындағы жергілікті адай жылқыларына йомуд жылқыларының едәуір әсері тигені байқалады. Сондай-ақ оның тұқымдық сапасына Каспий теңізі маңындағы шөлейт аудандардың ауа райы, жем-шөбі, табиғаты тікелей әсер еткен. Осындай жағдайлардың ықпалымен адай жылқысы көбінесе, салт мінуге қолайлы жылқы болып қалыптасқан. Жылқының бұл тұқымы өсіріп, жетілдірген қазақтың адай руының атымен аталып кеткен.

Мұғалжар жылқысы. Мұғалжар жылқысы ғалымдар мен шаруашылықтағы жылқышылардың көп жылғы еңбегінің арқасында, қазақы жылқыларды сұрыптау мен жұптаудың нәтижесінде шығарылған, 1998 жылы жаңа жылқы тұқымы болып бекітілген.

Мұғалжар жылқысының ембілік және құландық деп аталатын тұқым типтерінің сарыарқа және қайыңды зауыттық типтері бар.

Мұғалжар жылқы тұқымы күй талғамайды, құбылмалы ауа райына төзімді, денсаулығы мықты, мол өнімді, күшті келеді. Сондай-ақ қатал ауа райы жағдайының өзінде өсіп жетіле береді. Жайылымда қонданған мұғалжар жылқыларын сойса, 55-60 пайызға дейін ет пен май түседі. Ал биелерінен тәулігіне 14-16 л сүт шығады. Айғырларының тірідей салмағы 480-500 кг, биелерінікі 430-450 кг, 2,5 жастағы төлдерінің ұрғашылары 350-380 кг, ал еркектері 360-390 кг тартады. Жүз биеден алынатын құлын саны 80-95 пайыз. Мұғалжар жылқысының 8 зауыттық аталық ізімен 17 аналық ұясымен жұмыс жүргізіледі.

Башқұрт жылқысы. Бұл жылқы тұқымы ресейлік Башқұртстанның таулы және далалы аймақтарында табиғи сұрыптау ықпалымен тебінде өсірілеуге бейімделген тұқым. Табиғи жайылымдық жағдайларға байланысты, ол өте ірі емес, бірақ-та шомбал денелі, сүйекті жылқы. Башқұрт жылқысының конституциясы кагілез, төзімді және сүтті келеді.



Башқұрт жылқысы

Башқұрт жылқысының басы үлкен, мойны жуандау, шоқтығы онша биік емес, көкірегі кең, бөксесі түсіңкі, аяқтары мықты, сүйекті келеді. Тұяқтары кішілеу, бірақ мықты. Башқұрт жылқысының түсі әртүрлі, көбінесе, сұр, кер шабдар, құла, торы, жирен, көк келеді.

Айғырларының шоқтығына дейінгі биіктігі – 148 см, тұрқының қиғаш ұзындығы – 154 см, кеуде орамы – 182 см, жіліншік орамы – 19,5 см; ал биелерінде ол тиісінше -142,147,176,18,5 см. Айғырларының салмақтары – 460-530 кг, биелерінікі – 380-430 кг. Биелерінің сүт

өнімділігі 1500 кг, ал кейбіреуі 2700 кг дейін сүт береді. Селекция жұмысы Грозный, Гордый аталық іздерімен жүргізіледі. Тауарлы шаруашылықтарда яқут және жәбе жылқыларының айғырларымен шағылыстырылады.

Тау жылқысы. Салт мініледі, теңдеп жүк артуға да болады, Негізінен көліктік мал болғанымен ет пен қымыз өндіруде де маңызы зор. Еліміздің кең тау сілемдерінің жайылымдары үйірлі жылқы өсіруге өте қолайлы. Жылқыны жазда биік тау алқабындағы көгалдарда, ал қыста тау бауырындағы алқаптарда баққан дұрыс. Тау жайылымдарында бұл жылқы тез семіреді. Сондай-ақ тау жайылымдарында тау жылқысының жүрек соғысы жақсарады, өкпесі, бұлшық еттері жақсы жетіледі. Жаздыгүні тау жайылымындағы дымқылдық, қыстағы суықтық осы жылқы тұқымының тұлғасының мықты, осындай ауа райына төзімді болып өседі. Әрі мұндай жылқылар онша күй талғамайды. Тау жылқысының кеудесі кең де, терең болады. Сауыры көбінесе, түсіңкі, сирақтары мен тұяқтары, буын сіңірлері мықты, артқы аяқтары қисықтау, қылыш тәрізді болып келеді. Жүрістері ңық, аяқ алыстары кербез. Тау жолдарында ағынды судан өтуге табылмайтын көлік.

Алтайдың, Орта Азияның, Кавказдың тау жылқыларының негізі далалық жылқылардан тарайды және шығыс айғырлары қанының барлығы да байқалып тұрады.

Тау жылқыларының орташа дене өлшемдері

Тұқымдары	Өлшемдері, см			
	Шоктығының биіктігі	Тұрқының ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
Алтай жылқысы	135	140	170	17,5
Қырғыз жылқысы	137	142	166	17,6
Локай жылқысы	140	147	170	18,5
Карабах жылқысы	140	146	165	18,0
Тушин жылқысы	134	139	156	16,9
Мегрел жылқысы	130	135	48	16,2
Гуцул жылқысы	132	137	55	16,7

Қырғыз жылқысы. Тарихи жағдайларға байланысты моңғол жылқысымен будандасқан деп санайды. Бұл жылқыда «шығыс жылқыларының» қаны бар. Қырғыздардың негізгі жайылымы таулы өңірде, яғни 2000-3000 км биіктікте орналасқан. Сондықтан жылқы малы жаздан бастап, қара күзге дейін тау жайылымында бағы-



Кыргыз жылқысы

лады. Ал қысқа қарай, төмен тау бауырында, яғни етекке түсіріледі.

Қыргыз жылқысының тұлғасы мықты және төзімді, күй талғамайды. Жүк теңдеуге өте қолайлы. Олардың мойны қысқа, тұрқы ұзын, аяқтары берік, жал құйрығы қазақы жылқыға қарағанда, сұйықтау болады. Түсі – торы, жирен, қара, көк және құла келеді.

Алтай жылқысы. Алтай тауы мен Моңғолиямен шекаралас таулы аймақтарда тараған. Қазба деректеріне қарағанда, біздің дәуірге дейінгі III-IV ғасырларда Алтайда салт мінілетін ірі жылқылар да өсірілген екен. Осы уақытта бұл жерде тебінге бейімделген уақ, алтай жылқылары өсірілген.

Алтай тауының табиғаты жұмсақтау және жылқыларды жел өтінен қорғайтын ормандар бар. Олар ерте көктемде Алтай тауының оңтүстік беткейіне жайылады, ал жазда таудың биік жайылымдарына көтеріледі. Күзде тау ойпандарына түсіп қонданады.

Алтай жылқысы тау жылқыларының ішіндегі ең аласа бойлысы. Басы дөрекілеу, мойны қысқа және түзу, арқасы кең және ұзындау, дене тұрқы ұзын, сауыры етті, аяқтары қысқа және жал құйрығы қою. Негізгі түр-түсі жирен, торы, көк және қара. Шұбар, ала, құла және сары түстері де кездеседі.

Алтай жылқылары жұмысқа өте қабілетті, өзінің салмағының 40 пайызға жуығын тең көтере алады. Жайылым жақсы жылдары олар



Алтай жылқысы

жас кездерінде-ақ қондануға бейім. Биелері жаз айларында тәулігіне 8-10 л сүт береді. Алтай жылқыларын жүк тасуға және әртүрлі ауылшаруашылық жұмыстарына пайдаланады.

Локай жылқысы. Тәжікстанның орталық және оңтүстік-батыстағы биік таулы аудандарында тараған. Бұл жылқыны Арал теңізі жағалауынан көшіп келген өзбек-локайлар әкелген. Жаңа



Локай жылқысы

жердің жағдайларына қарай олар көп өзгерген және қарабайыр, йомуд, араб жылқы тұқымдарының әсерінен жетіле түскен.

Локай жылқылары жазда тау жайылымдарында қосымша шөп беріп бағылады. Олар көбінесе, салт мінуге және жүк артуға пайдаланылады. Локай жылқылары кең тұлғасымен және қысқа аяқтарымен сипатталады. Бастары үлкен және бүкір тұмсықты, кең маңдайлы, мойындары етті, кеудесі терең, сауыры көбінесе, салыңқы, аяқтары жеңіл, тұяқтары берік, жал құйрықтары сұйық. Негізгі түр-түстері торы, көк, жирен және т.б.

Локай жылқыларының қимылы жұмсақ, сондықтан оларды ұлттық ат ойындары – көкпарға пайдаланады. Жүрісі де жақсы жетілген. Таудың қиын асуларына және салт мінуге немесе теңдеп жүк артуға төзімді.

Орман жылқысы. Сібірдің орманды аудандарында жылқыны қыста шанаға жегеді. Осы себептен орман жылқысы қалың қарлы жолдарда табылмайтын көлік. Сібір тоғайларында және сазды батпағы көп жерлерде көктем мен жазда жылқы арбаға сирек жегіледі. Бұл уақытта жылқы тоғай алаңқайларында, өзен жағалауында бағылады. Қысқа қарай қосымша азықтандыру үшін бұл жылқыға ірі азықтар ғана дайындаса болады.

Жергілікті орман жылқылары қыстыгүні суыққа, күздігүнгі ұзаққа созылатын жаңбырға және шілдедегі шыбын-шіркейге өте төзімді. Себебі, орман жылқысының жүні қою, ұзын және терісі қалың, майлы болады. Орман жылқысының тұлғасы оның күтімі мен жегілген жұмыстың түріне қарай қалыптасқан. Біріншіден, бұл тұқымның жылқысы шоқтығына дейінгі биіктігі – қысқа кеуделі мал. Маңдайы кең, құлағы кішкентай, тұрқы ұзын, аяқтары қысқа, бақайлары тік, тұяқтары үлкен және жалпақ келеді, Сауыры бөлектеніп тұрады. Түсі көбінесе торы, кер шабдар, жирен шабдар, құла шабдар болып келеді. Орман жылқысының көптеген тұқымы өзен атымен аталған (приоб, тавдин, вят, печор, мезен). Шығыстан батысқа қарай, яғни Якутиядан Карелияға қарай орман жылқысы тұқымының тұлғасы үлкейе береді.

Якут жылқысы – орман жылқыларының ішіндегі ең кішісі. Якут жылқысы бейімделу қасиеттеріне байланысты: солтүстік (верхоян) немесе орталық Колыма, (шоқтығының биіктігі – 135 см) болып келген. Бойларының тапалдына қарамастан бұл жылқылар өте салмақты, кең тұлғалы, аяқтары қысқа және сүйекті, басы бүкір тұмсықты, мойындары қысқа әрі жуан, арқасы кең және ұзын, сауыры салыңқы, кеудесі кең әрі терең.

Орман жылқыларының орташа дене өлшемдері

Тұқымдар	Өлшемдері, см			
	Шоктығының биіктігі	Тұрқының ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
Якут жылқысы	135	143	165	18,0
Тавдин жылқысы	137	142	160	18,0
Вят жылқысы	140	144	160	18,0
Печор жылқысы	138	146	160	17,8
Мезен жылқысы	138	146	163	18,0
Эстон жылқысы	144	151	173	18,3
Полес жылқысы	132	137	150	16.5

Якут жылқысының негізгі түр-түсі: торы, көк, сары, құла, сұр, арқасында жолақ белдік, жауырынында тор көзді сурет байқалады, ал аяқтары тарғыл тартқан. Олардың денесін 7-15 см жететін қалың жүн түктері жабады және түр-түстері қылаңданады. Суыққа өте төзімді, қысы-жазы тебіндейді, көбінесе, қырық буынмен және бұтақтармен қоректенеді. Көктем мен күз мезгілдерінде тез қонданады. Ет шығымдылығы 58-63 %, биелерінің тәуліктегі сүттілігі 6-8 л.

Якут жылқылары әртүрлі жүк тасуға, соның ішінде алтын және алмаз шығаратын кендерде жұмысқа пайдаланылады. Шанаға жеккенде тәулігіне 50 км жерге 300-350 кг жүк тасиды, ал жаз мезгілінде 80-100 кг жүкпен 100 км жол жүреді. Салт мінуге де кеңінен пайдаланылады.



Якут жылқысы

Вят жылқысы. Ертеден Ресейдің Вят губерниясының орманды-тоғайлы аймақтарында өсірілген. Бұл жылқы тұқымы қыстың аязына, боранына төзімді және қарлы жолдарда табылмайтын көлік. Ертеде бекет арасында пошта және т.б. көптеген жүктерді тасуға пайдаланылған. Қыста 3 ат жегілген шанамен жолдың қиындығына қарамастан 40-50 км жер жүрген. Вят жылқысының шығу тегі туралы әртүрлі деректер бар. Біреулері жергілікті орман жылқысын клеппер жылқысымен шағылыстыру арқылы, ал екіншілері – ертедегі Новгород жерінде өсірілген жылқылар арқылы шығарылған деп санайды. Тұлғасына қарағанда, дұрысы жабайы орман жылқысы тарпаннан тараған.

Вят жылқысының басы үлкендеу, маңдайы жазық, көздері жарналы, мойнының ұзындығы орташа, шоқтығы кең, арқасы түзу, белі кең, құйымшағы түсіңкі, кеудесі кең, қабырғалары жұмыр, аяқтары мен тұяқтары мықты, кекіл, жал-құйрығы жақсы дамыған. Түсі құла, кер шабдар, сұр.

Конституциясы – қағылез, мықты, қызу қандылығы – өткір, жігерлі. Үш ат жегілген көлік 1000 м қашықтықты 1,5 -2 минут уақытта шауып өтеді.

Айғырларының дене өлшемдері: шоқтығына дейінгі биіктігі 148 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 154 см, кеуде орамы 180 см, жіліншік орамы 19,5 см.

Эстон жылқысы. Өзінің шығу тегі мен кейпіне байланысты солтүстік жылқылар қатарына жатады. XIII ғасырдан әртүрлі тұқымдармен жетілдіріліп келді. Мысалы, 1870-1902 жылдары Саарема жылқы зауытында эстон жылқыларын араб, ағылшын – араб және орлов тұқымдарымен шағылыстырылған. XIX ғасырда жергілікті эстон жылқыларын клеппер (желіп жүргіші), ірілендіргенін – доппель клеппер (көбейген клеппер) атаған деп.

Тори жылқысының тұқымының бойы орташа, тұлғасы ұзын, аяқтары қысқа, ал бұлшық еттері жақсы жетілген. Олар өзінің төзімділігімен, жақсы жұмыс қабілетімен және мықты конституциясымен ерекшелінеді. Сондықтан Эстониядағы жылқы санын 76% тори жылқысы құрайды. Негізгі түр-түсі жирен және күрең (60%), торы (54%), ал қара мен бұрыл түстері сирек кездеседі.

1920-1925 жылдары тұқымды асылдандыру жұмысында Хетманның: Хасмо-129, Халис-348, Хелденкнабе-133, Хингстар-377 төлберг пайдаланылды. 1925-1935 жылдары Тори жылқыларының тегін жақсарту мақсатында постье-бретон айғырлары сатып алынды. Осы айғырлардан алынған ұрпақтар салмақты тори жылқысының

аталық іздерін құрды. Осы уақытта тори жылқыларын өсіруде бұрынғы аталық іздермен жанасып қосу кросстары жақсы нәтиже беріп жүр. Тори жылқысының аталық іздері арқылы тарту күші, жылдамдылығы мен төзімдігін көтеруі бағытында таза өсіру әдісімен жетілдірілді. Оларды ауыл шаруашылығының әртүрлі жұмыстарында пайдаланады. Тори жылқылары Ресейдің солтүстік-батыс және Украинаның батыс аудандарында тараған. Бұл тұқымды өсірудің алдыңғы қатардағы шаруашылығы Тори жылқы зауыты болып саналады.

Латвия жылқысы. Латвияда жергілікті жылқылардың биелерін альденберг, остфриз, ганновер, голштин, бреденбург, тракенен, шығыс прусс, англо-норманд, сосрольск, орлов желісті, дат, арден және барбансон тұқымдарының айғырларымен шағылыстыру арқылы шығарылған. Негізінен қолданылған әдістер туыс емес шағылыстыру және бір текті жүн таңдау болып саналады. Бұл тұқымды шығару жұмыстары шаруашылықта жүргізілген. Тұқым болып бекітілген уақыты – 1952 жыл болып саналады. Латвия жегу жылқысы өзінің ірілігімен, тұлғасының салмақтылығымен және сүйектілігімен ерекшеленеді. Олардың жұмыс қабілеті жан-жақты, өсімтал, ұзақ өмір сүреді және момын жануар. Негізгі түр-түсі торы, жирен, қарагер, қара, күрең. Тұқымдағы жылқылар негізгі, ауырлау және жеңіл үш кейіпке бөлінеді. Тұқымда 11 аралық із бар, соның ішінде салмақты кейіптегі жылқылар ольденбург айғырларынан, ал жеңіл салт мінетін жеккі кейіптегі ганновер және голштин айғырларынан тараған. Кеңінен тараған аталық іздер: Сиого, Ювель, Спиконис, Готен-фирст, Гюнтер және т.б. Ең бағалы асыл тұқымды латвия жегу жылқылары «Буртниеке» мен «Гервете» жылқы зауыттарында және де біраз шаруашылықтарда өсіріледі.

Белорус жылқысы. Белорус жергілікті орман жылқыларының солтүстік кейпін зауыттық тұқымдар-гудбрандсдал, швед, норвеж, араб, ганновер, арден, барбансон, совет және орыс-ауыр жүк тартатын, орлов желісті жылқылармен жетілдіру жолымен шығарылған. Сұрыптау мен жұп таңдау жұмыстары Белоруссияның жер жағдайына жақсы бейімделген күтім талғамайтын және төзімді орташа жегу жылқысын алу мақсатында жүргізілді. Сондықтан олардың кейпі ауыр жүк тартатын жылқылардың жеңіл түрі болып табылады. Қазіргі белорус жылқысы көптеген шаруашылықтарда пайдалы қасиеттерімен айқындалады, соның ішінде ұзақ өмір сүру, күтім талғамау, жоғары жұмыс қабілеттілігі, өсімталдығы. Олар – кең мандайлы, жұмыр денелі, жал құйрықтары қою, конституциясы

мықты жануар. Негізгі түр-түстері құла, сұр, кер шабдар, күрең, жи-рен, кара және т.б. Олар негізінен ауылшаруашылық жұмыстарының әртүрлі саласында жұмыс істеуге қабілетті. Белорус жылқысы өзінің сапалы 6 аталық ізімен белгілі: Анод 3, Баян 9, Глобус 34, Заветный 42, Лесной орел 58, Орлик 81. Аналық ұялары: Брама 28, Искра 112, Кветка 113, Майка 183, Нарочанка 216 және т.б. Бұл тұқымның жылқылары Белоруссияның батыс аудандарында кеңінен тараған. Ең бағалы асыл тұқымды жылқылар «Любан» Вилейск ауданындағы «Константиново», Смалевич ауданындағы «Заречье» асыл тұқымды зауыттарында және т.б. шаруашылықтарда өсіріледі.

Дала жылқылары

Дала жылқылары кішкентай бойлы, қысқа аяқты, жуан да қысқа мойынды. Дене бітімі жалпак, ұзындау. Терісі және жүні қалың, жалы мен құйрығы ұзын. Жаздың ыстығында олар суға және ыстыққа төзімді. Қыстың күні қардың астынан жебіндеп жүріп өзі қорегін табады. Адам оларды мінуге және жегуге пайдаланады.

Осы жылқылар тобына: моңғолдық, буряттық, забайкалдық, хакастық, қазақ, башқұрт жылқылар түрлері жатады.

Қазақ жылқысы. Денесі ерекше шымыр, ауа райының қандай қатал жағдайында болса да төзімді, жемшөп, талғамайды, жыл бойы жайылымда бағылса да күйін аздырмайды.

Қазақ жылқысының сымбаттылығындағы ерекшеліктер мына-



Карабах жылқысы


лар: басы үлкен, бірақ сыпайы келеді. Сағағы кең, көздері кішілеу, жіті болады; мойны жуандау, тұрқы орташа; шоқтығы онша биік болмайды, көкірегі кең, қабырғалары ұзын және тіктеу келеді. Оның басқа жылқылардан гөрі ерекше сипаты – арқасы берік, шабы қысқа, дене тұрқы ұзындау. Аяқтары берік, жуан, сүйекті болады, сіңірлері мықты, білеуленіп тұрады. Алдыңғы аяқтары түзу, артқы аяқтары көбінесе, қылыш сияқты қайқылау болады, тұяқтары кішілеу, шымыр келеді, тірсектерінің арасы жақын. Шоқтығына дейінгі биіктігі – 143 см, тұрқының қиғаш ұзындығы – 149 см, көкірек орамы – 175 см, жіліншік орамы – 18,7 см.

Зауыттық және ауыспалы жылқылар

Зауыттық және ауыспалы жылқылардың жергілікті малдардан айырмашылығы олар әдейі арнайы сұрыпталумен шаруашылыққа қажетті түрде шығарылған. Зауытты және ауыспалы жылқылар олардың пайдалану ретіне қарай: ауыр жүк тартатын, жегілетін жұмыс міндетін атқаратын және міну желіс болып бөлінеді.

Желіс жылқылары

Ең бірінші әлемге белгілі болған желіс жылқысы XVIII ғасырдың ортасында Ұлыбританияда шығарылған норфлок жылқысы болды. Бірақ ол кезде желіс малдарын арнайы сынау жоқ болатын, сол себепті бұл жылқы тұқымы тез құрып кетті. Желіс тұқымдарын дамытуда Ресей көп еңбек етті, оның ішіндегі ең негізгілерінің бірі ор-




лов тұқымы. Соңынан дәл осындай нәтижеге АҚШ – американдық стандартbred тұқымына және Франция – франциялық желіс тұқымына қол жеткізді.

Орлов тұқымы. Шоқтығының биіктігі 162 см, жіліншік орамы 20,6 см. Басы үлкен, түгі шықыр, мойны ұзын, көбінесе, қаз мойынды әдемі болады; шоқтығы биік, етті келеді, арқасы тегіс және жалпақ, белі кең, сауыры құйылған шойындай түп тұтас, аяқ сүйектері жуан.

Дене сымбатының кемшіліктері жөнінде, оның буындары солкылдақтау, алдыңғы аяқтары алшақтау келетінін айтуға болады.

Орлов жылқысы өте жүрдек, желісті келеді.



Орыстың желісті жылқысы

Орыстың желісті жылқысы. Бұл жылқының орлов жылқысынан айырмашылығы – дене бітімі сыпайы, сүйектері жіңішкеу келеді, кейбір мүшелерінің бітімінде де айырма бар. Оның сымбаты – басы орташа, ашаң, түгі тықыр, мойны тік, шоқтығы биік, жауырыны қиғаштау біткен ұзын, арқасы қысқа, сауыры сәл түсіңкілеу, аяқтары орлов жылқысынан гөрі келісті келеді.

Салт мінетін аттар

Біздің елде салт мінуге бұрынғы Кеңес Одағы кезінен келе жатқан жылқы тұқымдары – ахалтеке, терск, украин, т.б. араб, таза қанды салт мінетін және тракенен жылқыларын пайдаланады.



Салт мінуге арналған жылқыларды бірінші болып, Орта Азия елдері шығарды. Шығыс елдерінің ертеден сұрыпталып шығарылған сапасы өте жоғары жылқыларымен Еуропа халқы XI-XII ғасырдан, яғни крестшілер жорығы кезінен таныс.

Салт мінетін жылқылар, әсіресе, ат спортын дамытуда көп рөл атқарды.

Ақалтеке жылқысы. Ерте замандағы түрікмен жылқысы араб жылқысынан көп бұрын шыққан, сол себепті ақалтеке жылқысы осы күнгі түрікмен жылқысының ұрпағы деп есептеледі.

Өзінің тұлғасы, мүше бітімі жағынан ақалтеке жылқысы күтімді көп тілейтін тұқымдардың қатарына жатады.

Ақалтеке жылқысының сымбаты тым әсем келеді; басы ашаң, бірақ кейде бұғы мойындысы да кездеседі, мойын тұрқы биік; шоқтығы да биік 159 см ұзын, тіп тік; арқасы көбінесе, жұмсақ, жоны ұзын, тұтас, сауыры сәл түсіңкі, құйрығы жоғары тұрады, аяқ жүні тықыр, жіліншіктері жіңішке 19,3 см, топайлары дөңгелек, тұяқтары шымыр болады. Артқы аяқтары көбінесе, қайқылау, терісі жұқа, жалы жібектей жұмсақ келеді.

Ақалтеке жылқысының түсі – торы, қоңыр, көк, жирен, шабдар, қара, кейде құла; түгі көп жағдайда алтын түстес болады.

Кемшіліктері ақалтеке жылқысы басқалардай емес, жайылым-да баққанды ұнатпайды, қатты суықтарды көтере алмайды, мұндай жағдайда тез аза бастайды.



Ақалтеке жылқысы өте жігерлі, қызу қанды келеді, оның ішінде өзі танымайтын адамды маңына жолатпайды, тістеп тебетін ұрт мінезділері де кездеседі.

Ақалтеке жылқылары дон, қарабайыр, т.б тұқымдарды шығаруға пайдаланылған.

Араб жылқысы. Шоқтығының биіктігі 154 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 152 см, жіліншік орамы 19,3 см. Араб жылқысы ақалтекеден төмен, бірақ сымбатты әсем келеді; денесі қысқа, көкірегі кең, аяқтары жіңішке, мықты болады; басы ашаң, кішкентай көздері жайнап тұрады, құлақтары кішкентай, жылдам қозғалады; мойны биік әрі иіліп тұрады; шоқтығы биік әрі ұзын.

Араб жылқысының түстері; жирен, қоңыр, құла. Араб жылқысы қызу қанды, төзімді, өте жігерлі.

Араб жылқысының Отаны – Араб шығанағының шөл және шөлейт жерлері болып есептеледі. Шөл жерлерде бұл жылқыларды жайылымда ұстап, оларға аздап жем беріп, түйе сүтімен асыраған. Араб жылқыларын басқа жылқылармен будандастыруға қатаң тиым салынған, сол себептен оларды осы күнге дейін таза қанды тұқым деп атайды.

Таза қанды салт мінетін жылқы

Көп жағдайда бәйге жылқысы деп аталып жүргені – таза қанды салт мінетін жылқылар. Олар нағыз жүйрік, әсіресе жақын жерге шапқыш келеді. Шоқтығына дейінгі биіктігі 162 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 162 см, жіліншік орамы 20,3 см. XIX ғасырда араб жылқысынан шықса да бұл жылқылар басқа тұқымдарды асылдандыруда өте көп пайдаланылды. Өзі шыққан араб тұқымынан бұлардың айырмашылығы – тұрқының ұзындығы және денесінің төрт бұрышты болып келуі. Сымбаты тым әсем, денесі ірі, аяқтары сәнді әрі мықты болып келеді. Басы ошаң, мойны түзу, ұзын, шоқтығы биік, ұзын. Денесі тықыр және жіңішке жүнді болып келеді. Жалы және құйрығы өте қалың болады. Таза қанды жылқылар дүние жүзіндегі ең ұшқыр жылқылар болып есептеледі: 1 шақырымды олар 1 минутта шауып өтеді.

Таза қанды салт мінетін жылқылар Ұлыбританияда (сол себепті кейде оларды таза ағылшын қанды жылқы деп атайды) ортасында шығыс жылқыларын ағылшын жылқыларымен шағылыстыру арқылы шығарылған.



Терск жылқысы. Шоқтығына дейінгі биіктігі 155 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 154 см, жіліншік орамы 19,4 см. Терск жылқысы араб жылқысына ұқсас, бірақ одан ірілеу. Терск жылқысының түсі; жирен, жирен көк және күрең. Сымбаты әдемі, шыдамды және жүруі жеңіл келеді. Сол себепті терск жылқыларын жоғарғы атқа міну мектеб және циркте пайдаланады.



Украиндық салт мінетін жылқы тобы. Шоқтығына дейінгі биіктігі 165 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 167 см, жіліншік орамы 20 см. Украин жылқыларының денесі ірі, өздері биік және жүруі жеңіл келеді.



Тракенен жылқысы. Шоқтығына дейінгі биіктігі 166 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 169 см, жіліншік орамы 21,7 см. Өте ірі, дене тұрқы ұзын, денелі келеді. Басы үлкен, мойны сіңірлі, орташа ұзындықты; шоқтығы биік; аяғы негізінен қысқа. Түсі: кара, жирен, торы, және кара торы болады.

Салт жегу жылқылары

Осы кезге дейін біздің елімізге әрі салт мінуге әрі жегуге жарайтын жылқы малдары өте қажет. Ондай малдарда салт мінетін жылқының да, жегілетін жылқының да қасиеттері болуы керек. Салт мінуге және жегуге жарайтын: дон, буденный, кабардин, қарабайыр, ағылшын – кабардин, қарабайыр, қостанай, жаңақырғыз, көшім сияқты жылқылар тұқымы бар.



Дон жылқысы. Оның сымбаты: басы ашаң, сәл ұзындау, маңдайы томпақ, шортан басты; көздері үлкен, шығыңқы, дөңгелек, томпайып тұрады; мойынның ұзындығы орташа, түзу кейде ұзын, ашағы етті де, толық болып та келеді; көкірегі жалпақ, кең, қабырғалары



ұзын томпақ; арқасы тегіс, сауыры ұзын, және тік; жауырыны қысқа, тік біткен; алдыңғы аяқтары түзу, аралары әдетте, кең келеді, ал артқы аяқтары қайқылау болады да, тірсектері жақындасып тұрады. Тұяқтары, әдетте, берік, дөңгелек және үлкен болады.

Дон жылқысының түсі көбінесе, алтындай жалтылдап тұратын жирен болады, кейде торы, күрең түстілері де кездеседі.

Буденный жылқысы. Буденный жылқысы халықтың нақ ойлаған көнілінен шыққан өте мүсінді, тұлғасы ірі, сом денелі, ауыр салмақты, мінезі сергек, өте жүйрік, күй талғамайтын жылқы, ұзақ жолға шыдамды. Буденный жылқысы өте сымбатты келеді. Оның басы орташа, әдемі, түгі тықыр, маңдайы, жалпақ, көздері отты, мойны ұзын, және етті, желкесі тік, шоқтығы биік (165 см) және ұзын; арқасы мен белі тұтасқан тегіс; сауыры ұзын және жалпақ; алқымы кең, көкірегі терең, қабырғалары томпақ, жауырыны ұзын, көлбей біткен, көпшілігінің алдыңғы және артқы аяқтары тік келеді.

Буденный жылқысының түсі де әдемі; көпшілігінің түсі алтындай құлпырып, түрленіп тұратын құла жирен болады; күрең, торы, және қара түстері сирек кездеседі.



Кабардин жылқысы. Шоқтығына дейінгі биіктігі 156 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 159 см, жіліншік орамы 19,8 см. Ол таза қанды салт мінетін жылқымен будандастыру арқылы пайда болған.

Қостанай жылқысы. Қостанай жылқысының сымбатындағы ерекшеліктер мынадай; басы орташа, сыпайы, мойны түзу, тұрқының ұзындығы орташа (156 см). Қостанай жылқысының ішінде әдемі қаз мойындылары да жиі кездеседі; олардың шоқтығы етті, тік келеді; арқасы жалпақ, жұмырлау, етті, қабырғалары ұзын, алқымы терең,



тынысы кең, қабырғалары ұзын, шабының ұзындығы орташа, аяқтарының сіңірлері шығыңқы, шамасы кішкене, топайлары орташа, тұяқтары дөңгелек, әсем келеді.

Көшім жылқысы. Бұл жылқы ұзақ уақыт бойы бір-бірімен шағылыстыру арқылы Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында шығарылған. Көшім жылқысының құндылығы ол қазақ жылқысына қарағанда, қысы-жазы жайылымда жүруге бейімделген, денесі ірі, салмақтары ауыр. Көшім жылқысы салт мінуге де, жегуге де икемді.

Басының ұзындығы орташа, жотасы жақсы дамыған, мойнының ұзындығы орташа; кеудесі кең әрі терең орналасқан, арқасы түзу, жалпақ, қабырғалары ұзын, дөңгелек: аяқтары етті әрі жуан әрі мықты. Шоқтығына дейінгі биіктігі 160,1 см, кеуде орамы 192,2 см, жіліншік орамы 20,9 см.

2.3. Жылқыны жегу құралдары

Жылқының өнімді жұмыс істеуіне жағдай туғызып, денесін жарақаттамау үшін әрқайсы сай жегу құралдары болады. Шаруашылықта бір атты және қос атты жегу құралдары кең тараған. Жегу құралдарын доғалы, доғасыз, жүк таситын, ауылшарушылық және көшпелі (жәмшік, жартылай жәмшік) деп бөледі. Орыстың бір атты доға тәріздес құралдары жүген мен ноқтадан, қамыттан, пілиядан, айылдан және бел көтергіші бар ершіктен, делбеден және доғадан тұрады.

Жүген. Аттың басын меңгеру үшін пайдаланылатын құрал. Ол желке, маңдай, жақ, иек томаға қайысынан, екі шығыршықты шайнары (сулығы) бар ауыздықтан және бүлдіршегі бар делбеден тұрады. Желке мен ұрт қайыстарын өзгерте отырып, ауыздық езуді тастамайтындай не бос қалмайтындай етіп, жүгенді аттың басына жымдастырады. Иек пен жақ қайысының арасында алақан сиярлық орын қалуы керек. Стандартты жүгендерді иленбеген қайыстардан жасап, енін 1, 2 размерлі етіп шығарады. Ноқтаны жүгенге қарағанда қалыңдау, жалпақ қайыстан жасайды. Жүген мен ноқтаны бірге пайдалануға болады.

Қамыт. Ат жегу құралдарының негізгі бөлігі. Екі ағаш не темірден жасалған қамыттан, қамыт шұжығынан, киізден жасалған астардан, тері қақпақтан дәнекерлеп жабыстырылған қайыстан, қамыттың тамақ және екі құлақ бауынан тұрады. Өндірісте қамыттың бір аттылық, кос аттылық, жүк таситын аттар үшін, стандартты ауыл шаруашылығындағы аттарға арналған түрлері шығарылады. Олармен қатар А. Воеиковтың конструкциясы бойынша, қозғалмалы үлгіде жасалғандары да бар.

Құйысқан. Ер-тоқым аттың мойнына жылжып кетпеуі үшін тағылатын тұрман. Құйысқанда екі жақтау, екі жарым, екі жаңбырлықтағы салпыншақ, бір боқтық, бір сауыр үзбе (топшы), екі жаңбырлық үзбе болады. Ер-тоқымның басқа тұрманы қалай болса, бұл да солай жасалынады.

Жартылай жәмшік және жұмыс аттарының өмілдірігі. Жиiekше, арқалық, көлденең, еңкіс және бүйір сырғалықтары, қайыстардан тұрады. Ол аттың бүкіл денесін қамтиды және арбаны дөңнен ылдиға түскенде тежеу үшін, атты тежеп кейін шегіндіру үшін қолданылады. Өмілдіріктің дұрыс қозғалысына кедергі жасамауы керек. Өмілдірікті дұрыс қиылыстырған кезде, жиекше қайыс пен құйымшақ бұдырмағының астына алақан сиюы керек.

Ер-тоқым. Атқа мініп-түсуге лайықтандырылған тұрман. Ер-тоқымды ат үстіне бекітетін бүкіл тұрманы толық, атқа ерттей салып, айылын тартқан соң, міне жөнелуге дайын тұрған тас түйін жабдық.

Ер. Ердің ағаш қаңқасы. Аттың басарқасын баспайтын (тимейтін) етіп жасалған ер-тоқымның негізгі ағаш бөлігі.

Құранды ер. Қас, қаптал түгелімен ағаш бөлшектерінен қиылып, тарамыс, желіммен біріктірілген, сырты сірімен қапталған ер түрі. Ішпек тоқымның үстінен, екі қапталының астынан қойыла екі бөлек жасалған желдік болады.

Ойма ер. Алдыңғы, артқы қас, екі қаптал, белағаш деп аталатын екі бөлек жасалған желдігі де болады. Ойма ер, ойма қасты ер деп атайды.

Қас. Қазақы ерде алдыңғы және артқы қас болады. Алдыңғы қасы ілгері қарай сәл кертіліп, тіркеу қойылады, артқы қасқа қарағанда, сәл биіктеу келеді. Артқы қас сәл аласа, үсті кең. Ұялы, орнықты жалпақтау қиылған. Қастың міндеті көп. Бәрінен де үстінде отырған адам не алға не артқа ойыс лоқып, сыпырылып түспеуі үшін әсіресе, артқы қастың рөлі өте жоғары.

Қаптал. Ат қапталына үйлестіріп жонылған екі бөлек қисық ағаш. Ерді құрастырғанда қаптал екі қасқа бекітіледі. Тоқым үстінен ат қапталын қапсыра ұстайтын осы бөлшек қаптал атанған. Ердің алды, артына қарай қапталдың алды, қапталдың арты болып аталады.

Белағаш. Екі қапталға, екі қас қиылғанда ердің бел ортасы ашық болады. Соны жабу үшін, ер оқпанының ойымынан тең етіп, ойып шабылған қисық ағаш белағаш деп аталады.

Оқпан. Ерді шалқасынан тастап қарағанда, екі қапталдың арасында болатын ойық. Ерді атқа салғанда аттың қыр арқасынан көрінетін, қол сиятындай қуыс. Бұл аттың қыр арқасын бастырмау үшін, қастың ойығымен тең жасалынады.

Үзеңгілік. Үзеңгі бау өткізуге арналған екі қапталдағы тесік. Үзеңгілік екі қапталдың астыңғы шетін ала тесіледі.

Қанжығалық. Ердің алды, артында қапталдық қастан асып тұрған жері. Төрт қанжығалыққа екі-екіден 8 тесік жасалады да, әр тесіктен бір жұп қанжыға таспа жіп өткізіледі.

Шеттік. Артқы қапталдағы қанжыға тесігімен қосалқыланып өткізіліп, өрілген тұйық таспа, оған құйысқанның ұшы байланады.

Анжы. Ойма қасты ердің белағашын орнына қойғанда, оны желімдемей, шегелемей, тек шикі қайыспен жан-жағына көктеп бекіткен таспа.

Шегелік. Қас пен қапталдың қиылып, шегемен бекітілетін жері.

Аттық. Ердің адам мініп отырған тұғырлығы, «кісілік» деп те атайды.

Тоқым. Ердің астына төселіп, ат үстіне жабылатын жабдық. Тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік, оқ, төсеніш сияқты тоқым атаулының барлығы да таза киізден жасалады.

Төбінгі. Аттың тері балаққа, қонышқа, етік, кебіске тимеуі үшін, үзеңгі бау, таралғы атқа тиіп қабырғасын қажамау үшін ат пен үзеңгі арасына байланатын қалқан. Төбінгі су тисе созылмайтын, күн тисе құрғамайтын таза жүн киізінен жасалады.

Тебінгі тоқым. Ер ағаштың астына төселетін бірінші тоқым. Оның ер астында қалатын орта бөлігі ішпек ретінде болады да, аттың қабырғасын жапқан екі жағы тебінгі болады. Сондықтан тұғастырып жасалып тебінгі мен ішпек тебінгі тоқым аталады.

Тұрман. Салт атты өрге өрмелегенде, төмен ылдилағанда, жегілгенде, шапқанда ер тоқым ат арқасынан ілгері кейін кетпеуін, ауып түспеуін қамтамасыз ететін жабдық.

Ішпек. Ат арқасына ер батпас үшін қалыңдатқанда тебінгі тоқым астынан бірінші салынатын екі қабат киізден жасалатын жабдық.

Терлік. Ат денесіне тіке түсетін, ат арқасының тері соған сіңетін ең соңғы тоқым қабаты. Қозы, лақ терісінен жасалады.

Тоқым киіз. Тоқым біткен ат арқасына салынады. Аттың арқасын аман сақтау үшін, тоқым киіздің таза болуы шарт.

Ершік. Доғамен де, доғасыз да жеккенде қолданылып, бел көтергіш арқылы бүкіл жегу саймандарын берік ұстау үшін және тарту қарсылығының белгілі бір бөлігін аттың арқасына түсіру үшін ол екі үлгілі болады, жатыңқы ершік шоқтығы төмен, күйлі аттарға арналады. Бүкір (тік тұратын) ершік екі темір аршадан және қос тақтадан тұрады. Бұл тақталар А. Воейковтың конструкциясының ершігінде аттың арқасын жауыр етпес үшін жылжымалы етіп жасалған. Жатыңқы (тегіс) ершік имекті және личинкалы екі ағаш кеспелектен тұрады. Әр ершікте терлік, тері қақпақ, желкебаудың айылын түймелейтін, ершікті бекітетін, шап айылдың қозғалысын жұмсартып, доғаны жеккенде тез құру үшін қажет горттар бар. Делбені қайыстан, тоқыма баудан, жіптен немесе шеттері қайысталған жіптерден жасайды. Делбенің ұшына оны ауыздық шоғыртықтарына ілдіру үшін түймелік не карабиндер бекітеді. Делбенің ұзындығы – 10 м болады.

Доға. Жегу саймандарына тән ерекше белгі. Ол жүк тартқанда, не кедір-бұдыр жолмен жүргенде құлақ баулармен бірге амортизатор қызметін атқарады. Ол тұтасымен иілген (дөңгелек, жалпақ), салмақты, әрі енді, шеттері әртүрлі етіп безендіріледі. Үйенкілі иілген доғалар болады, оларды боз талдан не шегірткіктен жасайды.

Атты жегу саймандары – жүгеннен, қамыттан, жанқайыстан, құйысқаннан, ершіктен, делбелерден және шап айыл көтермелерінен тұрады. Доғасыз жегу саймандарында жүк тарту жанқайыс арқылы жүзеге асырылады, ол тек жүкті бағыттау және ұстап тұру, тоқтату үшін пайдаланылады. Бұл жегу саймандарын тәртесіз, құйысқансыз, нокта және ершіксіз де пайдалануға да болады. Мұндай жағдайда ершіктің орнына жалпақ арқа қайысты салады, оның шеттерін жанқайысқа жалғайды. Доғасыз жеккенде

қамытты кеуде үстіндегі және мойын қайыстарынан тұратын, қатты, тірексіз және қамыт ағашынсыз, шорқамен не баумен ауыстырады, сондықтан ол ауыр жұмыстарға аз пайдаланылады.

Қос атты жегу саймандары – жүгеннен (ноқтасыз), қамыт қанжығадан (құлақ баудың орнына), көкірекше мен напильниктен, жанқайыс пен төрт делбеден тұрады. Көкірекше деп қамыт қанжығасын жылқының төсінің алдымен жалғап тұратын қайысты айтады.

Оған шығыршақ арқылы напильник ілінеді. Напильник оқ ағашқа қарай иілегін қайыс. Қос атты оқ ағашты желіге жүк жанқайыс арқылы тартылады да, бұрылу, жүкті тежеу және артқа шегіндіру оқ ағаш арқылы жүзеге асырылады.

Жегістер қамытты жегіс және қамытсыз жегіске бөлінеді. Қамытты жегіс – жетек – доғалы, жетек – қайысты, оқ ағашты, жанқайысты және аралас үш атты, қос атты, көсем жегілген және т.б. болып бөлінеді.

Жегу тәсілдері. Жегердің алдында аттың денесін тексеріп, сау және тоқ екендігіне көз жеткізеді. Содан соң жылқыны жетектеп ат қораға кіргізіп, тұқай ілмегімен оның тұяғын тазартады. Ат сайманды жылқыға ат қорада тұрғызып кигізеді. Алдымен жүгенді, содан соң ертоқымды (ыңғыршақ) айылымен, соңынан қамыт шілиясын (өмілдірікті) кигізеді де, оны мойнының ең тар, еңсіз жерінде міндетті түрде жалдың бағытымен айналдырады. Жалды қамыттың астынан босатады. Жегудің белгілі бір жүйесін ұстанады. Әдетте атты жегу сол жағынан басталып, оң жағынан аяқталады. Атты сайманмен жегу келесі ретте жүргізіледі: арбаның тәртесі мен тежесін тексеру; жылқыны тәртеге кіргізу; доға кигізу; қамыттың тамақ бауын тарту. Тәртенің алдыңғы ұштарының арақашықтығы доғаның еніне тең болуы керек. Доғаны кигізер алдында, сол жақтағы тәртеге көтермені, сосын шап айылды кигізеді. Шап айыл тертенің оң жағына да кигізіледі, өйткені өрге көтерілгенде не жылқыны суарғанда бел көтермені түсіруге тура келеді.

Доғаны сол жағынан салады. Сонымен қатар тәрте шеттерінің арақашықтары бірдей болуын қадағалайды. Оң жақтағы құлақ бау тәртені төменнен жоғары қарай, ал сол жақтағысы – жоғарыдан төмен орап тұруы керек. Доғаны салып болған соң, құлақ бау тығыз тартылуы үшін және доғаны қолмен соққанда артқа не алға қисаймай және қамыт мойынды қыспай, оған дәл жатуы үшін қамыт ағашына аяғын тіреп, қамыттың тамақ бауын тығыздап тартады. Тамақ бауды керегінде жылдам және жеңіл босатып алу мақсатында тұзақ бау етіп байлайды. Көтермені астынан (қамыт пен мойынның

арасынан) 2-3 елідей қалдырып тартады. Шап айылын айылды доға басынан өткізіп, тығыз етіп тартады. Жүген тізгіндерін айқастырып жылқының мойнының екі жағына салады. Содан соң онымен доғаның артын не айналасын орайды, сосын төртенің оң жағына байлайды. Тізгінді қатты тартуға болмайды. Ол жылқы қозғалысына, әсіресе, ауыр жұмыс кезінде кедергі жасайды. Атты жегу көтерме мен құлақбаудың үстінен жіберілген делбені ауыздықтың шығыршығына байлаумен аяқталады.

Доғасыз жегуде қамытты құлақбау мен доғаның көмегімен емес, арнайы қайыспен не темір жегу саймандарымен біріктіреді. Бұл жегуде жылқыны жанқайыспен тартады. Төртелер тек жылқының жүрісін бағыттауға немесе таудан түскен арбаны тоқтату қызметін атқарады. Сондықтан мұндай жегіс түрін негізінен асфальтті қалалық жолдарға пайдаланады.

Ат арба. Арба дөңгелегі ағаш не темір табанды болады. Пайдаланылуына қарай олар – жүкті және жеңіл, жегу түріне қарай: бір – және қос немесе көп аттылы болып бөлінеді. Дөңгелекті арбалар өзінің құрылысына қарай: ағаш және темір табанды, шойын төлкелі, шарикті және роликті, жүріс жылдамдығы және жұмсақтығына қарай: рессорлы, рессорсыз, дөңгелекке қарай: темір табанды, резинка табанды, ішіне ауа толтырылған доңғалақты деп бөлінеді.

Жақсы арбаның салмағы жеңіл, құрылысы қарапайым, жүрісі еркін де жайлы, оңай өтімді, бұрылымды және икемді, берік, төзімді, жүк тасығыштығы жоғары болады. Қазіргі уақытта ең жақсы жүк тиейтін ат арбалардың ішінде өзі аударатын арбалар ерекше орын алады. Олардың доңғалақтары ауамен толтырылады және олар 3 тоннаға дейін жүк көтереді.

2.4. Мініс және жегу атының жабдығы

Мініс және жегу атының жабдығы жүген мен ертоқымнан тұрады. Жүген сулықты және мүштікті ауыздықты. Жүген – ұртты маңдай үстіндегі сапалдырықтан, тұмылдырықтан, ерін астындағы тізгін қайыстардан болады. Мүштікті жүгеннің қосымша тізгін мен қайыстары болады. Қазірде әскери, қазақы, спорттық және жүк арта-тын ерлер кең тараған.

Әскери ер – екі ағаштан жасалған орындық қапталдан, алды артындағы шығыңқы екі қырдан, ертоқым көпшігінен, орындыққа арналған екі терліктен, отырғыштан, екі қанаттан, екі таралғы үзеңгіден, екі тартпадан, тізеліктен, екі терлік тоқымнан, артқы

және алдыңғы жүктер салатын екі ат қоржыннан және тоғыз жүк қайыстардан тұрады.

Қазақы ертоқымы – аршаның екі қасынан, екі түзгіден, көпшіктен, төс айылдан, екі қанатасты қанаттардан, екі үзеңгісі бар таралғыдан, екі қос сүзгіліктен, екі тарпадан, арша күрзісінің екі астарынан, терліктен, төсеніштен, затқа, жүкке арналған екі қоржыннан, тоғыз жүк қайыстан, төрт жүк салатын тері тұзақтан және екі аяқ шығыршығынан тұрады. Тауда жүрген кезде қазақ еріне қосымша терлік және құйысқан кигізеді.

Жүк артуға арналған ер – қапталдан, жүкті ілетін икемделген қармақтан, көкірекше шілиясынан, құйысқаннан, екі тарпадан, айналмалы айылдан, алты жүк қайысынан тұрады. Жылқыға артылатын жүктің көлемі ердің енінен – 120 см, ұзындығынан – 80 см, биіктігі – 35 см аспауы керек. Жүкті жылқының үстіне міндетті түрде екі жағынан тепе-тең етіп орналастырылады. Жүктің салмағы ердің тірелу аймағына бірқалыпты түспеуі қажет. Жүкті тиегенде жол ерекшелігін де ескеру қажет.

2.5. Жылқыны күту ережелері

Жылқының мінезін ескере отырып, оған батыл әрі жылы шыраймен қарай білген жөн. Жақындағанда жылқыны үркітіп алмау үшін дыбыстап (құр-құрлап) шақырады. Кермеде тұрған жылқыға артынан баруға болмайды, оны алдынан барып кермеден артқа шегіндіріп алып шығады.

Жылқыны тазарту үшін тазартқыш щетка, мауыт (түкті шүберек), ат тарақ (щетканы тазалау үшін), ағаш пышақ немесе тұяқ тазалайтын ілмек және тұяқтарын тазалау үшін 3-4 жылқыға бір шелек қажет. Жылқыны қысқа ағашқа байлап, сол жағынан тазалай бастайды. Ол үшін щетканы сол қолға, ал ат тарақты тістерін жоғары қаратып оң қолға ұстайды. Сосын оң қолдың ортаңғы саусағымен ноқтаны жылқының құлағына қарай шегіне жеткенше апарды да иек қайысты қоса алып, жылқының құлағына жетпейтіндей етіп ноқтаны тартып ұстайды. Басын желкеден төмен қарай, сосын құлағы мен көзінің айналасын тазалайды. Көзін зақымдап алмау үшін щетканы абайлап жүргізеді.

Бастың сол жағын тазалап болып, мойнының сол жағына, сол жақ аяқ-қолын, кеудесін, сәуірін және артқы аяқ-қолдарын тазалауға кіріседі. Сол жақ алдыңғы аяқ-қолын тазалауды иық алдынан бастап, содан соң алдыңғы сираққа көшеді. Мойны мен кеудесін тазалағанда

аяғын жерге нық етіп кең қойып, жылқыға бетімен қарап тұрады. Бұл қырынан тұрған жылқының көп қозғалмай денесінің біраз бөлігін тазалауға мүмкіндік береді. Мойын, не кеуде бойымен қолды кең сермеп щетканы жайлап түгіне қарсы, ал содан кейін оның бойымен күш түсіре қозғайды. Әр қозғалғанда бір жерін қайта-қайта үйкелемей, терінің жаңа бөлігін алып отырады. Жылқы түгінен 3-4 рет өткізгеннен кейін щетканы ат тарақпен (тістерін бойлап) тазалайды. Щетканы қарсы бағытта тазартып, алдын тазалап отырады. Ат тарақтағы жиналған шаң мен ласты ағаш жаңғырыққа жеңіл соғу арқылы түсіреді. Ат тарақтың шаңын соғып тазалайды (кермеге, астауға соғып түсіруге болмайды).

Соңынан жылқыны денесінің да дымқыл шүберекпен сүртіп, жылтырау үшін – щеткамен тарайды. Жылқының терісін жауып тұрған түктерін тазалап болғаннан кейін жал, құйрық, кекіл секілді қорғаныш шаштарын тазалауға кіріседі. Жал мен құйрықты тазалау үшін тарақты пайдалануға болады. Сол қолымен жалдың бір бөлігін алып, жабысқан шаштарын біртіндеп айырады. Шаш талшықтарын таза және дымқыл шүберекпен дұрыстап сүртеді. Жал мен кекілді басқа бөліктерін де осылай айырып тазалайды.

Механикалық тазалау жылқының жұмысын жеңілдетеді, оның шаштарының жиналуын көбейтеді, жылқы күтімінің гигиеналық жағдайын жақсартып, ат қораларын таза ұстауға мүмкіндік береді. Пневматикалық тазалау кезінде түлеген кезде түсетін шаш, қайызғақ ауамен темір тарақ және резинка түтік арқылы шаңсорғыштың вакуум шелегіне тартылады.

Сол жақ алдыңғы аяғын тазалап, қарау үшін жылқының иығын тіреп, оң қолмен аяқ-қолын жоғарыдан төмен қарай, сипай отырып, бақайды ұстап, тізелік буынынан бүгіп, аяқ-қолын көтереді. Бүгілген аяқ-қолын сол қолына алып, ағаш пышақпен немесе ілмешекпен тұяғының жүрекше таптарының балшығын тазалайды. Сосын барып тағасын қарайды. Сол жақ артқы аяғының тұяғын тазалап, тағасын қарау үшін жылқының басына жақын келіп, мойнын, арқасы мен сәуірін ақырындап сипайды және оң аяғын жылқының артқы аяғына қарсы қойып, сол аяғын орнында қалдырады. Әрі қарай сол қолымен жылқының жамбасына сүйеніп, ал оң қолымен жамбасын төмен қарай сипай отырып, бақайынан ұстап аяғын көтереді. Содан соң өзінің аяғын алға шығарып, оған тұсау буыны тізеден жоғары асып кетпейтіндей етіп жылқының аяғына салады. Бұдан кейін тұяғын тартып, тағасын қарайды. Оң жақтағы артқы және алдыңғы аяқ – қолдарын да осыған ұқсас етіп тазалайды.

2.6. Ат сыны туралы...

Жақсы ат шаруаға да, әскерге де бірдей жарамды, күшті, көнбіс, шабысты, желісті, аяңшыл болу керек. – Әскер мен шаруашылықтың біріне жарап, біріне жарамаса, ол – аттың үлкен міні. Мысалы, қашаннан бері мақталып келе жатқан ақалтеке шаруашылықтың ауыр жұмысына салсаң түкке тұрмайды. Оның үстіне, қан араластырмай, тақ өсіре бергендіктен әлсізденіп бара жатқан тұқым. Алғашқы біраз ұшқырлығы болмаса, әскердің бір күндік ұзақ жорықтарына, тіпті, жарамайды, ақалтекенің қазіргі халі осы, – депті С. Буденный.

Онда ол қатардан шыққалы тұрған тұқым болды ғой? – деген сұраққа: осы күйінде дара өсіре берсең, сөйтеді. Мүмкін, басқа бір қанды тұқымға араластырса, түзеліп кетер деп жауап берген.

Ал, сіздің өзіңіз шығарған тұқымның ерекшелігі неде?

Ол жаңағы айтқан әрі шаруаның ауыр жұмысына әрі әскерге бірдей жарамдылығында. Бұл ағылшын жылқысы мен Дон жылқысының арасынан туған тұқым. Денелі, күшті, шабысты, желісті, шыдамды әр алуан сыннан өтті. Әсіресе, Ұлы Отан соғысында ойдағыдай жерден шықты.

Қазақы жылқының тұқымы туралы не айтамыз?

Қазақ жылқысы, сөз жоқ берік, көшпелі елдің өміріне өте қолайлы. өзі де сол көшпелі өмірден туған ғой. Күту, өсіру жағы оңайырақ. Бірақ қазақ жылқысының аяғы қысқа. Қысқа аяқты жылқы шапқанда құлашын кең сермегендей болады да, аяғын жерге басқанда бауырынан аспайды. Асыл тұқымды жылқылардың бір аттағанын бір жарым аттап барып алады, – деді маршал.

Жылқы тұқымын асылдандырудағы әртүрлі мақтарлық табыстармен бірге кемшіліктерді де айта келіп, атпаз маршал өз тәжірибесінен алған он бес түрлі сынын айтты. Мұны ғалымдар естіп қалып, басымды дауға салып жүрмесін деп, қалжыңдап та қойды.

Жақсы атта он бес түрлі белгі бар. Сол он бес түрлі белгі түгел табылған атты мен көңілдегі жылқы деп білемін, – деді. – Ол он бес түрлі белгі үш-үштен бөлініп, бес төркінінен алынды:

Жақсы ат сынының *бірінші төркіні* – *ер мінезді еркек*. Еркектен алынатын үш белгі: жайдары мінез, күш және шыдамдылық. Шыдамдылықты көнбістік деп те айтады. Еркек біткеннің өзінен де бұл үш сипат табыла бермейтіні рас, бірақ біз табылуын тілейміз. Қалай да осы үш қасиетті еркекке тән белгілер деп танып, төркінін де еркек дейміз: жайдары мінез, күш және шыдамдылық. Атқа күш пен шыдамдылық қандай керек болса, жақсы мінез де солай ке-

рек. Жақсы аттың иесіне сенімді серік болып кеткені сол жайдары мінезден туады. Ал күш пен шыдамдалықтың неге керектігі кімге болса да түсінікті болу керек...

Абайдың: «Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас», – дегені еске түскен жолдастар біріне-бірі қарасып күлімдесіп қояды.

Жақсы ат сипатының *екінші төркіні – әйел*, – деді маршал.

Әйелден үш белгі алынады. Ең алдымен, өкпе мен жүректің ұясы – кеуде кең, салыңқы болу керек. Кеудесі шығыңқы, шалқақ келген бір әйел болады ғой. Сол сипат алынады. Кейде оны қораз төс деп те атайды. Бірақ қораз шынында да қораз ғой. Сондықтан бұл сипаттың төркіні деп әйел дейміз.

Абай тоятпаған бүркітке теңейді, – деген сөз өзінен-өзі ойға оралады.

Дұрыс. Дұрыс теңелген, – деп маршал жауап қайтарды. – Енді әйелден алынатын соңғы екі белгіге келейік. Оның бірі – *қозғалыс қимылдарының әсемдігі мен ыңғайлығы*. Жақсы аттың әрбір қозғалысы ерке әйелдің қозғалысындай ыңғайлы да әсем де болуға тиіс. Дөрекі ат шаруаға да, әскерге де қолайсыз. Ат деген, әйтеуір, көлік емес, салтанатты, сәнді көлік. Ол көлік көңіліңді көтеріп, бойыңды өсіреді. Әйелден алынатын үшінші сипат – *аттың түгі болады*. Әйелдің шашы қандай әдемі болса, аттың түгі де сондай көрікті болсын. Ала-кұла, күлге аунағандай көмескі түстер аттың сәнін бұзады, дене сұлулығын бүркеп тұрады. Аттың сұлулығының бірі түріне байланысты. Кекілі қалай біткен, құйрық-жалының бітімі қандай, түгінің түсі ажарлы ма, осының бәрін де әйел сипатынан аламыз.

Сонымен жақсы аттың әйелден алатын сипаттары – *салыңқы, кең кеуде, әсем, ыңғайлы қозғалыс, аттың әдемі түсі – түгі екен*.

Ендігі үш белгі қояннан алынады: *етсіз, жеңіл бас, кең ашылған көз және ұшқырлық*. Басы етті жылқы кейде күші болғанмен өнерсіз, ыңғайсыз, дөрекі болады. Және бастың еттілігі – күштің де белгісі емес. Басы етсіз жылқының бар мінезі көрініп тұрады. Аттың сүріншек, үркек болмауы үшін көздері жұмық болмай, ашық болуы керек. Ат айналасын еркін көріп отырса, аяғын да ойнай басады, жүрексінебейді. Қояннан алынатын үшінші белгі *ұшқырлық* дедік. Бұл әлгі дыр етпе, шу дегендегі жақын жердің ұшқырлығы емес. Оны ағындылығы деуге болады. Ал бұл ұшқырлық аттың бар жүрісінде болу керек. Ат аяғын жеңіл басып, әр жүріс ұтымды, жіті болсын...

Абайдың «екі көзін төңкеріп» дейтіні, «қоян жақ», «шапқан атқа жеткізбес», «бөкен желіс» дейтіндері осы тұсқа қабысып та қалып отыр.

Төртінші түйдекпен алынатын үш сипаттын төркіні – *түлкі екен*.

Азулы аңның ішінде атқан оқтай тік жорытатын түлкі болады, – деді маршал. Қасқыр, ит сияқтылар көлденеңдеп жортады. Өзгелері одан да жаман. Аттың алды-арты кезек солқылдамай, бар денесі жинақы әрі ықшам әрі атқан оқтай тік жүруі өте қымбат қасиет. Бұл белгіні біз түлкіден алдық. Түлкіден алынған екінші белгі – *құлақтарының дұрыс бітуі*. Аттың құлағы қатар біткен екі саусаққа ұқсап не болмаса, қоянның құлағына ұқсап, қақ төбесінде тұрса да жақсы емес. Дәл дұрыс біткен құлақ түлкінікі деуіміз керек. Түлкіден алынған үшінші сипат – *құйрығы*. Аттың құйрығы да түлкінің құйрығындай, түбінен ұшына қарай бір тегіс жіңішкере барып бітсе, ат сұлу көрінеді. Артқы мүшелері жасырынбай, өзінің әдемі түрін табады. Сонымен, түлкіден алынатын үш белгі – *оқтай тік жүріс, құлақтың дұрыс бітуі, түбі жуан, ұшына қарай бір тегіс жіңішке біткен сұлу құйрық*.

Жақсы аттың бар мүшесі түгел тең келуін көп іздеген атпаз маршалдың көзіне *есек байғұс* та түспей қалмапты. Одан алынған үш сипат бар екен.

Әр түлік малдар мен аңдардың ішінде бастың астыңғы жағы айқын көрініп тұратыны есек, – деді Семен Михайлович. – Онымыз *жақтың етсіздігіне* байланысты. Етті басты малдардың екі жағы да айқын көрінбей тұрады. Біз айтып отырған етсіз басты аттың, әсіресе астыңғы жағы бар сызығымен айқын көрініп тұруы қажет. Мұндай жақ есекте ғана бар. Сондықтан етсіз жақты содан алдық. Есектен алынған екінші белгіміз – *төрт аяқты тең басуы*. Төрт аяғын жерге бірдей тең басатын хайуан есек қана. Ол төрт аяқтың тең бітуіне байланысты. Кейде алдыңға аяқтары майысып, тілерсегі тілерсегіне тиіп тұратын жылқылар болады, бұл біздің сынға толмайды. Есектен алынған үш белгі – *төрт тұяқтың дұрыс бітімі*. Табаны өмірде «қазтабандап» жерге тимейтін дөп-дөңгелек қобы тұяқ есекте ғана. Қандай асыл тұқымды деген жылқылардың тұяқ бітімі есекке әлі жете алған жоқ. Тұяғы осылай біткен жылқы ақсамас та еді, аяншақ та болмас еді, әсем де болар еді...

Сонымен жақсы аттың есек туысқанынан алатын сипаттары – *етсіз жақ, тең біткен төрт аяқ, қобыланып дөңгелек біткен тұяқ екен*.

Атамыз қазақтың ертеден келе жатқан төмендегідей тұжырымдарын келтіруге болады.

– Жүйрік ат асау болмайды, ақылды адам секілді сабырлы келеді.

– Тайбурыл бәйгеге қосылмай жалғыз жортқан. Ал жалғыз шапқан ат жүйрік екені бесенеден белгілі. Тұлпардың елінде өскен Кемпірбай ақын: «Боз шапса боз озбай ма бурылдан, мен шапсам жер танабы қуырылған», – деген. Нармамбет Орманбетов: «Қарасұр аяндай бер, қақпан белім, өр болып қалушы еді шапқан жерің!» – деген. Кептер көшірме жасаған. Құлагердің мойыны ләйлік болған ба екен? Сынша Абайдың: «Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ!» дегені қайда?! Дүние жүзінде барабарсыз тұлпар буданнан шықса, будан деген ұғымның өзінде жұп жұмыр сурет жатқан жоқ па?

– Қазақтың бұрынғы тәжірибесінде жүйріктігіне анық көзі жеткен сәйгүліктің қасына бір құрбандық қосып жіберетін болған. Сәйгүліктің жілік майының ағарып, жаратуға жеткен – жетпегенін анық білу үшін оның жанындағы бірге оттап, бір жүрген қосар жылқыны сойып көреді. Егер жілік майы ағарып, шынылана бастаса ғана сәйгүлікті жаратуға кіріседі. Бұл, әрине, жел қанат пірақты арман еткен көшпелі бабаларымыздың шын жүйрікті баптауға қандай шығынға болса да даяр екенін білдіретін қызық мысал.

– Бәйге аттарын күтуші оны қыс айларында таза, жылқы қорада ұстайды. Әсіресе, оларды маңқа, жамандат, қан аздылық, қарақаптал, шойырылма, қара өкпе, жем түсу сияқты ауырулардан сақтау керек. Жарысқа қатынасатын ат дұрыс суымай тұрып жемделсе немесе суық су ішсе, онда жылқының тұяғы ревматикалық қабыну ауыруына ұшырайды. Мұны қазақ аяққа жем түсу дейді. Ауыру жылқы аяғын алға қойып тынышызданып, зорға дегенде жүреді. Бұзылған, сапасыз жем-шөптен жылқы шанышқақ ауыруымен аурады, мұндай жағдайда, оны желдіріп, ішін босату немесе ысқылау керек.

– Ат спортында жеңіске жету үшін сәйгүлікті күтіп, баптаумен қатар оны тандап алудың да ерекше маңызы зор. Неғұрлым ұзын жылқы шабысқа икемсіз келеді. Басы ашаң, мойыны жіңішкелеу көтеріңкі, шоқтығы көрікті, иығы бір шама биіктеу, бұлшық етті, арқасы қысқа және оқтаудай түзу, белі жазық, сәуірі ұзын әрі түйетайлылау жылқылар жүйрік келеді. Аяқтары түзу, буындары берік, алдыңғы қолтық пен кеуде бұлшық еттері жақсы жетілген, асық жілігі ашаңдау жалпақ, тұмсығы көлбеулеу болса, бұл да жүйріктіктің белгісі.

– Көкпарға қатынасатын аттар негізінен жаз кезінде байланады. Аттарды баптау мерзімі, ең кемі екі ай, кейде қырық күн. Тіпті, үш ай байланатындары да бар, ол енді аттың қондылығына байланысты. Байланған атқа жем-су, әрине, тасып беріледі. Күндіз – салқын саяда, түнде – ашық далада байланады. Жазыгүні күндіз жұқа жабу жапқан

жөн. Екі мезгіл – таңертең, кешке суарып, ауыстырып аунатып алады. Атты жаңбырлығы (сан сызығы) жабылып, жалы құлаққа жете, қабыл болғанша, жілік майы толғанша бағады. Жілігі толған атты, яғни үш төрт елі қазысы бар атты таң атыру басталады. Бұл кезде құрғақ шөп, арпа беріле бастайды. Кейбір аттарды күштілігіне қарай қаңтару таңғы және кешкі екі мезгілге көшіріледі.

Кешкі жемнен кейін атқа ешқандай шөп бермей зере қазыққа, құр тақырға таң атқанша байлап қояды. Аттың дене тұрқына орай зере қазықтың жерден биіктігі 1,5-2 м шамасында болады, мойыны, кертпеш жасалады, бұл аттың айналып тұруына мүмкіндік береді.

Көкпар атына, негізінен, қазақ, қарабайыр жылқылары алынады. Әрі жылдам әрі сұлу, ірі де күшті – бар жағынан қасиеті сай келе жатқан тұқым – араб тұқымы. Қарабайыр қазанатпен будан болса, солар шыдамды. Қарабайыр 12-13 жасқа дейін, қазанат 20-30-ға дейін шабады. «Бәйге алған жабыдан қазанаттың өлімтігі артық» деген қазақ.

Сонымен, қазақтың көне тәртібінде атты 50-60 күн байлайды. Қаңтарлады. Қысқа жақындағанда 60-70 күн мініледі. Сонан соң көкпарға салынады.

Осы жолдан өтпеген ат бапқа келмейді. Байланған кезде атты жемшөптен, судан тартпайды. Мысалы, күніне 2-3 кг жем берсе, ертеңіне 4-5 кг көбейтіп береді. Кейбір аттар екі пұтқа дейін екі мезгіл жем жейді. Болса бидай береді. Ат әбден семіру кезінде – күндік норма 2 пұтқа жетеді. Осы кезден бастап күн сайын, ат жемді қалдыра бастағанда.... килограмдап төмендете, кеміте береді.

Жемдеген кезде арпаны шала қайнатып, сонан соң қуырып беру. Бұл өте сіңімді болады. Қазақ бұрын сұлы берген. Ол арпадан да жеңіл. Ал суытқан кезде бидай беру – жылқыға өте ауыр соғады.

Аттың тамағы жақсы қорытылу үшін әрі бойына тез сіңуі үшін бір шелек көк шайды суытып береді. Бұл әдіс аттың көп кеткен терін қалпына келтіруге де, тәбетін ашуға да пайдалы.

Ат суыту өте қиын. Мықты көкпар қыста басталады. Қыста шапқан ат тез арықтайды. Мамырдан қазанға дейін байлаған атты байлаудан шығырарда бірінші рет үш күн бойы жем бермейді. Бұл – ішіндегі ласын тастау үшін қажет. Қырық күн келте байланып қаңтарылады. Сонан соң аздап ұзартуға болады. Бұл кезде аз аунатып, мейлінше, сақ болған жөн. Аунату, секіртуден қазы жырттылып кетуі мүмкін. Бір апта ер салынып, арқасын үйретеді. Күніне 100 м бастап, ұзата ұзата 30 км жеткізу – 60-70 күнге созылады. Бұл кезде күндік жем нормасы 4 кг режимге өтеді. Арықтағанда 7 кг жемге

дейін беруге болады. Ат 30 күндей мінген соң, жинақыланып, құстай қомданып қалады. Қадамын жай бастап, желе жортып, одан бусантып, терлетіп алып, қаңтарған дұрыс. Бір жарыста үш рет шапса, сонан соң төрт сағаттай жем-су берген жөн. Осыны жасамаған адам атын аяқтан қалдырады. Ыстықты – суықты етпей суыту керек.

Мәселен, бәйгенің атын алты ай жаз мінбей, жетектеп суытады. Көкпар атын суытудың түрі одан бөлек. Бәйге атының бапкерлері аттың тезегі сулы болса, «ішінде әлі май бар екен» деп, тұз, шөп беріп, ішегін кеңітеді.

Шабандоздың ерекшелігі: шабандозға қойылар талап тіптен өзгеше. Ол – ірі, сіңірлі, жастай ат үстінде өскен, ат құлағында ойнайтын, қара күштің иесі болмуы лазым. Бұған қосымша шабандозды тосар бір сыр бар. Ол – аттың мінезін меңгеру. Атпен «тіл тауып сөйлесу» екінің бірінің қолынан келе бермейді. Нағыз көкпаршы атты ұрмайды, тізгін қақса болды, ат иесін түсініп, артқы аяғымен жер тіреп, ұмтылып, додаға кіреді. Әбжіл, жылдам, әккі шабандоз да, ат та көкпарды алысымен игеріп кетеді.

Жылқының жүйрігі негізінен қулық биеден туады. Қулық биенің құлынында тұяқ қалың болып келеді. Ал кәрі биеден туған құлынның тұяғы жұқа болады. Соған қарап үлкендер болашақ жүйрікті құлын кезінен ақ ажыратап алады. Құлынның кішкене бақайы жуандау, тік әрі қысқа болып, табаны шұңқырлау, сауыры жұмырылып, қолтығы кеңдеу келеді. Саны етінде, қол еті де білеуленіп сыртына теуіп тұрады. Басы етсіз, көзі жанарлы, мінезі момындау болады. Бірақ жас кезінен айғырларға тістетпейтін сақ келеді. Үйірінен бөлек жусайды. Жалы сұйықтау болғанымен әр талы қатқыл, қайратты келеді.

Жүйрікті кезекті жарысқа қосарда құйрығын өріп, кекілін түйеді. Ондағы мақсат шауып келе жатқан аттың қызынып, терлеген саны мен маңдайын жауып, тер үстіне тер қосқызбау.

Атты жарату оның үш жасынан басталады. Осы кезде атбегілердің бай тәжірибесі негізінде аса сақтықпен жаратылса, келесі жылы да сол мезгілде аттың өзі жарай бастайды. Жылқы адам мінездес дейтініміз осындай сергек те, сезімталдығына байланысты айтылса керек. Бұрынырақта атты ыстық күндері киіз үйдің ішінде ұстап, түнде арқандап жарататын болған. Оның терін алып суытқан кезде кермеде ауыздығымен қояды. Өйткені, ауыздығымен тұрған ат қасынып, ащы терін татпайды. Сілекейін жұтпайды. Бабына келтірле жаратылған жүйріктің жүні жылтырап, әлденеге елеңдеп елегізіп тұрады.

3.1. Жылқы тұрпаты

Біздің қазіргі көріп жүрген жылқы малы осы күнгі жағдайына жетуі үшін көп уақыт қажет болды. Миллиондаған жылдар бойы жылқы тұқымдастары табиғи сұрыпталды. Жылқының шығу тегін білу үшін ғалымдарға көптеген қазба жұмысын жүргізіп, сонау ертедегі палеонтолог зерттеулері арқылы ғана мүмкін болды. Сол кездегі табылған құнды заттар жылқы малының шығу тегін түсіндіруге мүмкіндік берді. Оның дамуы осыдан 60 миллион жыл бұрын басталған. Бұл уақыт – ең ертедегі кайнозой эрасы болатын. Жылқының өсіп дамуы сыртқы ортаның өзгеруіне және табиғи сұрыптауға байланысты болды.

Жылқы малының шығу тегі және дамуы Еуразия мен Америка құрлықтарында бірдей басталды. Сол ерте заманда тропика ағаштарының ішінде жосып жүрген мыңдаған жануарлар арасында жылқы малының ең арғы – бес саусақты эогиппуста болды.

Моценнің, басына қарай анхитерий пайда бола бастайды. Бұл мал әжептеуір, денесі ірі қазіргі ергежейлі пони жылқысындай болды. Олардың тұяқтары басқа жерлеріне қарағанда, әлдеқайда үлкен келді.

Миоценнің орта кезеңіне қарай жерде мұз дәуірі басталды. Миллиондаған жылдар бойы дамыған жылқы тұқымдастарының өсіп өнуі күрт өзгерді. Жауын-шашын аз жауып, өсімдік қатайып өсті. Тропикалық ағаштар жазық далаға ауысты.

Осыған шыдау үшін жылқы тұқымдастарға дала жағдайына бейімделу қажет болды. Осы себепті оның дене бітімі, тұрпаты, тұяғы және тіс бітімі өзгере бастады. Аңыз даладағы қатал табиғат жылқы малының ертедегі атасына жүздеген шақырым жерді жүруді талап етті. Қатты жерде тұяқтың ең ортаншысына негізгі салмақ түскен соң, сол ортаншы саусақ дамыды да басқалары өзінен-өзі жойыла түсті.

Осы уақыттан бастап, жылқы тұқымының әдемі де ұзын аяғы пайда бола бастады.

Әрбір салқындаған уақыттан соң жылы мезгілдер де болып тұрды. Осындай өзгерістер жылқының сол жағдайларға тезірек көндігуін талап етіп отырды.

Табиғат өзгерістері арқасында төрт түрлі тақ тұяқты малдар шығуына әкелді. Біріншісі – жылқы тұқымдастар. Оларға қазіргі кездегі жылқылар, Пржевальский жылқысы және ертеректе болған

тарпан жатады. Екіншісі – зебра және олардың түрлері. Үшінші – есектер және оның Африка, Азия және т.б. құрлықтарда мекендейтін африка тұқымдас түрлері. Ең соңғы, төртіншісіне ғалымдар азиаттық есек тұқымдастар: құланды, онагрды, киангтерді жатқызады.

3.2. Жылқы сүйегінің кәделі мүшелері және дене бөліктері

Табиғат жылқы жүрдек, шыдамды болуы үшін барлық жағдай жасаған. Жылқы сүйегінің кәделі мүшелерін талдап көрейік. Малдың әрбір 252 сүйегі әртүрлі қызмет атқарады. Аяқ сүйектері тез жүгіруге бейімделген. Қабырғалары жылқының ішкі құрылысын қорғай отырып, оның жүруіне және дем алуына бөгет етпейді. Бел омыртқа мен мойын омыртқа жан-жағына бұрылуына, жүру ретін өзгертуге мүмкіндік береді. Жеті мойын омыртқасы малдың еңкейіп шөпті жеуге, су ішуге және керісінше, басын жоғары көтеріп ағаш жапырағын жеуіне жағдай жасайды. Осының бәрі өз ретімен, әдемі жасалады. Ең мықты деген мәрмәр тас граниттің өзі жылқы малының сүйегі көтеретін салмақты көтере алмайды.

Жақ сүйегі. Жылқының шөпті жұлып жейтін күрек тісі мен оны шайнайтын азу тісінің арасында тіс жоқ орта бар.

Осы ауыздағы бос жерді адам жылқыны үйретуге пайдаланады. Жылқы жағының астыңғы бос жеріне жүгеннің ауыздығы орналасады, сол арқылы жылқыны тоқтауға, бұруға, қысқасы басқаруға болады.

Жылқының алдыңғы күрек тістерінің кетіліп, жойылуына қарап отырып, оның жасын анықтауға болады.

Бұлшық еттер. Жылқы аяндап жүруге, шоқырақтауға, жүк тасуына (адам болсын, арба болсын) керек. Бұлшық еттер малдың көзін ашып-жұмуына, құйрығымен шіркейді қууына, ас қортуына, басын шұлғуына қажет.

Желісті малдарының артқы буын сүйектері жай мініс жылқыларына қарағанда, өзі жіңішке әрі ұзын болып келеді. Ал артқы аяқтарының мықтылығына байланысты олар ең ауыр жүктерді ақырын аяңмен алып жүруіне мүмкіндік береді. Желісті малдардың сүйектері мен бұлшық еттері алысқа шабуға, биікке және алысқа секіруіне жағдай жасайды. Осы себептермен желіс аттары мен алмауыттарға қоятын талаптар әртүрлі.

Жылқының ішкі құрылысын білу, оның дене бітімін және тұрпатын білуге көмектеседі.

Жылқының дене бітімі. Малдың дене бітімі (конституция) – ол оның жалпы бітімі және тұрқы.

Жылқының дене бітіміне байланысты оны: 4 түрге бөлуге шымыр, нәзік, тығыз және борпылдақ сияқты болады.

Шымыр түрі – сүйекті, бұлшық еттері ірі, терісі қалың, сырты тығыз қылшық жүнмен қапталған. Осы түрге жататын жылқылардың жалы, құйрығы қалың болып келеді.

Нәзік – жіңішке болса да сүйегі мықты, бұлшық еттері тым үлкен емес, терісі жұқа, қысқа және нәзік жүнмен қапталған.

Тығыз – сүйегі мықты болып келеді әрі тығыз, әрі мықты дамыған бұлшық ет, нәзік те, тығыз тері, жүні жіңішке.

Борпылдақ – денелі болса да сүйегі тығыз емес, көлемді, бұлшық еті бос, терісі және жүні қалың.

Тұрпаты. Жақсы білетін маман жылқыны сырттай қарап-ақ оның жақсы жаман жағын бірден айта алады. Негізінен, маманға ең бірінші жылқының түр-тұрпатына, сырт бейнесіне қарауы қажет. Жылқы малының тұрпатын дұрыс айыра білу үшін оның дене бітімін: бас, мойын, жал, арқа, бел, жамбас, кеуде, қарын, алдыңғы және артқы аяқтар сияқты бірнеше бөлікке бөледі.

Малдың тұрпатын білу, оның қай жылқы түріне жататынын, денсаулығын, қайда пайдалануға болатынын және дене бітімінің нашар жерлерін білуге мүмкіндік береді.

Түстері. Жылқының сыртқы түсі оның денесінің, жүнінің, жалының және құйрығының түстеріне байланысты болады.

Ерте замандағы жылқының тұқымдары әртүрлі климат және табиғат әсер етуімен өсіп, дамыды. Ауа температурасының маусым ретімен өзгеріп тұруы жылқыны да соған бейімделуіне итермеледі. Суық кезде олардың жүндері өсіп, тығыздалып, ұзарады; жаздың күні, түлегеннен соң жүндері қысқарады. Жылқының өніп-өсуіне оның түсінің де әсері көп. Осы уақытқа дейін жылқының ең жақын малдарының бірі зебра өзінің жолақ түсінің арқасында жыртқыш көздеріне аз түсіп, кейде ғана жем болып жүр.

Жылқының түсі кейде жасына да байланысты болады. Мысалы, сұр аттар туған кезде қара, күрең, тіпті торы түсті де бола береді.

Жылқының терісін және жүнінің түсі бір түрлі болғанда, оларды айыру өте оңай. Ондайларды бір түсті деп атайды. Бір түстілердің өзі бояуына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

Қара – денесі, аяқтары, басы, жалы, құйрығы біркелкі қара түсті.

Торы – денесі, аяқтары, басы, жалы, құйрығы біркелкі сары түсті.

Бурыл – қоңыр бурыл түсті денесі, басы және аяқтары, жалы мен құйрығының бояуы сондай, не болмаса ақ түсті.

Екі түсті жылқыларға мыналар жатады:

Күрең – денесі және басы қоңыр, ал жалы, құйрығы және аяқтарының төменгі жағы қара түсті.

Жылқының дене бітімі

Қара торы – қара түсті жылқы сияқты денесі, басы және аяғы қара, дегенмен, әсіресе, басында, көзі мен кеңсірігінің айналасында, арқасында және жамбасында қоңыр бояуы араласқан.

Торы жирен – денесі мен басы құм түстес сары; құйрығы мен аяқтарының төменгі жағы қара: көбіне, арқасында қара түсті жолақ «белбеу» болады.

Қоңыр қара – басы мен денесі қоңыр, немесе сары – қоңыр түсті денесі мен басы; құйрығы мен жалы денесінен ақшылдау, тіпті ақ, не сұр, денесінің әр жерінде жұдырықтай кіші белгілері болады.

Жеке бір топ – ол аралас, ақ және ала құла түсті жылқылар:

Сұр – құлын кезінде қара сұр болады да, өсе келе таза сұр түске ауысады, ал бие кезінде ақ түске айналады; бұндай жылқыларда ақ жүн басқа түрлі жүндермен аралас өседі, кейін олар ағара келіп, ат кезінде сұр түске, айналады не болмаса, сұр түсті денесінде баланың жұдырығындай, кейде түймедей қара түсті дақ болады.

Қара күрең – көбіне, біркелкі қоңыр, қара қоңыр, қара түстермен ақ түсті жүннің араласып өсуі.

Жабайы түстілерге:

Сары қызыл – денесі сары мен ақшыл жасыл түсті, оның ішінде төменгі жақтары ақшылдау; жалы мен құйрығы қара торы; аяқтарында көбіне қара түсті «жолақ», арқасында қара түсті «белбеу» жолақ болады.

Құла – денесі тышқан, не күл түсті болады, ал басы, жалы, құйрығы және аяқтарының төменгі жағы қара; арқасында міндетті түрде жолақ «белбеу» болады.

Шабдар – денесі ақшыл сары, жалы, құйрығы және «белбеуі» қызыл сары.

Ала құла түстілер:

Боз қара, күрең, торы түстердің арасында әртүрлі формалы ақ түсті бояулар;

Көк ақ түсті денесінің әр жерінде кішкентай алуан формалы қара, қоңыр, сары түсті нүктелер болады.

Сары боз – оның боз түсті жылқыдан айырмашылығы барлық

денесінде жолбарыстыкіндей жолақтар (ақ қоңыр түстес, не қоңыр ақ түстес) болады.

Белгілері. Бір түсті жылқыларды мамандар олардың денсіндегі белгілері арқылы айырады. Негізінен, ондай белгілер жылқының басында не аяқтарында болады. Мысалы, басындағы дөңгелекті айшық, жұлдызша, кеңсірігіндегі сызықты – жолақ деп атайды. Ақ түсті белгілерді (аяқтағы) сол түс қай жерге дейін жетіп тұрса, сол мүшемен атайды. Егер ақ түс жылқының алдыңғы аяғының ортасына дейін алып тұрса, онда мамандар «Алдыңғы сол аяғы тізесіне дейін ақ түсті» деп көрсетеді.

Енді бір көңіл аударатын нәрсе – ол жылқыларға салынатын ен – белгі. Мұндай ендерді әрбір жылқы малымен айналысатын шаруашылық, фермер салады.

Жылқыны өлшеу түрлері. Жылқының дене бітімінің өсуін білу үшін мамандар оның түр-тұрпатынан басқа арнайы өлшемдер жасау қажет екенін көрсетті. Дене бітімін және салмағын біле отырып, ол жылқының өсіп өнуін, оның тұрпатын, қай тұқымға жататынын білуге болады.

Негізінен, жылқының дене бітімін білу үшін: шоқтығына дейінгі биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, көкірек орамы, жіліншік орамы төрт түрлі өлшем жасайды.

Жылқыны өлшеген кезде мал қозғалмай, төрт аяғымен бірдей нық тұруы керек. Өлшейтін адам малдың сол жағынан келеді.

Шоқтығына дейінгі биіктігі дегеніміз жерден бастап жылқының шоқтығы арасы. Оны арнайы әрбір сантиметрі көрсетілген сызғышпен өлшейді. Өлшейтін адам малдың алдыңғы аяғының сол жағынан келіп, сызғышты түп түзу жерге қояды да, шоқтықтың ең биік жерін тауып алады. Егер жылқы тағаланған болса, онда барлық шыққан өлшемнен тағаның қалыңдығын (1-2 см) шегеріп тастайды. Шоқтықтың биіктігі бойынша олар: 100 см дейінгілер – пони, 140 см дейінгілер – өте ұсақ, 149 см – ұсақ, 159 см – орташа, 170 см дейінгі – ірі, 170 см және одан жоғарғылар – өте ірілер болып бөлінеді.

Ұзын бойлы мен ұзын аяқтыны оның биіктігімен шатастырмау керек. Өйткені алмауыт атты да, желісті аттылардың шоқтықтары бірдей болулары мүмкін. Осыған қарап екі жылқыны да дене бітімі жоғары деу керек. Ал ұзын аяқты деп желісті атты атау керек, себебі оның сирағы ұзын. Алмауыт жылқылардың аяғы қысқа болғанымен, оның кеуде орамы өте үлкен келеді.

Кеуде орамын негізінен өлшегіш лентамен немесе рулеткамен өлшейді. Лента арқылы шоқтықты құр рулеткамен өлшейді. Лента арқылы шоқтықты құшақтай отырып, кеудесінің ең төменгі жерін

және алдыңғы қолдың шетін қоса өлшейді. Ірі желісті аттардың кеуде орамы 175-190 см, алмауыттардыкі 240 см-ге дейін жетеді.

Тұрқының қиғаш ұзындығын өлшегіш таяқпен бұғана қабырғаның ұшынан жамбас жіліктің басына дейінгі аралығын өлшеу арқылы анықтайды. Жылқы шоқтығының биіктігінен және тұрқының қиғаш ұзындығына байланысты оның «тұрқы» (формат) да бірде барлық жағы тең төрт бұрышты, ал енді бірде ұзынша болып келеді.

Жіліншік орамын – өлшегіш лента арқылы анықтайды. Ол үшін алдыңғы сол жақ аяқ жіліншігінің ең жіңішке жерін өлшегіш лентаны орай отырып өлшейді. Бұл өлшем жылқы шоқтығымен бірге өте қажетті өлшем, ол мінетін аттарда 18-20 см, ал алмауыттарда – 23-25 см болып келеді. Жылқының жіліншік орамы неғұрлым жіңішке, әрі кепкен болса, ол соғұрлым әдемі келеді. Дегенмен, тым кепкен аяқ та онша жақсы болмайды.

Жылқыны өлшеу арнайы таразыда таңертең ертесімен су ішпей, тамақ бермей тұрып жүргізіледі. Жастары үлкен алмауыттардың салмағы орташа 700-900 кг, мінгіш және жегілетін аттар – 500 кг, жергілікті жылқылар 400 кг дейін, ал ергежейлі – понилар 100-200 кг болады.

Жылқы жүрістері

Жылқымен танысқан бетте, маман алдымен оның түр-тұрпатына қарайды. Одан соң ол міндетті түрде жылқыны жүргізіп көрсетуін сұрайды.

Табиғатта жылқы малының төрт түрлі жүріс түрлері кездеседі, олар – аяң, желу, жорғалау және шоқырақтау.

Аяң – жылқы жүрісінің ең ақырын түрі, бұл жүрісте ол төрт аяғын кезекпе-кезек сала отырып жүреді. Алдыңғы оң жақ аяғын көтеріп, оны жерге қойған кезде артқы сол жақ аяқ көтеріле бастайды. Бұндай жүрісті көлденең жүріс деп атайды: бірінші – алдыңғы оң жақ, одан соң – артқы сол жақ, одан кейін – алдыңғы сол жақ, ең соңында, артқы оң жақ аяқ, солай қайталана береді. Осындай жүрісте бірінің артынан бірі қайталанатын 4 тұяқ дыбысы анық естіледі. Тұяқтың жерге тиіп, оның серпілуін жүріс реті деп атайды. Бұндай жүрісте жылқы шамамен, сағатына 5 шақырым жол жүреді.

Желу – екі түрлі жүріс ретімен жүру. Бұндай жүрісте жылқы бір мезгілде алдыңғы оң жақ және артқы сол жақ аяқтарын, келесі ретте – алдыңғы сол жақ және артқы оң жақ аяқтарын бірге көтеру арқылы жүреді. Артқы және алдыңғы аяқтар «көлденең» қозғалады. Желу кезіндегі орташа жылдамдық шамамен, сағатына 16 шақырым.

Жорғалау – тез жүріс, бұл да екі жүріс ретімен жүру. Дегенмен, алдыңғы және артқы аяқтар «көлденең» қозғалмайды, желудегі алдыңғы оң аяқ және артқы оң аяқтар көтеріліп тұрмайды. Жорғалау желуден жылдамырақ. Жорғалап жүретін жылқыларды жорға жылқы деп атайды. Бұл туа пайда болатын жүріс, сол себепті жорға желіп жүрмейді және керісінше желіп жүретін жылқы жорғаламайды.

Жорға жылқыдан мінуші тез шаршамайды: жорғалағанда желудегідей емес, мінушіні аз соғады. Бірақ жорға малына тепе-теңдік ұстау, әсіресе күрт бұрылатын жерде, не болмаса, тегіс емес жолда өте қиын.

Шоқырақтау – ең жылдам үш жүріс ретімен жүретін түрі. Жоғарыдағы айтылған аяқ, желу, не болмаса жорғалау кезінде төрт аяққа түсетін салмақ шамамен, бірдей болса, шоқырақтау кезінде бұл салмақ жылқының қай аяқтан яғни: оң аяқтан, не болмаса, сол аяқтан бастауына байланысты. Сол аяғынан шоқырақтау бастаған кезде жылқы артқы оң аяғын (бірінші жүріс реті), одан соң алдыңғы және артқы сол аяқтарын бірден жерге тірейді (үшінші жүріс реті), соңында тек алдыңғы сол аяққа ғана тірейді (үшінші жүріс реті). Келесі артқы оң аяғына (бірінші жүріс реті) тірегенге дейін бір сәт жылқы жер бетінде қалқып, асылып тұрғандай болады. Шоқырақтау кезіндегі жүріс шамамен сағатына 20 шақырым. Бәйге кезінде арғымақтар шамамен, сағатына 60 шақырымдық жылдамдықпен шабады.


Шабу реті, аяғының ұзындығы не болмаса аяқ сілтеуіне байланысты алдыңғы аяқтар түсу ізіне байланысты әрбір жылқы жүрістері: қысқарған, орташа және қосымша болып үшке бөлінеді.

Жылқының мінез-құлқы оның нерв жүйесіне, жасына, тіршілігіне, адамның үйретуіне байланысты.

Жүрдек аттар өте қызба келеді, олар әрбір сыртқы өзгерістерге тез көңіл аударады, тез қимылдайды. Аяндап жүретін жылқылар сыртқы өзгерістерге көп көңіл аудара қоймайды, қимылдары шабан келеді.

Жылқының жоғары нерв жүйесін жобамен оның мінез-құлқына және тәртібіне қарап айтуға болады. Жүрдек жылқыларды адамға қарауынан, құлақ пен кеңсірігінің қозғалуынан, жүнінің жіңішкелігінен, сәл нәрсеге әсер етуінен, адамның айтқан бұйрық сөзіне көңіл аударуынан аңғаруға болады.

Дегенмен, жылқы малының мінез-құлқы негізінен оны адамның баптап ұстауына байланысты. Сондықтан осы негізгі қағиданы жылқы малымен айналысатын барлық адам білуі керек. Себебі, жылқыны күтіп, баптап, оған күнбе-күн дұрыс қарау арқылы ғана оның жүру қабілетін, мінез-құлқын дұрыс жолға қоюға болады.




Мінез-құлқы мен жас мөлшері

Жылқы мінез-құлқына қарай: мінезді, қатыгез, асау және қисық болып төртке бөлінеді. Жылқы малы иесінің дұрыс, не теріс қараған кездерін есінен көпке дейін шығармайды. Мінезі жеңіл жылқы өзінің иесін пырылдап қарсы алады, ал қатыгез жылқы иесін тістеп, теуіп, алдыңғы аяғымен жер тарпып иесіне өзіне көрсеткен қысымға қарсылық көрсеткендей болады. Асау жылқылар өзін тағалатпайды, тазалауға, ер тоқым салуға, жегуге қарсы шығады, теуіп, тістеп, алдыңғы екі аяғымен көкке секіреді. Ал қисық аттар қора қабырғасын, шөп, жем салатын жәшікті тістейді, алдыңғы аяқтарымен жер тарпып, оны ойып тастайды, басын шайқап, бір аяғынан екінші аяғына үнемі ауыса береді, ернін салпылдатып, тілін шығарады, жүгенін шайнап, сұлыны шашады.

Жылқыны қисық мінезінен айыру үшін ең алдымен оны жақсы көру керек, оған ең таза, адал көңілмен қарау керек, оны үйретуші өзіне сенімді, батыл, жігерлі, әрине, одан басқа арнайы білімі болуы керек.

Жылқының мінезі жасына қарай өзгеріп отырады. Оның орташа өмірі 20-25 жас. Тарихта жылқының 64 жасқа келген жасы да болған.




Жылқының дене бітімі

1-құлақ; 2-мандай; 3-кабак; 4-көздің үстіндегі ойшық; 5-кабак үстіндегі доғашық; 6-көз; 7-жақ; 8-тұмсық; 9-мұрын; 10-жақ; 11-танау; 12-ерін; 13-еріннің ұшы; 14-тамақ (сағақ); 15-бұғақ; 16-жақ; 17-желке; 18-бет қабыршықтық; 19-жал; 20-желке; 21-мойын; 22-тамақ; 23-төс-тіл асты; 24-шоқтық; 25-арқа; 26-бел; 27-омыртқа; 28-құйымшақ; 29-жамбас; 30-құйрықтың басы; 31-құйрық; 32-төс; 33-кеуде; 34-қабырға; 35-құрсақ; 36-қабырға; 37-қарын; 38-ұршын ойыс; 39-шап; 40-препуций; 41-жамбас шеті; 42-бөксе; 43-жамбас; 44-тізе; 45-жамбас сүйегі; 46-мық-шап төмпешігі; 47-дене; 48-шонданай жігі; 49-отран жілік басы; 50-отран жілік; 51-каштан; 52-алдығы шашағы; 53-артқы шашағы; 54-жауырын; 55-омыртқа ойысы; 56-жауырын; 57-тоқпан жілік; 58-тоқпан жілік басы; 59-тоқпан шығыршығы; 60-жіліншік; 61-дисталь сүйек; 62-бақай сүйегі; 63-дисталь сесамовид сүйек; 64-тұяқ қабырғасы; 65-артқы тұяқ; 66-тұяқ табаны.

ЖЫЛҚЫ СҮЙЕГІНІҢ КӘДЕЛІ МҮШЕЛЕРІ

Жағда БАБАЛЫҚҰЛЫ



Жылқы жануардың кәделі сүйектерін атаудың анатомия ғылымына қосатын үлесі шамалы. Бірақ тіл ғылымы тұрғысынан алғанда, ассимиляцияланған қазақ тілінің сорғыштау бір тұқпінде шашу жатқан атаулар мен тіркестер тобыен айналымдағы үйірге коса алады. Сонымен бірге мектептерге арналған этнопедагогикалық ғылыми пайдалы жағы моландау.


Бұл жолы көптеген ұсақ-түйек сүйектердің, кемік, қағажактардың кершеу, шершеу, шеміршектердің кәделі, мүшелі атауларын атай алмадық. Келесі кезекте көбіне тоқталып өтуіміз мүмкін.

Төменде кәделі сүйектер аттары:


1. Бас сүйек	1	14. Сабау құайрық	8-10	28. Тізе тығырық сүйектері ?	
2. Астыңғы жақ	1	15. Жауырың шеміршегі	2	29. Жамбас жілік	2
3. Бауыздау омыртқа (атлант)	1	16. Жауырын жілік	2	30. Орган жілік	2
4. Ауыз омыртқа	1	17. Бұғана қабырға	4	31. Тобық	2
5. Мойын омыртқа	5	18. Қара қабырға	8	32. Асықты жілік	2
6. Жетім омыртқа	1	19. Тоқ жілік	2	33. Толарсақ	2
7. Азат омыртқа	1	20. Сүріншек	1	34. Асық (томпай)	2
8. Ұзын омыртқа	6	21. Төстаған	6	35. Жіліншік	4
9. Бәлкей омыртқа	11	22. Кершеу	14	36. Сырға сүйек (сыбырлақ)	8
10. Бел омыртқа	6	23. Қазантолмас шеміршегі	1	37. Бақайшық	4
11. Жая сүйек	1	24. Сүбе шершеу	22	38. Бақашақ	4
12. Шонданай (кіші жая)	4	25. Қазықабырға	22	39. Өкше сүйек	4
13. Құймышақ	4	26. Қаржілік айдары	2	40. Тұра сүйек	4
		27. Қаржілік (кәрі емес)	2		

Негізінен, жылқы малы 5-6 жасқа дейін өседі. Оның жұмысқа нағыз жарамды кезі 4-5 жасында болады, сол кезден бастап жұмыс істеу қабілеті 18-20 жасына дейін созылады.

I




II



III



IV



4-тарау. ЖЫЛҚЫ ҚОРАСЫ


4.1. Ат қора құрылысы


Жылқының өсіп-өнуі үшін және денсаулығын сақтау үшін оларды баптап ұстай білу керек. Бұл жағдай әсіресе, спорттық жарыстарға қатынасатын жылқыларға өте керек нәрсе, себебі олар тіршілігінің көп уақытын қорада өткізеді.

Жылқы қорасы қос есіктен тұруы қажет. Қос есік және сол есік арасындағы кеңістік (тамбур) қорада жыл бойына бірыңғай жылы әуе температурасын ұстап (+5+10 С) тұруға, ылғалдың төмен болуына көмектеседі. Жылқы малы ауырмас үшін ол құрғақ, қоңыр-салқын қорада тұруы қажет. Егер қораның температурасы 5 градус жылулықтан төмен болса, ол суық тиіп ауруы мүмкін. Ал егер ол температура 10 градус жылулықтан асып кетсе жылқы сондай ыстыққа үйреніп алып, сәл суықта ауруға шалдығыуы мүмкін.

Тамбур, әсіресе, қыс уақытында суық желден қорғайды. Есікті ашқан кезде салқын ауа екі есік арасындағы кеңістікте жылиды (қыстың күні) ал жазда, керісінше, сол кеңістікте салқындайды, тек содан кейін ғана, екінші есікті ашқанда қораға кіреді.

Жылқы қорасындағы тамбурдан кейін кең ұзын коридор болады, сол коридордың екі жағында бірдей адамның кеуде тұсынан есептегенде 1,5 м биіктікте темір торлар орналасады.





Қораның барлық жері әрі жарық, салқын әрі құрғақ болуы керек. Орталық жүретін жолдың сол жағында да, оң жағында да, темір тордың арғы жағында жылқылар тұратын жеке жеке бөлмелер (денник) бар. Орталық жүретін жолды да, жылқы тұратын жерді теп-тегіс етіп асфальтпен құю керек. Осындай жерде жылқы малының аяғы тоңбайды, ешқандай шұңқырға аяғын тығып алып, аяғына зақым алмайды. Мүмкіншілігінше жылқы тұратын бөлменің жері тым қатты әрі салқын болмауы қажет.


Әрбір жылқының өз бөлмесі болады, оны көрші бөлмеден кісі кеудесіне дейінгі биіктікке дейін қалың тақтаймен, ал одан биік жері жобамен 1,5 м биіктігі, темір тормен бөлініп тасталады. Бұлай істеудің өз мәні бар. Темір тор жылқыға қарайтын адамдарға оңай қарап-көруіне және жылқылар өзінің көршісіне тез көндігуіне мүмкіндік береді. Бірақ оларды бөліп тұратын темір тор жылқыларға жарықтың әйнектен және электр жарығының түсуіне ешқандай бөгет жасамауы қажет. Жылқыға қашанда болсын, тұратын жерінің жарық болғаны дұрыс. Сол себепті оның тұратын жерінің төбесін және қабырғасын ақ түспен бояйды, әрбір жылқы тұратын бөлмеге оның басы жетпейтіндей биіктікте ұзын етіп терезе орналастырады. Олар тек жоғары көтеру арқылы ғана ашылуы тиіс, кіретін ауа бірден жылқыға бармайды.

Алдыңғы қабырғаға ертоқым, жүген ілуге арнайы шығыршық қағады, оның астына жылқыны тазалайтын заттар қоятын жәшік қояды.

Keң етіп істеген жылқы тұратын бөлменің есігі оған оңай, ешқандай қысылмай, кіріп шығуына мүмкіндік береді. Есікте арнайы істелген жылжытқыш (запор) болады, ол жылқыға есікті өз бетімен ашып алуына мүмкіндік бермейді.

Жылқы тұратын бөлменің есігінің үстіне арнайы тақтайша қағылады, онда жылқының аты, шыққан тегі, тұқымының аты, туған жылы жазылады. Қажет болған жағдайда сол тақтайшаның астына екіншісін орналастыруға болады, онда қызыл түсті тақтаға ақ бояумен «тістейді», не «тебеді» деп жазып қояды. Есіктің жанында мал дәрігерінің тақтасы орналасады. Онда жылқыны қарайтын адамға ауырған жылқыны қай кезде, немен тамақтандыру керектігі көрсетіледі. Мал дәрігерінің берген ақпаратын бұлжытпай орындау керек.

Жылқы тұратын орынның көлемі – ұзындығы 3 м және ені де 3 м болады, ол жылқыға еркін жүруіне және жайласып жатуына мүмкіндік береді.



Жатағын жерге ағаш ұнтағын төсейді, оны төсеніш деп атайды. Егер ағаш ұнтағы болмаса, сабан (солома) салуға болады. Бұл төсеніштер жылқының астын тез тазалап алуға ыңғайлы. Ылаланған төсенішті қиымен бірге алып тастайды да, орнына жаңасын төсейді. Оған жылқы жатады. Суық, төсеніш салынбаған жерге ол жатпайды. Төсеніш жылқының әр уақытта жайлы жатуға мүмкіндік тудырады.

Жылқының бөлмесінде оған керекті тамағын береді. Сондықтан оның алдыңғы жағына қозғалмайтын етіп жәшік орналастырады. Оның жартысы бір жағынан шығып тұрады, оған жем салады, ал екінші жартысынанан жемін жейді. Мүмкіндігіне қарай оның жанына су ішетін ыдысты орналастырады. Егер жәшік ағаштан жасалған болса, оны қаңылтырмен қаптау керек, себебі, оны жылқы кеміріп тастайды.

Темір тордың жоғарғы жағына шөп салатын оттық (жасыла) орналастырады.

Жылқыны қарайтын кезекші жылқының бөлмесінде күндіз түні болуы керек. Сол кезекші бөлмесінің жанында артық ер тоқым, жүген, керекті құрал саймандар қоятын бөлме, одан кейін спортшылар киініп шешінетін бөлме болуы қажет.

Жылқы қорасының ортасындағы жүретін жер спортшылар жаттығатын орын – манежге апарады. Ат қораның екінші жағында тағы екі бөлме: бірінші ағаш ұнтағын сақтайтын, екінші – жем сақтайтын бөлмелер болады.

Кезекші жылқышы бөлмесінің жанында ақпар, деректер, бұйрықтар жазылатын арнайы тақта бекітіледі.

Ат қорадағы күнделікті жұмыс реті

- 6.00 – жылқыны суару және жемін беру;
- 7.00 – жылқыны тазалау;
- 8.00 – шөп салу ;
- 9.00 дан 11 ге дейін – манежде жылқымен жұмыс істеу;
- 9.00 – ат қораны тегіс тазалау;
- 13.00 – суару және жем салу;
- 15.00 – шөп салу;
- 17.00 ден 18.00 ге дейін – жылқыны жетектеп жүргізу;
- 18.00 – жылқыны тазалау, орнына кіргізу;
- 20.00 – жылқыны суару және жем беру;
- 23.00 – шөп тарату;

Әрбір ат қорасында күнделікті жұмыс реті әртүрлі болуы мүмкін, жылқы соған бейімделеді, ол күнбе күн істелетін жұмыстарға көндігеді, сол себепті оны мүмкіндігінше өзгертпеу қажет.

4.2. Жылқыны азықтандыру және суару

Жылқыға суды және азықты жылқышы береді. Жылқыға өз уақытымен, қажетінше берілген азықпен сол малдың денінің саулығы, жұмысқа жарамдылығы, жүрісі және көңіл күйі орнығады. Сол себепті әрбір жылқыға жаттықтырушы мен мал дәрігері олардың ағзаларына қажетті мал азығын есептей отырып жеке жеке азық мөлшерін жасайды.

Ешуақытта кезекші жылқышымен келіспей жылқыға өз бетінше тамақ, не болмаса су беруге болмайды. Ондай жағдай жылқыны ауруға шалдықтыруы мүмкін.

Жылқы жүрген кезінде өте көп күш (энергия) жұмсайды, сол себепті оған калориясы көп азық берілуі керек.

Бұл туралы алтыншы бөлімде толығымен айтылғандықтан, бұл жерде қысқа ғана жалпы түрде тоқталамыз.

Сиырдың асқазанына қарағанда, жылқынікі әлдеқайда кіші, сол себепті олар бірден, көп азықты қабылдап, қорыта алмайды. Яғни, сол жағдайды есепке ала отырып, берілетін азықты бірнеше бөлікке (порция) бөліп, күніне 6 ретке дейін беру керек. Әрбір өлшемде мүмкіндігінше, жылқы ағзасына аса қажет азықтардың болғаны дұрыс.

Ақуызы (белогы), майы және көмірсулары көп жылқы азығын концентратты азық деп атайды. Бұларға негізінен арпа мен сұлы жатады. Бұл азықтарды күніне үш реттен арнайы жасалған жәшікке салып береді. Бір күнде ірі жылқы шамамен, 5,5 кг дейін жем жейді.

Жылқыға күніне үш реттен шөп береді, онда жемге қарағанда, ақуызы, көмірсу және майы кем болады. Бір тәулікте жылқы 8 кг шөп жейді. Жаздың күні жылқыны жайылымда бағып, көк шөп жеуіне мүмкіндік берген жөн.

Қорыта айтсақ, жылқыға үш мезгіл – таңертен, түсте және кешке жем, олардың арасында шөп азығын беру керек.

Бір күнде жылқы 3-4 шелек, не болмаса, 30-40 л су ішеді. Жаздың ыстығында ішетін су мөлшері 80 л-ге жетеді. Ылай суды жылқы малы ішпейді.

Еш уақытта жылқыға жем бергеннен кейін су бермеу керек. Өйткені ол оның асқазанына теріс әсер етеді. Оған суды жемді бер-

генге дейін беру керек. Жемін жеген, жылқы кем дегенде бір сағат дем алып, асын қорытуы керек. Содан кейін жұмысқа жегуге болады.

Терлеп тұрған, денесі қызып тұрған жылқыға ешуақытта су беруге болмайды. Ол үшін малды жетектеп жүріп денесін суытуға мүмкіндік жасау керек. Тек содан кейін ғана шмамамен 1,5 сағат уақыт өткен соң, суды беруге болады және жылқы шелектен басын өзі көтеріп алғанша, оған тиіспеу керек.

Су ешуақытта не қатты суық не қатты ыстық болмауы керек.

Үш рет суару жылқының күндегі жіберген суды орнына келтіруіне мүмкіндік береді.

Жем салатын жәшікке мал жалайтын тұз (лизунец) салу керек. Жылқы тілімен, ернімен жалап өзіне қажетті тұз мөлшерін алады. Бұдан басқа жем, шөптен басқа жылқы ағзасына қажетті мөлшерде сәбіз беріледі. Кей кездерде кезекші жылқышының рұқсатымен оған өздері сүйіп жейтін, сәбіз, қарбыз қабығын, тұзы бар кепкен нан (сухарь), қанттың кесегін беруге болады.

4.3. Жылқы күтімі

Жылқышының міндетіне малдарға жем-шөп, су беруден басқа, оны тазалау және ат қораны тазалау да кіреді.


Жылқышының күн тәртібі бөлмесінің ауасын тазарту, денесін шынықтыру, жуыну және бөлмесін жинаудан басталуы керек.

Адам сияқты жылқыға да тазалық қажет. Оның денесі, тұяғы, түтіктері, жүні, жалы мен құйрығы шаң тозаң, ағаш ұнтағымен ластанады. Жылқы денесінен тер арқылы улы заттар шығады, одан қайызғақ бөлінеді де дене кірлейді. Соларды тазалаған кезде жылқышы жай ғана тазалап қана қоймай, сонымен бірге жылқы денесіне массаж жасайды. Ондай массаж таңертеңгілік дене шынықтыру сияқты жылқының жұмыс істеуіне әсер етеді.

Жаздың күні жылқыны ат қорадан шығарып, ашық жерде, қыста ат қораның ішінде жылқылар жүретін жолда тазалайды. Жылқының өзі тұратын бөлмеде тазалауға болмайды. Себебі лас заттар жем-шөп салатын жәшікке, су құятын ыдысқа түсіп кетуі мүмкін.

Жылқыны өзіне үйрету

Адам ойламаған жерден кездейсоқ шыға келген кезде жылқы малы шошынып, басқа жаққа жалт беруі, аспанға қарғуы, не болмаса артқы аяқтарымен теуіп жіберуі мүмкін. Сондықтан жылқыға жақындамас бұрын, оған шын көңіліңмен, ешқандай жамандық



Ноқта

жасамайтыныңды өз қимылыңмен көрсете білуің керек. Жылқы малы адамның тек дауысының өзінен қандай оймен келгенін бірден сезіп қояды.

Жылқыны бірінші күннен бастап мынаған үйрете білуі керек: әрқашан жылқыға сол жағынан келіп, оны желкесінен, мойнынан ақырын сипап, еркелете өзіне үйрету керек. Бұл күндегі істейтін әдетке айналуы керек. Одан кейін ақырындап мойнынан сипай отырып, оған сәбіз беріп үйреткен жөн.


Жүген салу

Жылқыға жүген салу үшін оның сағалдырығын босатып, сол жағына келіп, оң қолы мен жағынан сипай отырып, сол қолдағы қысып ұстап отырған жүгеннің ауыздығын екі тістің арасына қыса салу керек. Жүгенді дұрыстап салған соң, оның сағалдырығын қысып бекіту қажет. Сағалдырықты қатты қысуға болмайды. Оның тамағы мен қысылған сағалдырық арасына үш елі саусақ сияуы керек.

4.4. Жылқыны ат қорадан шығару

Жылқыны қорасынан шығару үшін, сол қолмен жүген ұшынан, ал оң қолмен тамақтың астын қыса ұстап, сол жағынан шығып жетектеу керек.


Сол жақ аяғыңмен бірінші қадам жасай отырып, шылбырды алға тарта ұстайды. Келесі сәтте есіктен асықпай жылқының барлық



денесі шығып болғанша түзу ұстап, содан соң ғана сыртқа шығуға ыңғайлау қажет. Жылқыны тазаламас бұрын, оны тартып қою керек. Ол үшін жылқының басын екі жағынан бірдей, жерден 1,5 м биіктіктегі шынжырларға тартып байлау керек. Байлайтын жіптерді



а




б

күрмеп байлаған дұрыс болады. Күрмеп байлаған жіптерді бір шетінен тартып қалып оп-оңай шешуге болады.

Жылқыны тазалау

Жылқыны тазалауға арналған жәшік ішінде шөтке, тырнағыш (скребница), оны тазалайтын тактай ағаш, кенеп, губка, орамал, тұяғын тазалайтын күршек және тарақ болады.




Алдымен шөптің не болмаса, сабанның бір уысын алып, сонымен оның денесіндегі лас заттарын, қайызғақтарын сүртіп алады.

Жылқыны сүрту үшін дайындалған бір уыс шөпті қолға алып, онымен жылқының сол жағынан бастап, ысқылау керек; жүнінің жатқан жағын қаттырақ батыра, ал қарама-қарсы ысқылағанда аздап қана күш салу керек.

Сол жақ мойынын тазалаған соң алдыңғы сол жақ аяғын (бұғана қабырғаның ұшынан бастап, кәрі жілік арқылы жіліншікке түседі), денесінің сол жағын, жамбасын және сол жақ аяғын ысқылайды. Шаң тозаң кете қоймаса, екінші рет қаттырақ ысуға тура келеді.

Сол жағын тазалап біткен соң, дәл сол ретімен оң жағын ысқылайды.




Жылқының бас жағында қатып қалған кесектер болса, онда оларды ақырын, ауыртпай қолмен алып тастау керек. Оны тазалаған кезде жылқының көзіне тигізіп алмай, бетіндегі жүндерін ауыртпай алуға тырысу керек.

Ешқашанда жылқының шабын шөппен тазалауға болмайды.


Шөппен жылқының кейбір шаң-тозаңдарын ғана тазалауға болады. Жылқы жүні мен түктерінің арасында шаңмен араласқан кайызғақ қалып қояды. Оларды щеткамен тазалап, кетіру керек.


Щетканы сол қолға, ал тырнағышты тістерін жоғары қарата оң қолға алу керек. Одан соң (сол жағынан) еппен жылқының желкесінен бастап, ақырындап құлақ пен көздің айналасына көшу керек. Жүген кедергі жасамау үшін оны кейінге қарай (желкесіне) жылжытқан дұрыс. Жүнінің ретіне қарай қаттырақ батырып, ал қарсы жүргізгенде сәл баса ғана тазалау қажет. Сол бетімен төмен жылжып, кеңсірік пен мұрынға ауысу керек.



Шаң-тозаң жылқының денесінен тазалаған щеткаге жабысса, оны алып тастау үшін, щетканың үстінен тырнағышты жүргізу керек, сонда щетка тап-таза болады да, ондағы шаң-тозаң тырнағышқа ауысады. Оны тазалау үшін тырнағышты қатты тақтайға (брусок) ұрса, бәрі де түсіп қалады.

Осы тәртіппен жылқының сол жағын тазалайды.





а

б



в



г



д

Ескеретін нәрсе: тырнағышпен жылқыны ешуақытта тазалауға болмайды. Ондай жағдайда оның терісін жаралап, ауру жұқтырып алуға болады. Жылқының тазалығын білу үшін қолмен оның жүнінің арасына саусақтарды кіргізе қарама-қарсы жүргізу қажет, егер саусақтың соңында ақ жолақ қалса, онда әлі дұрыс тазаланбаған, яғни бәрін тағы да қайталау керек.

Тазалап болған соң, шелекті алып, ішін шайған соң оған су құю керек. Кенепті соған салып, кенепті сығу керек. Сол кенеппен жылқының жүніне қарсы барлық денесін сүртіп шығады. Ең соңында, дымқыл кенеппен шабын сүртіп алу керек.

Кекілін, жалын, құйрығының ұйысып қалған жерлерін ақырын қолмен тарқатады. Сол қолдың саусақтары арқылы жалдың түп жағынан бастап, ұшына қарай жылжиды. Кекілі мен жалды кезекпен

оң қолға уыстай ұстап, ылғал шүберекпен сүртіп алады. Одан соң щеткамен жалды жоғарыдан төмен қарай тарап өтеді.

Құйрығын тарқатқан кезде оны сол қолмен алады да сол жаққа бұрып ұстайды. Жылқының құйрық омыртқалары өте сезімтал, оның құйрығын осылай ұстағанда олар артқы аяғымен тебе алмайды.

Соңғы кезде жылқыны тазалауға шаңсорғыш пайдаланып жүр. Олар тек щетканы ғана алмастыра алады. Шаңсорғышты пайдаланған жағдайда щеткамен қалай тазаласа сол ретімен пайдаланады.

Жылқыға тағы бір керек нәрсе оны жуындыру және суға шомылдыру. Жылқылар табиғатында өте жақсы жүзеді, өзен мен көлді оңай жүзіп өте алады.

Терлеп, қызыптұрған жылқыларды жууға, суғатүсіруге болмайды.

Шомылдыру үшін күннің ашық (жаз) уақытын және түсетін судың температурасы 15⁰С жылылықтан кем болмауы керек. Жылқымен өзен суына түскен адам, суға кіре бере аяғын үзеңгіден алуы керек, себебі кейбір жылқылар суға түсе бере жататын әдеттері бар.

Жылқыны губка арқылы шелектегі судан, не болмаса, шлангпен басынан бастап (бірақ су малдың көзіне, құлағына, кеңсірігіне тимеуі керек), сол жағынан – мойнынан жамбасына дейін, қарнын, ең соңында, аяқтарын жуады. Жылқының түктері тез су болады және ұзаққа дейін кеппейді. Арнайы жасалған су сорғыш қолданады. Ол бұған ортасы темірден иіліп жасалған, екі шетінде ұстайтын жері бар зат. Сонымен екі шетінен ұстап жылқының денесімен жүргізеді, су ағып төменгі жаққа кетеді.

Тұяқты тазалау

Тұяқты топырақтан тазалауды алдыңғы сол жақ аяқтан бастап тазалайды. Сол жақ қолды жылқының бұғанасының басына тіреп, оң қолмен аяғының үстіңгі жағынан ақырын сипап төмен қарай түсіреді. Қол алдыңғы аяқтың шамасына жеткен соң, тізенің тығырық сүйегінің тұсынан бүгеді. Оң қолды босату үшін ұстап тұрған жіліншік басын сол қолға ауыстырады.

Тұяқты былай тазалайды: тазалағыш имектің ұшымен тұяқтың шетінен бастап ақырын жабысқан топырақтарды қопарып, алып тастайды. Тазалап болған соң, дымқыл шүберекпен, одан соң құрғақ шүберекпен таза етіп сүртіп алады.

Жылқының аяғын жерге тастай салмай, ақырын түсіріп, қою керек. Одан соң оны мақтап, сипап, сәбіз берген жөн.

Артқы сол жақ аяқтың тұяғын тазалау үшін жылқыны жамбасынан ақырын сипап, оған күтпеген жағдай болмайтындай дәрежеге

жеткізу қажет. Ондай болмаса, жылқы шошып шылбырды үзіп, қорадан қашып кетуі мүмкін.

Жылқының басына жақындап, мойнын сипау керек. Одан кейін барлық ұшасын (қабырға, арқа сүйек пен белдеме, жамбас) сипай отырып, сол жақ артқы аяққа жетеді. Жылқының сол жақ жамбасына сол жақ иықпен жақындап келіп, оң жақ аяғынды жылқының сол аяғына қарама-қарсы, ал сол аяғынды сәл кейінірек қоясыз.


Одан кейінгі сәтте жылқының сол аяғын ептеп көтеріп, оның тұяғының табанын жоғарыдан төмен қарай сипап өту керек. Жылқышы сол аяғын сәл алға жылжытып, соған аяқты қою керек. Сол жақ қолмен бақайшық тұсынан ұстай отырып, оң қолдағы тазалағышпен тұяқты тазалау керек. Болған соң алдымен, ылғал, соңынан құрғақ шүберекпен сүртуді ұмытпаған жөн.


Сол жақ аяқты тазалап болған соң, дәл сол ретімен артқы оң жақ аяқты тазалауға көшеді.

Жылқыны тағалау

Жылқы тұяғынан және оны дұрыс тағалануынан малдың жұмыс жасау қабілеті және спорттық жетістіктері айқын көрініп тұрады.

Жылқы тұяғының мүйізді жерлері қатты жерде жүрген кезінде тез тозады, сынады және шытынап, жарылып кетеді. Сол мүйіздің астында сезімтал, малдың аяғын ауыртатын еттер (май табан) бар.






Сол еттерге зақым тиген кезде, жылқы ақсап, кейде жүруге шамасы келмей қалады. Осындай жағдайларды болдырмау үшін таға пайдаланады.


Таға жылқының денсаулығын сақтауға ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар оның қатты және мұзды жерлерде тайып жығылудан сақтайды. Жылқының жасына, жағдайына, жылдың мезгіліне және бедерінің ретіне қарай әртүрлі таға түрлерін пайдаланады.

Жол тайғақ, мұзды болған жағдайда тағаға арнайы жасалған шегеге ұқсас шипы бұрап қояды. Осындай шипы бар дайын тағалар да кездеседі. Салт мінетін жылқылардың әдетте, тек алдыңғы екі аяғын ғана тағалайды.

Тағалар

Бір жарым айдың ішінде жылқының тұяғы әжептәуір өсіп кетеді, сол себепті тағаны алып, жаңадан тағалауға тура келеді.






Жылқыны сипай отырып, тағашы оның алдыңғы сол жақ аяғын көтеріп, өзінің екі аяғының арасына қысып тұрып, ескі тағаны алады. Тағалағыш балғамен тағаның шегелерін соғады. Босаған шегелерді не шеге суырғышпен, не шегелердің басын (қалпағын) қиып тастау арқылы. Тістеуікпен тағаны қысып алып, жоғары-төмен шайқай отырып суырады.

Одан соң тағашы тағаны балғамен орнына қойып, тағы да соғады. Тағадан босап қалған шегелерді тістеуік арқылы бірінің соңынан бірін, сосын тағаны алады.


Жаңа тағаны салмас бұрын тұяқтың өсіп кеткен тырнағын алу қажет. Ол үшін тұяқтың өскен шетін тырнақ алатын қайшымен алып тастайды, қатты жерлерін қысқышпен жонады, ең соңында, егеумен тұяғының табанын егелеп тегістейді. Тұяқшы жаңа тағаны алып, оны тұяққа келетіндей етіп орналастырады. Одан соң тағаны тұяқтың табанына қойып, шегемен мүйізді жеріне қағып кіргізеді. Екінші жағына шыққан шегелерді қысқышпен қиып тастайды да, қалғанын майыстырады.

Таға тұяққа мықты бекітілуі қажет, ондай болмаған жағдайда, жылқы жүре келе таға босап, тез түсіп қалады.



Алдыңғы сол жақ аяқты тағалап болған соң тағашы оның аяғын ақырын жерге түсіреді. Жылқыны мақтап, сипап-сылай отырып, дәл осы ретімен алдыңғы оң жақ аяқты тағалауға кіріседі. Ең соңында, артқы сол және оң аяқтары тағалайды.

Ескі тағаны босатып алып тастау үшін және оны тазалап, сүртіп жаңа тағаны қағып, бекіту үшін тағалаушы шамамен 20-30 минут уақыт жібереді. Сол себепті салт мінетін атты тағалауға (алдыңғы екі аяқ) жобамен 1 сағат уақыт кетеді. Тәжірибелі тағашы 8 сағат жұмыс уақыты ішінде салт мінетін 12 жылқыны тағалап үлгереді.



Ат қораны тазалау

Ат қораны жинау үшін: екі дөңгелекті жеңіл арба, ағаш күрек, сыпырғыш, күрекше, қырғыш, шелек пен таза су және бірнеше шүберек қажет. Осы заттардың барлығы кезекші демалатын бөлменің жанында сақталуы керек.

Таңертең жылқыларға алдымен су, одан соң жем береді. Шамамен бір сағаттан кейін қора тазалау басталады.

Таңертеңгі мен түскі азықтандыру арасында жылқыларға шөп салады. Жылқыларды қорадан алып кеткен уақыттан бастап жылқышылар қораны тазалауға кіріседі.

Күндіз жылқыларға су беріп, жемдейді. Түскі және кешкі азықтандыру аралығында шөп береді. Кешкі азықтандыру алдында қораны тазалайды. Кешке су беріп, жем салады.

Күн тәртібі негізінен спорт жылқысының жасайтын күнделікті жұмысына байланысты. Негізінен жұмыс уақыты таңертеңгі сағат 6-дан басталып, кешкі 23⁰⁰ кезінде аяқталады. Жылқышылар үшке бөлініп істейді: 6-дан 14 сағ дейін – таңертеңгі, 14⁰⁰-ден 22⁰⁰-ге дейін – кешкі, 22⁰⁰-ден 6⁰⁰-ға дейін түнгі уақыт.

Күн тәртібін күнбе-күн бұлжытпай орындау – жылқы денесінің саулығы және жақсы жұмыс істеу қабілеті болып есептеледі.

4.5. Жылқы аурулары

Дені сау, күтілген жылқы қашанда елгезек, жүні жұмсақ, жылтырақ келеді. Ол берілген тамақтың барлығын да сүйсініп жейді.


Ауырған мал не жатады, не селтиіп, басын төмен салбыратып тұрады, атын атап шақырғанға көңіл аудармайды. Жүні жығылады, жылтырамайды. Сәл ғана ашылып тұрған кірпік арасынан көзі жылтырап көрінеді. Дем алысы жылдамдап, арасында жөтеледі. Салқын тиіп және жұқпалы аурулар кезінде көздің бұрышында және кеңсіріктен ірің сияқты заттар шығады. Ауырған жылқы тамағын жегісі келмейді, кейде мүлде бас салмай қояды.

Суару және тамақ беру ретін бұзған кезде малдың іші шаншып ауырады. Жылқы шыдамсыздана бастайды, бір аяғынан екінші аяғына ауысып, өзінің қарнына қарай береді, тіпті, қатты ауырған кезде жерде аунай береді.

Жылқының күнделікті дұрыс дене температурасы 37,5-тен 38,5-қа дейін, ал ауырған кезде ол 40-41 градусқа дейін көтеріледі. Жүнінің барлығы ылғалданып тұрады. Малдың температурасын өлшеу үшін мал дәрігері арнайы термометрді алып, оны сілкіп жіберіп, вазелин жағады да оның арт жағына 10 минутке қояды. Егер температура 36 градустан төмен болса, ол жылқының денсаулығының нашарлығын білдіреді.

Дұрыс қарамаған жағдайда (қорада жел соғып тұрса, ауа температурасының әлсін-әлсін өзгеруі, ауру малдармен қатынасса, жарық аз болса, ауа жетпесе, дұрыс пайдаланбаса) жылқыға суық тиюі, тұмаумен ауруы және басқа жұқпалы ауруларға шалдығуы мүмкін.

Дұрыс күтімі жоқ болса (денесін дұрыс тазаламау, шаң-тозаңды тұяғынан алып тастамау, уақытымен тазалап отырмау, тазалағанда басқа заттарды пайдалану, аттың тұратын орнын дұрыс тазартпау), ол жылқының тері ауруына, ақсауына, терінің арасында жаралар, көбікшелер пайда болуына әкеліп соқтырады, олар соңынан қотырға айналуы мүмкін.



Дұрыс азықтандырмаса (күн тәртібін бұзу, тамақты уақытымен бермеу, тамақты жерге беру, шөптің таза болмауы) ол оны ұшынуына ұшырату мүмкін.

Дұрыс суармаса (қызып тұрғанда суару, тым салқын су беру), жылқыға суық тиюі мүмкін.

Терлеп тұрған атты суарса, жылқы тұяғының қабынуына әкеп соғады. Жылқы ауырған аяғында тұра алмай аяғын бүгіп тұрады.

Дұрыс пайдаланбаса (ер-тоқымды дұрыс салмау, басқа малдың ер-тұрманын пайдалану, мінушінің дұрыс отырмауы, жүгенді дұрыс ұстамауы, жылқыны күрт бұруы, жылқыға артық салмақ, күш түсіру, кедергіден дұрыс секірмеу), жылқының арқасы қажалуы, азуы қанап, жара пайда болуы, аяғын соғып ауыртуы мүмкін.

Егер жылқы аяғын көтеріп, жерге тигізбей тұрса, жүрген кезде ақсаса, онда ең бірінші ретте оның тұяғын қарау керек: тұяқты асықпай, қолмен сипай отырып, онда кіріп кеткен шеге, тас, шыны бар-жоғын білу керек. Болса, оларды алып тастау керек. Тұяқты тазалаған соң, оның орнында жара болатындай орындар қалса мал дәрігері ол жерлерге арнайы жасалған сұйық қоспа құяды. Одан басқа жерлерде сондай жаралар болса, оларды да дәл сол қоспамен емдейді.

Жылқы дұрыс күтіп ұстамаса және дұрыс пайдаланбаса, жылқыда қыңыр әдеттер пайда болады. Ең көп тарағаны – кеміру. Жылқы шөп салатын жәшіктің шетін, бөліп тұрған ағашты, т.б. ағаш заттарды кеміріп тастайды. Сол ағашты тістеген күйі ауа жұтады, бұл жаман әдет малдың асқазанына теріс әсер етеді.

Егер жылқы керегінше, жұмысқа дұрыс, ол да: әдейі бір аяғымен екінші аяғының тұяғын басу, не болмаса, өзінің бөлмесінде айналып

жүру, екі жағына шайқалу (теңселу), сияқты жаман әдеттер көрсетуі мүмкін.

Жылқыда көбіне-көп аяқтарында қатты затқа соққаннан ісіктер, дақтар көп болады, сондықтан қораға кірердің алдында оның аяқтарын мұқият қарау керек. Егер тізенің тығырық сүйектері не жіліншік, толарсақ, кәрі жілік тұстарында ісіктер, не болмаса, ол жер қазып тұрса, онда еш уақытта оны ерттемеу керек, себебі ауру жерлер жылқының жанына батып ауруы мүмкін.

Жылқы ауырған, не болмаса, жаман әдет бастаған жағдайда бірден жаттықтырушы мен мал дәрігерін хабардар ету керек.

Ауырған малды жаттығудан босатып, оған емделу мерзімін белгілейді, өзіне жеке түрде тамақ, су береді, жеке күтеді.

4.6. Жылқыны шығарып көрсету

Жылқыны шығарып көрсету оның сыртынан түр-тұрпатын көріп қою ғана емес, спортшыны ең бірінші қадамға даярлау болып есептеледі. Жылқыны айына бір шығарып, көрсетіп отыру керек. Жылқыны шығарған кезде оны спорт секциясының төрағасы, мал дәрігері және тағалаушы қарап көреді.

Жылқыны көрсету үшін арнайы дайындалады: тұяғын тазалап, сүртеді, жуады, денесін тазалайды. Көрсететін жылқы тап-таза болуы керек, жараларына дәрі-дәрмек жағуға болмайды. Жылқыны шығарғанда оның күйін, тазалығын, тұяқталуын және барлық денсаулығына көңіл аударады. Көбіне, тазалауға қиын жерлерді көреді, аяғын көтеріп тұяқтың тазалығын қарайды.

Барлық көрсетілген кемшіліктер жойылуы қажет. Қойылған баға мен кемшіліктерді арнайы құжатқа түсіреді, олар келесі айдағы көрсеткіштермен салыстырылады.

Жылқының өз басын қараудан басқа малдың тұратын жерінің тазалығын, жылқының тазалығына керек құрал-саймандардың жарамдылығын қарайды.

Жас спортшылармен сабақ жүргізгенде жылқыны шығаруды бір белгілі уақытта шығарған қорытынды ретінде қарап, ең үздіктерін атап отырған дұрыс.

4.7. Ер-тұрман түрлері

Жылқының барлық ер-тұрманын: жылқыны басқару құралдары; сақтандыру құралдары; адамның жылқыға дұрыс, қысылмай отыру құралдары сияқты үш топқа бөлуге болады.


Жылқыны басқару құралдары

Жылқыны үйретудегі басты құралдардың бірі – ауыздығы бар жүген. Ол жүгеннен өзі және ауыздықтан тұрады. Ауыздықтың тілге және ерніне әсері арқылы жылқының басын тежеуге, мойын мен иығын бұруға және жүруді ақырындатып, тоқтатуға болады.

Жылқының ұртын қатты ауыртпас үшін ауыздықты жуандау етіп жасайды. Жуан ауыздық малдың ұртын қатты ауыртпайды, сондықтан оны жұмсақтау, ал жіңішке ауыздықты қаттылау деп атайды. Жіңішке ауыздықты сезімтал, ұрты жұқа жылқыларға пайдаланбау керек, ал жуан ауыздықты, керісінше, ұрты қатты жылқыларға пайдаланады.

Жылқыны мінгенде тізгінді дұрыс ұстай білу керек. Жүгеннің өзі теріден, не болмаса, қайыстан жасалады.

Жүген екі жақ жағын, желкесін, маңдайын, тамағын ұстайтын қайыстан және ауыздықтан тұрады.



Мартингал. Жүгенге кейде мартингал іліп қояды. Мартингал дегеніміз басты қатты жоғары көтеретін жылқыларға арнайы жасалған жүгенге қосымша белбеу. Жылқы басын тік көтеріп алса, онда оны басқару өте қиын, ол желкесімен мінушіні қағып жіберуі мүмкін. Мартингалдың бір шеті ер-тұрман айылына бекиді де, екінші жақ басы жүгеннің екі жақ бауына бекиді.

Атпен салт жүгенде оны дұрыс басқара білу үшін жылқышыға қосымша басқару шыбығы (хлыст), шпора үйрететін ұзын арқан және қамшы қажет.

Басқару шыбығы. Ол ұзындығы 50-70 см болатын жуандығы 1 см былқылдақ тал-шыбық. Оның бас жағын жылқыға қатты тимеуі үшін жалпақ етіп жасайды. Жылқыға отырған кезде тал-шыбықты, төмен қаратып оң қолға ұстайды. Жылқыны тал-шыбықпен ақырын соғуы арқылы мінуші оған айтқанды дұрыс істемегенін білдіртеді. Көбіне, жылқыларға тал-шыбықты көргеннің өзі жетіп жатыр. Ал тыңдамайтын малдарға тал-шыбық үйрету құралы ретінде пайдаланылады, онымен бір-екі рет қабырғасынан соқса жетіп жатыр. Жылқыны ұрып, соғып, оған қатыгездік көрсетуге болмайды. Жылқыға қатыгез көрсетушіні жарыстан шығарып тастайды. Тіпті, спортшының спорттық атағынан айырып, жылқымен жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін.

«Қаталдық» пен «қатыгездік» деген ұғымдарды айыра білу керек. Адамдар арасында нағыз бір-біріне сыйластық және өз-өзінен сұрай білу екеуінің түсінігіне, достығына әкеледі. Сол сияқты жылқы малын да қадірлеп, жақсы көре отырып, одан әр уақытта тәртіпті болуын қатал сұрай білуге, бір-бірін сәл нәрседен түсінетін жағдайға жетуі керек.

Негізінде жылқыны ешқандай тал-шыбықсыз басқарған жөн.

Шпор. Жылқыны үйретуде мінгізуші аяғының жасайтын жұмысы өте көп. Адам аяғының ішкі жағының тізесінен табанына дейінгі аралықты шенкель деп атайды.

Жылқыны үйрететін ұзын арқан (корда). Жылқыны секіртуге, арнайы жүріске және дайындық кезінде оларға 10-15 метр лента, не арқан пайдаланады. Оның бір жақ ұшында белбеу, ал екінші жағы ұзындығы 20 см, доғаланып түйіледі.

Спортшы манежде жылқыны үйреткен кезде ұзын белбеудің бір ұшын трензельдің бір бөлігіне екінші ұшын екінші жағына бекітеді де, өзі кейін шегініп тұрады (белбеу шатасып қалмас үшін). Одан соң бір қолын доғаланған ортасына салып ұстайды да, екінші қолымен ұзын жіпті ұстайды.

Қамшы. Жылқыны үйреткен кезде, тыңдамайтын жалқау малдарға әдейі ұзын қылып қамшы пайдаланылады. Оны қайсыбір жылқышы оп-оңай істей алады: ол үшін жіңішке, былқылдақ 1,5 м тал керек, соған ұзындығы 3,0 м жіп байланады.

Спорттық ер-тұрман

Әр спортшы жарысқа қатынаспас бұрын атты ерттеуді жақсы білуі керек. Қазақ ерлерінің – шошақ бас ер, үйрек бас ер, қан бас ер, қазық ашмайлы ер, қозықұйрық ер, құранды ер сияқты түрлері бар. Ал әйелдерге арналып жасалынған ер-тоқым отыруға өте-жайлы, әшекейлі, бірақ еркектердің бәйге, көкпар тартуға арналған ерлеріне қарағанда, сүйектері ауырлау болып келеді. Сондай-ақ олардың тоқым, желдік, терлік, тебінгі, таралы үзеңгі, төс айыл, тартпа, құйысқан, өмілдірік, жүген, ноқта, ауыздық, жабу, көпшік, тұсау, кісеу, шідер, қамшы сияқты басқа ат әбзелдері де жетерлік. Тіпті, төрт, алты, сегіз, он екі өрме қамшылардың да өздерінің қолданатын орны бар. Ат спорты түрлеріне, көбінесе, төрт өрме қазақы қамшы пайдаланылады. Сондықтан ат жарыстарына қатынасатын шабандоздардың мұның барлығын түстеп қана қоймай, олардың қандай қажеттілікке жарайтынын да айыра білгені абзал.

Ер-тоқым – салт атқа мініп жүруге лайықталған жабдықтардың бір түрі.

Ер-тоқым – атқа мініп-түсуге лайықтастырылған ер-тоқымды ат үстіне бекітетін бүкіл тұрманы толық, атқа ерттей салып, айылын тартқан соң, міне жөнелуге дайын тұрған тас-түйін жабдық.

Ер – Ердің ағашы, қаңқасы. Аттың бас арқасын баспайтын (атқа тимейтін) етіп жасалған ер-тоқымның негізгі ағаш бөлігі.




Қас – Оның алдыңғысы және артқысы болады. Оның міндеті үстінде отырған адам не алға, не артқа оқыс лоқып, сыпырылып түспеуі қажет.

Қаптал. Ат қапталына үйлестіріліп жонылған екі бөлек қисық ағаш.

Белағаш. Екі қапталға, екі қас қиылғанда ердің бел ортасы ашық қалады. Сол ашықты жабу үшін, ер окпанының ойығымен тең етіп, ойып шабылған қисық ағаш – белағаш аталады.

Оқпан. Ерді шалқасынан тастап қарағанда, екі қапталдың арасында болатын ойық ерді атқа салғанда аттың қыр арқасын бастырмау үшін, қастың ойығымен тең жасалынады.

Үзеңгілік. Үзеңгі бау өткізуге арналған екі қапталдың астыңғы шетін ала тесіледі.



Қанжығалық. Ердің алды, артында қапталдың қастан асып тұрған жері «қанжығалық» аталады. Төрт қанжығалыққа екі-екіден 8 тесік жасалады да, әр екі тесіктен бір жұп қанжыға таспа өткізіледі.

Шеттік. Артқы қапталдағы қанжыға тесігінен қосалқылап өткізіп, бүлдіргеленген тұйық таспа, «шеттік» аталады.

Анжы. Ойма қасты ердің белағашын орнына қойғанда оны желімдемейді де, шегелемейді де, белағашты тек шикі қайыс таспамен жан-жағына көктеп бекітеді, бұны анжы деп атайды.

Шегелік. Қас пен қапталдың бір-біріне қиылған жері шегемен бекітіледі де, сол қоспаны «шегелік» деп атайды.

Тоқым атаулының барлығы таза киізден жасалады.

Тебінгі. Аттың тері балаққа, қонышқа, етік, кебіске сіңбеуі үшін, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы атқа тиіп қажамау үшін, ат пен үзеңгі арасына байланатын қалқан тебінгі аталады.

Тебінгі тоқым. Ер ағаштың астына төселетін бірінші тоқым. Оның ер астына қалатын орта бөлігі ішпек ретінде болады да, аттың қабырғасын жапқан екі жағы – тебінгі. Сондықтан да тұтастырып жасалған тебінгі мен ішпек – тебінгі тоқым аталады тұр.

Тұрман. Салт атты жолаушы өрге шыққанда, өрден төмен түскенде, желгенде, шапқанда, ер-тоқым ат арқасынан ілгері, не кейін кетпеуі немесе ауып түспеуі үшін қызмет етеді.

Ішпек. Ат арқасына ер батпас үшін қалыңдатқанда тебінгі тоқым астынан салынатын бірінші жабдық – ішпек. Ішпек екі қабат киізден жасалады. Алды-арты көмкеріледі. Көлемі жағынан екі жаны ердің қапталынан сынық сүйем артылып төмен түседі. Алды-арты тебінгі тоқымынан екі елідей шығып, көмкеруі көрініп тұрады.

Ішкілік. Ішпек астынан салынатын, өте жұмсақ, таза талмадан жасалған, көлемі ішпек деңгейлі жалаң төрткіл киіз.

Терлік. Аттың денесіне тіке түсетін ең соңғы қабат. Ат арқасының тері соған сіңетін болғандықтан – терлік атанған. Терлік көбіне қозы, лақ терісінен, қылқадан, жұмсақ иленген ешкі жарғағынан жасалады. Ең жақсы терлік – қарақұйрық терісі.

Тоқым киіз. Тоқым ат көліктің арқасына салынады. Аتكөліктің арқасын аман сақтау үшін, тоқым киіздің таза болуы шарт. Онда тас, құм, шөп-шалаң, бүртік-бүртік болмауы керек. Сондықтан тоқым киіз қойдың қоспасыз таза жүнінен басылады.


4.8. Ер-тұрман мен киім тазалығы

Жаттығу біткен соң спортшы ер-тұрманмен өз киімін тазалауы керек.

Жылқыдан ер-тоқымды, кигіздерін, жүгенін алып спортшылар киінетін бөлмеге апаруы қажет. Ол бөлмеде арнайы бөлінген орын болады. Үзеңгілік пен қанжығалықты іліп қояды.

Ер мен жүгенді сулы шүберекпен сүртіп, ерді өз орнына кептіруге бекітіп, ал жүгенді шегеге іліп қояды.

Киіздердің барлығын көлденең тұрған жылу батареясына жақын жерге асып қояды.



Одан басқа қайыс заттарын химиялық ұнтағы (порошок) араласқан жылу сумен, соңынан құрғақ шүберекпен кептіре сүрту керек.

Былғарыдан жасалған заттарды да ылғал шүберекпен, артынша құрғақ шүберекпен сүртіп алады.

Киізден жасалған (тоқым, тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, тоқым киіз) жабдықтар кепкен соң қолмен, шаң-тозаңын, жылқы қылшық-жүнінен тазартады.

Сол қолына ер, оның үстіне тоқым, тұрма, тоқым кигіздерді, т.б ды салып, оларды сақтайтын бөлмесіне апарып, орын-орнына қояды.

Спортшы өзінің киімін тазалап, кептіреді. Шаң тозаңнан тазарған етікті жылтыратып майлап қояды. Майды тым көп жақпау керек, себебі ол жылқының бүйірін былғап тастауы мүмкін.

Ешуақытта етіктің ішінде кеппеген шұлғау мен шұлықты қалдыруға болмайды. Айына бір рет барлық киімді жуып, не болмаса, тазалайтын жер-химиялық өңдеуге беру қажет. Барлық ер тұрманды, киімді тазалап, жуып, орнына қойған соң, қолды сабындап жуу, соңынан міндетті түрде душқа түсу керек.

5.1. Жүгендеу және ер-тоқым салу

Жылқыны ерттеу мен жүгендеуге үйретпес бұрын, ең алдымен, жылқыға жақындап, оны өзіне үйрету, жүген салу, оны сырттай қарау, тазалау, ерттеу, қорадан жетектеп шығару, жылқыға отыру тәртібін, міне білу, жылқыдан түсудің реті, ер-тоқымды алу, азығын беруді үйреніп-білу керек.

Ер-тоқым және жүген салу тәртібі.

1. Жылқыны атын атап шақырып оң жаққа қарай тұрғызу керек. Егер жылқы сол жаққа тұрып үйренген болса, онда төмендегі жазылған тәртіп өзгертіліп пайдалануы керек. Шынында ер-тоқымды қай жағынан салса да бәрі бір. Жылқыны “Сақтықта қорлық жоқ” тәртібімен ер-тоқым саларда байлап қойған дұрыс.

2. Жылқының арқасына тоқым киіз, терлік, ішкілік, ішпектерді салған соң, алдына шығып, олардың түзу жатқанын қарап шығу керек.

3. Асықпай кигіздердің үстіне ерді салады да, оны жылқының түгінің өсу ретімен орнына жылжытады.

4. Тоқымды жылжытып, түзеп салады.

5. Айылын аздап қана тартады.

6. Ноқтасын шешіп, оны шөп салатын жәшіктің шетіне қояды (жәшіктің ішіне емес). Осы кезде жылқышының оң қолы жылқының басын қысып ұстап тұрады.

7. Арқанды мойынға салады (желкесіне қарай).

8. Жүгенді оң қолға алып, оны малдың маңдайына қарай тартады. Осының бәрінде оң қол жылқының мойнының астында болуы керек.

9. Ауыздықты сол қолмен аузына жақындатып оны барлықпен (ауызда тісі жоқ жерді) батыра аузын ашып, тісіне тигізбей, ақырын ауыздығын салады.

10. Сол қолмен қыстырылып қалған кекілін маңдайшадан босатып, мойнын қысып байлайды.

Аттан ер-тоқым және жүген алу реті:

1. Аттын сағалдырығын босату керек.

2. Ақырын басынан жүгенді сыпырып, сол қолға іліп қояды.

3. Ноқтаны кигізеді.

4. Кигіздерді ерімен бірге ақырын көтеріп алады.

5. Ерді сүрттіп, айылдарын тазалайды.

Ерттеу

Жылқыны қарап шығып, оны шаң-тозаңнан тазартқаннан кейін ғана ерттеуге болады.

Алдымен, ер-тоқымды аударып қарап, оның тоқымдары жиырылып, не бүктеліп қалған жоқ па соны қарау керек, себебі азғантай бүртіктің өзі жылқының арқасын жеп, қажап тастайды.

Одан соң қапталдың астына сол қолды сулыққа кіргізіп, жылқының сол жағынан келеді.

Жылқыға тура қарап тұрып, бос оң қолмен артқы қапталды тоқымын қоса ұстап, сол қолмен алдыңғы қапталды ұстайды. Ерді тоқымымен бірге ақырын беліне жақын етіп салады.

Тоқымды қарап, бүктелген жерлерін қайырып, орнына салады, ер-тоқымның арқасымен түзу салынғанын қарайды.

Енді сол қолмен артқы қапталды алға қарай итеріп орнына жылжытады.

Осыдан кейін ер тоқымның желкесіне қарай тым жақындап кетпегенін, не болмаса, бел омыртқасына қарай көбірек жылжып кетпеуін мұқият қарап алады. Бұл – ерттеудегі ең басты жұмыстардың бірі. Ер-тоқым дұрыс салынбаса, ол соңынан жылқының арқасын қажалуына әкеліп соғады.

Ескеретін нәрсе: ер-тоқымның ешқандай жері жылқының шоқтығына тиіп тұрмауы керек.

Айылын тез тартуға асықпаған жөн. Жылқының оң жағына шығып айылын ақырын төмен түсіру керек. Айылдың дұрыс тұрғанын тағы бір қарап, бұралып қалса түзеу керек.

Жылқының сол жағына шығып, сол қолмен ер-тоқымды ұстап, оң қолмен ақырын тартып, айылын қысып, байлау керек.

Қорада айылын қатты қысып тартып тастауға тырыспау керек, қорада негізінен ер-тоқым түсіп қалмас үшін және ол жүргенде орнынан жылжып кетпес үшін сәл ғана тартып қояды.

Айыл жылқының қолтығына не тым жақын, не тым алыс болмауы керек.

Айыл мен жылқының алдыңғы аяғына дейінгі аралық шамамен мінушінің алақанындай немесе 10-12 см шамасында болуы керек.

Ең соңғысы – үзеңгінің ұзындығын дұрыс келтіру. Айылды тартып болған соң, екі белбеу арасында қыстырылып тұрған үзеңгіні ақырындап тартып төмен түсірген жөн.

Оң қолымен үзеңгіден ұстай отырып, сол қолыңмен белағашқа саусақтарыңды тіреп, үзеңгінің белдігін төмен қарай тарту керек. Үзеңгі мен оның белдігін қосылғандағы барлық ұзындығы адам

қолының ұзындығымен бірдей болуы керек. Егер ол ұзын не қысқа болса, оны өлшей отырып, керегінше ұзартып, не болмаса, қысқарту керек.

Атты жетектеп жүрген кезде оның үзеңгісі шайқалып тұрады, сол кезде ол бір нәрсе ілігіп қалуы мүмкін. Сондықтан бұндай жайсыз жағдайды болдырмау үшін үзеңгіні ердің үстіне қарай тартып, оны сол жерге бекітіп тастайды.

Оң жақтың үзеңгісін тартып болған соң, жылқының сол жағына шығып, оны ат қорадан жетектеп шығарады.

5.2. Ат қорадан жылқыны жетектеп шығару

Жылқының сол жақ иығына жақындап, сол қолды көтеріп, жүгеннің астынан қысып ұстап, жібін мойыннан шығарып алады.

Оң қолмен жүгеннің астынан қысып ұстап, сұқ саусақпен оны екіге бөліп алады. Одан кейін денені жартылай бұра отырып, жүретін жаққа қарай бұрылады.

Ескеретін нәрсе: жылқыны ат қораның ішінде мінуге және атқа мінген күйі қораға кіруге болмайды.

Кең есіктен оң қолмен жүгенді мықтап ұстаған күйі ағаш ұнтағы төселген манежға шығады.

Сол манежда, үзеңгіні төмен түсіріп, айылын дұрыстап қысып, тұқырын тартады.

Жүгеннің шылбырын сол қолға қысып алып, жылқының сол жақ бүйіріне жақындап келіп, айылын қысып тартады. Айылды жақсылап, босамайтындай етіп тарту керек. Қысылған айыл мен жылқының бүйірінің арасы шамамен, 2-3 саусақтың қалыңдығындай болуы керек.

Атқа отыру, түсу

Жылқыға отырған кезде мінушінің жанында көмекшілері болмайды. Сол себепті спортшы аттың мүмкіндігінше, екі жағынан бірдей және жақсы отыра білуі керек. Атқа жана мініп үйренушілер басынан дұрыс үйренуі керек.

Жылқыға отыру тәртібі

1. Жаттықтырушы ер-тоқым салынуын тексерген соң, үзеңгіні түсіріп, шідерді мойнына салуға бұйрық береді. Спортшы жылқының сол жағында оның бас жағымен қатарласып тұрады. «Атқа мінуге дайындал!» деген бұйрықты естісімен оң жағына бұрылады.

Сол жақ қолына шідерді алады: сол жақ қолының шынашағының арасына өткізіп, ал оң қолының бармағымен сұқ саусақтарының арасына қысып ұстайды. Келесі сәтте сол қолмен жылқының жалын қолына сиғанынша қыса ұстап, шідерді жылқыны мойнынан асыра екінші жағына жібереді.

2. “Атқа отыр” деген сәтте спортшы сол жақ иығымен жылқыға бұрылады. Оң жақ қолмен үзеңгіні өзіне қарай тартады. Сол аяғын көтеріп, үзеңгіге салады спортшының тізесі ер-тоқымның шетіне тиіп тұрады. Бұдан соң оң жақ аяғының ұшына тұрып, оң қолымен ер-тоқымның артынан қысып ұстайды.

3. Сол жақ аяғының табанын үзеңгіге тірей отырып, ал тізесін тоқымға тигізе, оң аяғын жерден қатты серпеді. Бұл кезде спортшының денесі сәл алға қарай бүгіледі және негізінен күшті үзеңгіге емес спортшының қолына түсіреді.

4. Келесі қимылда ауырлықты сол қолға түсіре оң қолын ер-тоқымның қасына тірейді. Одан соң оң аяғын жотадан биік көтере ақырын ерге отырады. Оң аяғымен үзеңгіге келтіріп, аяғын сонда салады. Дәл осы ретпен спортшы өзі жылқыға мінуді үйренуі керек.

Жылқыға міген кезде спортшының аяғының басы жылқының денесіне тимеуі керек.

Жылқыдан түсу тәртібі

1. “Жылқыдан түсуге дайындал!” бұйрығын алған соң спортшы шідерді оң қолдан сол қолға ауыстырады. Сол қолын жалына тірей отырып, оң қолын ер-тоқымның алдыңғы қасына тірейді. Сол кезде оң жақ үзеңгіні босатып, алға еңкейеді.

2. “Жылқыдан түс!” бұйрықты естісімен оң жақ аяқты жотадан асыра жіберіп, оң қолмен ер-тоқымның артқы қасынан ұстайды. Сол бетімен спортшы жерге оң жақ аяғымен түседі. Осы сәтте сол аяқ тізесі ер-тоқымға тиіп тұрады. Тек осыдан кейін сол аяқты үзеңгіден босатып, оң аяғымен бірге қояды.

3. Ең соңында, спортшы қолын жылқының жалынан алып, солға бұрылып, жылқымен қатарласып тұрады.

Ер-тоқым алу

Ер-тоқымды босату үшін шылбырды сол қолға қыстырып, жылқының сол жақ бүйіріне бұрыла қарап, айылын босату керек.

Тоқымның және қапталдың арасына алақанды жоғары қарата, сол қолды кіргізіп, оң қолыңмен артқы қастың астынан тоқымын

қоса ұстау керек. Ер-тоқымды өзіне тартып, тоқымға сол қолды сыға ұстайды.

Сол қолда жатқан ер-тоқымға үзеңгіні тарта ұстайды.

Жүгенді алу үшін алдымен, тамақ басын босатып, жүгенді құлағынан босатып, сыпырып алады. Жүгенді ер-тоқымның үстіне салып, сол қолмен ұстай отырып, ат қора есігін тығыз жаба шығады.

Ер-тоқымды орнына іліп, жүгенді түзеп асып қояды.

Одан кейін қолыңа қолғап киіп, шөппен жылқыны сүртеді, тек терісі кеуіп, қатып қалған шаң-тозаң қалмауы керек. Ер-тоқым мен жүгенді құрғата сүртіп, өзінің спорттық киімінді тазалуың керек.

5.3. Кезекпен жүру

Мектептегі сияқты жаңа үйренетін спортшыларды екі бөлікке бөліп, 10-15 кісіден, бірінші және екінші кезекпен үйретеді. Оларды 1– 2 бөлім деп атайды. Манежде үйренген кезде жылқыларды жаттықтырушының айтқан тәртібімен бірінің артынан бірі белгілі қашықтықта жүріп отырады.

Топтың алдындағы атпен жүретін спортшыны басшы дейді.

Ескертетін нәрсе: жылқыларды әр бөлмеде өз кезігімен қояды. Жылқылар бір-бірімен тістесіп қалмауы үшін олардың алдына негізінен айғырды, содан соң ғана аттарды және биелерді қояды.

Кезекпен жүргенде ара қашықтықты сақтауды ұмытпау керек. Жаттықтырушы әдетте ара қашықтықты ұзартуын, не болмаса, керісінше, кемітуін сұрауы мүмкін, ал негізінен бұл ара қашықтық екі жылқы денесінің мөлшеріндей. Ол қашықтықты ұстау қиын емес: ол үшін өз жылқыңның құлағының арасынан алдағы жылқының тұяғының табанын көруін керек. Ал бір жылқы мөлшері болғанда, алдағы жылқының толарсағы көрінуі керек.

Бірінші-екінші жыл салт мінуге үйренген кезде спортшыға жеке жылқы бекітіліп берілмейді. Жаңа бастаған спортшы міндетті түрде әр түрлі жылқыға салт мініп, жүруге үйренуі керек.

Тек содан соң ғана әртүлі жылқымен, олардың жасына, түрлеріне байланысты жүруге үйренеді.

Атты басқару

Жылқының аузына, мойнына шылбыр арқылы, бүйіріне аяғымен, арқасына спортшының денесінің қозғалуы арқылы жылқыға әсер етеді.

Жаңа бастаушы спортшыға ең негізгісі – мінүші құралдарын өз ретімен, керек кезінде дұрыс пайдалана білу.

Тізгін. Ауыздық арқылы жылқының езуіне әсер етеді. Ол арқылы мінуші жүру ретін тездетуге, бәсеңдетуге жағдай жасай алады, оңға, солға бұрады, шегіндіреді.

Жүретін кезде мінуші тізгінді босатып қолын алға созады.

Жылқыны ақырындату, не болмаса, тоқтату үшін қолмен тізгінді тартады. Сол сияқты өзінің денесін кейін қарай шалқаю немесе еңкею арқылы да істей алады.

Көбіне мінуші аттан құлап қалмау үшін тізгіннің көмегі арқылы істегісі келеді. Ең бірінші сабақта есте шығармайтын нәрсе: аттан құламау үшін ешуақытта тізгінді пайдаланбау керек. Ол үшін ер-тоқымға тақымның қысуын және денесінің бұру ретін пайдалану керек.

Шенкель. Шенкель дегеніміз ат үстіндегі адам аяғының тізесінен өкшесіне дейінгі ішкі жағы. Ол арқылы жылқының бүйіріне әсер етеді.

Ер-тоқымға отырған соң мінуші тізесімен қысып, шенкелмен бүйіріне аяғын тигізеді. Жүргізушінің тақымы мен өкшесі жылқыға қатты әсер етпеуі үшін өкше сәл төмен тұруы керек.

Егер аяқтың жылқы бүйіріне әсер бекілген әрі бір мезгілде болса әрқалыпты мінушінің аяғының әсерін қалыпты деп есептейді, және аяқтың әсері бір мезгілде болғанмен, екі аяғы біркелкі әсер етпесе.

Жылқыны алға жүргізу үшін мінуші тізгінді алға босатып, екі аяғымен жылқының бүйіріне сәл әсер етеді. Әрбір жылқыға жасайтын аяқтың әсері әртүрлі. Кейбір жылқыға аяқпен сәл әсер етсе жетіп жатыр, басқасына – қаттырақ әсер ету керек, ал енді біріне – жалғыз аяқпен ғана емес, тіпті өкшемен теуіп жүргізуге тура келеді.


Аяқты жүруге пайдаланған кезде, оны жылқының бүйірінен екі жаққа қойып ұстауға болмайды, ондай жағдайда мінуші аттан құлап қалуы мүмкін. Жылқыны тоқтау үшін жылқының екі бүйірін аяқпен қысып, тізгінді өзіңе тарту керек.

Жылқының көнбеуі

Негізіне жылқының мінушіге көнбеуі оның дұрыс басқара білмеуінде және жылқыға дұрыс қарамауынан болады.

Жылқы малына әруақытта үлкен ізетпен, шыдаммен, сенімділікпен қарап, оны өзіңе көндіре білуің керек.

Егер мінуші дұрыс басқара алмаса, не болмаса, оны ренжітсе онда жылқы үстіндегі адамды лақтырып тастауға тырысады. Ол иесін тындамай – өзінің басы ауған жаққа шабады; артқы аяғымен



ауаны тебе серпеді; екі аяғымен аспанға секіреді; шауып келіп, кенеттен тоқтай қалып, басын төмен салады; басын төмен түсіріп алып, арқасын бүгіп, бір орында секіреді.

Егер сені жылқы лақтырып жібергісі келсе, үзеңгіге аяқпен тік тұрмау, оның әсері қатты болмас үшін ер-тоқымды, тақыммен қаттырақ қысып, аяқпен бүйірден соға отырып алға жүргізуге тырысу керек. Осылай істеген жағдайда ол жылқының секіруіне, бірден тоқтауына, артқы аяқтарын сілтеуіне кедергі жасайды. Тізгінді тартып не болмаса, оған көнбесе қаттырақ тартып жылқының басын көтерген жон.

5.4. Спорттық жылқының жүріс түрлері

Жылқының жүрісі сырттай қарағанда, бірдей болғанымен әр аттың жүрісі әртүрлі. Ол аттың мінезіне, дене бітіміне, үйренісіне байланысты. Жылқының жүрісін халқымыз аяң, жорға, желіс, шабыс деп жалпылама төртке бөледі. Дегенмен, жылқының жай жүріс түрлерінен спорттық жүріс түрлерінің өз талаптарына байланысты өзінше ерекшеліктері бар.


Аяң. Аяңды қазақ халқы ілбу (ілби аяңдау), сыпылдап аяңдау, бұландап аяңдау, шоқырақтап аяңдау, ойнақшып аяңдау деп түрге бөліп айтады. Китің – аяңның бір түрі.

Жылқыға аяң өте қажет. Қандай жаттығу болса да аяңнан басталады. Аяң арқылы басқа жылдам жүрістерге көшеді, мінушіге, оның салмағына жылқы көндігеді.

Манежде жүргенде жылқы барлық қабырғаны айналмас үшін




а




б




в




а



б



б



г

және алдындағы жылқыны басып озуы үшін бұрышты қиып өтуі мүмкін. Сол себепті әрбір бұрылыста мінуші өте сақ болып, жылқыны дұрыс бұра білуі керек.

Ер-тоқымның айылын тексеруді ұмытпай, босап кетсе тартып, қысу керек. Ол үшін ат үстінде отырған бойы сол жақ аяқты көтеріп, сол бетінде босаған-босамағанын тексеріп көріп, содан соң айылын тарту керек.

Ілби аяңдату үшін тізгінді тартып, аяқ адымын азайту керек. Шоқырақтап аяңдату үшін жүргізуші екі аяқты дұрыс пайдалана

білуі керек. Ер-тоқымды аяғымен қыса, ептеп шалқая отырып, екі бүйірінен қыса отырып, тізгінді кейін тарта тоқтатуға болады.

Тізгінді өзіне тартып әрі үзеңгіге тік тұруға болмайды. Бұндай жағдайда жүгізуші жылқының мойнынан ауып, оның жолына құлап түсуі мүмкін.

Желіс. Қазақ желісті зор желіс, бөкен желіс, бұлкек желіс, шоқырақ деп бөледі. Зор желіс, бөкен желісті аттың алдыңғы екі аяғының басымы ауыс, артқы екі аяғының басымы тең сияқты болып көрінеді. Бөкен желісті жылқы тым аз кездеседі. Бұл жүріске шапқан аттың өзі де әрең ілесіп отырады. Қазақ жылқысы 100-150 км жерді тек осы зор, бөкен желіспен жүріп өтеді. Шабыспен мұндай алыс жолды жүріп өте алмайсыз. Ал бір қалыпты желіспен тәулігіне осындай қашықтықты жылқылар жүріп өте алады.

«Желіспен жүруді баста!» деген хабарды естісімен аяқпен бүйірге әсерін күшейтіп, тізгінді босатады, сонда жылқы желіске көшеді. Аяңнан желіске көшу мінушіні ерден көтерілуіне тура келтіргенімен, қорықпай, өз отырысыңды түзеп, отыра беру керек. Біраз жүргеннен кейін ер-тоқымда қозғалып отыруға да үйренеді.

Желуге үйрену мінушінің атқа дұрыс отыруына және тепе-теңдікті сақтауға үйретеді.

Желу кезінде ер-тоқымда дұрыс отыра білу үшін аттың үстінде үзеңгісіз отыруға үйрену керек. Ол үшін «Үзеңгіні босат!» деген бұйрықтан кейін аяқты үзеңгіден шығарып, мықынмен жылқының бүйірін қыса ұстап, тепе-теңдікті ұстау керек.

Аяқ жылқының бүйірін қыса-қыса талған кезде, жаттықтырушы «Аяңмен!» – деп бұйрық береді. Осы жүрістен кейін айылды қарап, тексеріп, босаса қысып, тарту керек.

Манежде желіп жүрген кезде мінушінің «дем алуына» болады. Ол үшін жылқының алдыңғы оң аяғын көтерген кезде ерден тұрып, ал аяғын жерге қойғанда ерге қайта отырады.

Жылқыны бір желістен екіншісіне ауыстыру үшін тізгінмен жақсы жұмыс жасай білу керек. Бөкен желісте жылқыны аяғыңмен басқара біліп, басын жоғары ұстау, шоқырақ желісте шылбырды бос қойып, жылқының басын бос жіберу керек.

Шабыс. Жылқы малының ең шапшаң қозғалысы. Ұзақ жолды жылқы үнемі шабыспен жүріп өте алмайды. Еті қатқан, күші мығым, сартап боп, жақсы жараған атпен орта шабыспен 50-60 км жер алады.

Шабыстың басы қосаяқтау. Әуелі қосаяқтап барып шабысқа түседі. Шапқан кезде аттың аяқ тастауы алысқа кетіп, қозғалыстың

куаты артып, аяқты тастуы (аяқты таруы) күші ерекше күшееді. Шабыстың шапшаңдығы артқан сайын аяқ тастауы көз ілеспес жылдамдықпен артып, көтеріліп отыратын болғандықтан адам шабыстың қозғалысына төзе алмай шаршап қалады. Сондықтан ат шапқан кезде ат үстіне малынып отырып алмай, үзеңгіні тіреп, сәл көтеріліп орналасады, бұндай отырыс шабандоздың шаршамауына жағдай жасайды.

Манежде оң жақ қапталмен жүргенде жылқы шабысты оң аяқтан, сол жақ қаптаумен жүргенде – сол аяқтан бастайды.

«Желіп жүріңдер!» одан соң «Шауып жүріңдер» деген бұйрық алғанда ер-тоқымға отырып желіске көшу керек. Одан кейін мынадай қимыл жасау қажет – оң жақ тізгінді сол жағына қарағанда қысқарта ұстап, алдына қарағанда, жылқының оң жақ көзінің ұшын көруің керек.


Тізгінді ұстаған күйі, сол аяғыңды кейін ұстап, екі аяғыңмен бірдей қимылдай отырып, сол жақ аяғыңмен тез тебініп қалып, шаба жөнелу керек. Тізгінді босатып, алға жіберіп, жылқының мойнын соза шабуына мүмкіндік беру керек. Үзеңгіге тұруға болмайды! Керісінше, белің ауырғанын сезсең, ер-тоқымға нық отырып сәл шалқая белді жазып алған жөн.

Егер жылқы шабысын бастағанда аяғын дұрыс салмаса, онда бөкен желіске түсу керек. Тек содан кейін тізгінді тарта, екі аяқпен дұрыс жұмыс жасап, қайтадан шабысқа көш. Көп жылқылар үйреншікті аяғымен шабысты бастағанды жақсы көреді, сол себепті шабысты теріс бастаса, оны міндетті түрде өз ретінде келтіру керек.

Аяқпен жұмыс жасауды ұмытпау керек: жылқы шабысын ақырындатқысы келсе, тағы да аяқпен жұмыс жасау керек. Қолды созып, тізгінді тарта бермей, тек ретімен ғана тізгінді босата шабу керек.


Шабудан кейін желуге, одан соң аяңға көшеді. «Токта!» деген бұйрық алған соң, ер-тоқымнан тұрмастан, денені кейін беріп, аяқты қыса ұстап, ақырын тізгінді тарту керек. Жылқы ақырын аяндап барып, тоқтайды. Жылқыны мойнынан сипап, рақмет айтқан жөн.

Жорға. Қой жорға немесе китің жорға, шапқан жорға, су жорға деп бөлінеді. Қой жорғаны китің аяңнан шапшаң болғандықтан аяңға қоспайды. Шапшаң жорға шабысқа жақын. Жүрісі тынышсыз келеді. Су жорға – нағыз жорға. Халқымыз мұндай жорғаларды сауырына су қойған кесе қойып сынайтын болған. Егер кеседегі «Су төгілмесе» су жорға деп аталған. Китің мен жорға жүрістерде ат оң және сол жағын алды-артына бірдей көтере тастайды (түйенің же-





лісіне ұқсас). Тек қана төрт аяғының аяқ тастауы ұйқасымды (ритмді) болса, китің болады да, барлық денесінің қозғалысы мен аяқ тастауы төрт аяғына бірдей жұмсақ басылса, су жорға деп атайды.

Атқа жүріс үйреткенде өзінің барғысы келетін жағына немесе үйірінің артынан ұмтылған сол бір кезін шебер пайдаланып жүрісіне



салады. Сөйтіп сол жүріске мүлде үйретіп жібереді. Нәтижесінде ол жүріс аттың мінез-құлқына (этологиясына) қалыптасады. Ол үшін жас кезінен бастап үйрету жөн. Жасы ұлғайған соң үйренбейді. Сөйтіп атқа шабандозға қажетті жүріс түрлерін үйретуге бола-



ды. Әсіресе, мінезі жаман аттар жүрісті шапшаң үйренеді. Өйткені, олар – сонша темпераментті, жеңілтек, өзін ұстай алмайтын құбылмалы жануарлар. Желіс пен жорғаны мініп бара жатқанда ер үстіне тік отырып, жүрісін бұзып алмау үшін тізгінді тең ұстап отырып ыждағатпен карап, қылт еткен қозғалысынан қате жібермей түзеп отырған жөн. Егер тізгінді дұрыс алып жүре алмасаңыз, не қатты, не бос ұстасаңыз жылқы жүрісі бұзылып, әсем жүрісінен айырылады.



Жүру бағытын өзгерту

Жүріс бағытын өзгерту – манежде жүру әдісінің бір түрі. Себебі әр уақытта бір бағытта жүрудің өзі жүргізушіні де қажытып жібереді.

Жүріс бағытын өзгертуді бірнеше әдіспен жасауға болады. Мысалы, бір бұрыштан екінші бұрышқа қиғаштап жүру, әрбір бұрыш арқылы жүру. Жүріс бағытын өзгерту үшін (қиғаш жүру әдісі): «Басшы шабандозға қиғаш жүруге атыңды бұр!» деген бұйрық беріледі. Оның ішінде «Атыңды бұр!» деген сөзі әдейі созып айтылады, өйткені шабандоз бұрышқа



жақындап, ұзын манеждің қабырғасынан алты адым жүріп, манежді көлденең қиып өтіп, қарама-қарсы бұрышқа алты адым қалатындай болуы керек. Алты қадам шабандоздың асықпай, уақытында бұрылып үлгеруіне қажет. Шабандоздардың барлығы да алдыңғы істегенін бірдей қайталайды. Жүріс бағытын әрбір бұрышпен жүру үшін, жаттықтырушының: «Басшы шабандоздың соңынан жүріс әдісін өзгерту үшін бұрыл!» хабары жетеді. Соны естісімен алдыңғы шабандоз қарама-қарсы манеж қабырғасына бұрылады да тұп-тура манеждің ортасымен барып, тек содан кейін жүріс бағытын өзгертеді.

Бұрылуды аяқтаған соң, тізгінді аздап өзіңе тартып, аяқпен жұмыс істеуді ұмытпау керек, болмаса, тек тізгіннің ғана әсері жүрісті ақырандату мүмкін. Екі тақыммен де жұмыс жасау керек, бірақ оңға бұрылғанда сол жақ тақымды қысыңқырау, ал солға бұрылғанда, керісінше, оң жақ тақымды қысу керек. Тақымды қатты, не ақырын қысуды жылқының денесін бұрып, бұрылғанда, бұрышқа сиятындай, оның жамбасы шетке шығып кетпейтіндей, артқы аяқтары алдыңғы тұяқтың ізіне дөп түсетіндей етіп қимылдау керек. Шабандоз жылқының бұрылатын жағына қарай өзі де денесін бұрады.


6-тарау. ШАБАНДОЗДАР МЕКТЕБІ

6.1. Классикалық ат спорты түрлері

Классикалық ат спорты түрлері олимпиадалық ойындарға кіретін ойындар түріне жатады. Оларға атпен салт жүру жоғарғы мектебі, үшсайыс және кедергіден секіру кіреді.

Салт жүру жоғары мектебі. Салт жүру жоғары мектебі – ол шабандоздің жылқының әрбір жүріс түрімен әдемі жүргізу, басқара білу өнері болып саналады. Тек осындай жүріспен жүре алған кезінде ғана жылқы мен адамның бір-бірін толық түсініп, сезінетінін білуге болады.

Жылқыны дұрыс басқара білу үшін оған арнайы жасалған ауыздықты (мундштукті) жүген кигізіледі. Ол темірден жасалады, жылқының аузының тісі жоқ жерінде, жай ауыздықтан төмен орналасады. Жеке ауыздық шынжырына бекітілген белбеу оның жылқы езуіне әсерін арттырады. Ауыздықты жүгенмен жүрген кезде шабандоз төрт бірдей тізгінді ұстайды: екеуі жүгендікі, ал келесі екеуі ауыздықтыкі және оларды өз ретімен жеке-жеке пайдаланады. Мұндай жүген түрімен тек тәжірибесі мол спортшы ғана жүре алады.



Салт жүру жоғары мектеп әдісін жабық манеж жағдайында, құм, не болмаса шөп егілген тегіс алаңда жүргізуге болады. Алаңның көлемі – 20 x 60 м. Алаңның ұзын жақ қабырғасына және қысқа жақ қабырғасының ортасынан арнайы жазылған әріптері бар тақтайшалар қойылады. Шабандоз әрбір белгіленген жүріс әдісін рет-ретімен орындай отырып, көрсетілген уақыт мерзімінде өте білуі керек. Көрсетілген әріп арқылы спортшы әрбір жүретін әдісті қай жерден бастап, оны қашан бітіру керек екенін көңіліне тоқиды.

Әрбір спортшының жарысқа қатысуы жылқының өз (табиғи) және арнайы үйретілген мәнерлі жүрістері арқылы басталады. Жылқының табиғи жүрістерін көрсеткен кезде, шабандоз аттың ең жақсы үйренген жүріс түрлерін: аяңды, желуді, шабуды көрсете алады.

Аттың жүру жоспарына: тоқтау (жылқының қалт етпей қозғалмай төрт аяғымен нық тұруы); шегіну (жылқы тіп-тік бойында тұп-тура кейін шегінуі); бұрылу (жылқының артқы екі аяғын орнында ұстап алты метрлік шеңбер жасауы) және т.б. түрлері жатады.

Жарыстың бірінші жартысында негізінен жылқының табиғи жүріс түрлері көрсетіледі.

Ал екінші жартысында – қиын, арнайы үйретілген түрлері көрсетіледі, оларды көрсету өте қиынға түседі. Жылқыға шоқырақтау кезінде бір аяқтан, екінші аяққа, сол аяқтан, оң аяққа, тіпті, аяғын әуеде «асылып» тұрған сәтте басқа екі аяқты ауыстырып үлгеруі керек. Не болмаса, бүйірімен жылжу (принимание), ол кезде жылқы бір бүйірімен денесін манеждің қабырғасына тепе-тең ұстаған күйі, желуі, шоқырақтап оның бір бұрышынан екіншісіне жүруі керек. Аяңмен, не болмаса желу арқылы жылқы бір орында тұрып шеңбер (пируэт) жасауы, не болмаса жартылай (полупируэт) шеңбер жасауы қажет.

Ең қиын әдістердің бірі – пассаж бен пиаффе.

Пассаж – қысқартылған, тезірек қимылдайтын желу түрі. Алдыңғы және артқы көлденең аяқтардың ақырын көтеріліп, түсірілуі жылқы билеп тұрған сияқты әсер қалдырады. Егер пассаж жасаған кезде, жылқының алдыңғы тұяғы алдыңғы жіліншіктің орта шеніне дейін, ал артқы тұяғы бақайшыққа дейін көтерілсе, онда пассаж дұрыс жасалған болып есептеледі. Жылқы алға жүргенде, ақырын және өте әсем жүруі керек.

Пиаффе – бір жағынан пассажға ұқсас жүру әдісі, бірақ бұл ретте жылқы бір орында тұрып «билейді».

Әрбір жасалған әдісті алқа мүшелері 10-баллдық ретпен баға береді, соңынан барлық алқа мүшелерінің баллдарын қосып, ең көп

балл алған атты спортшыны анықтайды. Әсіресе, әрбір әдістің жеп-жеңіл, қысылмай жасалуы, бір әдістен екіншісіне ауысқандағы сәні мен мәнері өте жоғары бағаланады. Дегенмен, көрушілерге шабандоз бен жылқының төккен терлері көбіне-көп көзге көрінбейді, олар жылқы өз көңілімен оп-оңай, ойнап жасалғандай көрінеді.

Берілген талаптарды орындамаса, уақытын артық пайдаланса, әдістерді дұрыс жасамаса алқа мүшелері айып беріп, оны барлық берілген балдан шегеріп, алып тастайды.

Ең көп балл жинаған шабандоз жеңіс тұғырына көтеріледі. Ұжымның жеңімпазын білу үшін олардың барлығының баллдарын қосу керек, кім көп жинаса, жеңіс соныкі.

Ең соңғы деректер бойынша салт жүру жоғары мектебінің тәртібі бойынша жүргізуші өз өнерін он минут ішінде көрсетіп үлгеруі керек. Егер уақыты бұдан асып кетсе, шабандоз әрбір артық секунд сайын жарты (0,5) айып беріледі.

Үшсайыс. Үшсайыс үш тәулік бойы жүреді. Бірінші күні – манежде, екінші күні – дала тексерісі, үшінші күні – кедергілерден секіру.

Манежде жүру. Жоғары салт жүру мектебінің бірінші күнгі сайысы манеждік алаңда өткізіледі. Манежде жүру жоспарына жылқының табиғатта өзі жүретін әдістері кіргізілген – шоқырақтау, шегіну, қабырғалап жүру, т.б., әрбір жүріс түрін 10 балл әдісімен бағалайды. Жалпы шабандоздың алған бағаларын былай қорытындылайды. Шабандоздың ең көп алуы мүмкін балл қорытындысынан оның жарыстағы алған баллдарының қорытындысын алып тастайды. Соңынан оған алған айыптарын қосады. Осының бәрі барлық айып мөлшерін көрсетеді. Ол неғұрлым аз болса, шабандоздың соғұрлым жеңу мүмкіндігі артады.

Даладағы тексеріс – жарыстың қиын әрі жауапты бөліктері. Жылқылар жүріп өтетін жол А, Б, В, Г болып 4-ке бөлінеді. Әрбір бөліктің өз жеңімпазы аталады. А және В – бөліктері жай жолдар; Б – кедергілерден секіру (стипель – чез); Г – әртүрлі жолдар.

Әрбір бөлікті әрбір спортшы өзіне ертерек айтылған уақытымен өзі ғана жүріп өтеді.

Даладағы жүретін бөлікті шабандоз өзіне көрсетілген жолмен (маршрут) ғана өтуі тиіс. Ол үшін спортшыға жарысқа дейін бір күн бұрын жол жүру сызбасы беріледі, одан өзі де сол жерлермен бірнеше рет жүріп көреді.

А бөлігінен шыққан спортшы дала жолдарының бәрін желіп отырып, көрсетілген уақыттан озбай өтуі керек. Егер ол уақыттан

ерте келсе, айып балл беріледі. Жүргізуші өз жағдайын есептеп, белгіленген мерзімнен көп ерте келмеуі керек. Өйткені соңғы шабыс кезінде жылқының күші өте көп қажет болады.

Одан соң көрсетілген уақытпен кедергіден секіру (стипль–чез) бөлігі басталады. Тегіс жерде жылқы секіргенде, сынып қалмайтын арнайы кедергілер жасайды. Әрбір шақырым сайын 3 кедергіден келеді. Кедергінің биіктігі – 120 см-ге жетеді; жер бетіндегі ені – 300 см, ал үстіңгі ені – 200 см; төменгі көлденеңі –300 см, жоғары көлденеңі– 200 см және жоғары; суы бар шұңқырдың көлденеңі – 4 м, сусыз– 3,5 м.

Бұл жағдайда да көрсетілген уақытта үлгеру керек, болмаса, айып балл беріледі.

Кедергілерден аман есен өткен соң, жүргізуші В бөлігіне өтеді, одан соң ең қиын бөлік – кроссқа дайындалу.

Кросс әдісімен жүру үшін бірнеше қиын жолдардан өтуі керек. Әрбір шақырым сайын 4 бұзылмайтын кедергілер орнатылады.

Барлық кростың ұзындығы кейде 8 шақырымға жетеді. Әрбір қойылған кедергі жер бедеріне сәйкестеліп жасалғаны дұрыс. Кедергілер тік түсетін, не болмаса, тік көтерілетін жерлерге, күрт бұрылатын, шұңқырларда, шалшық суларда, т.б. қойылады. Шабандоз уақытында үлгермесе, құлап қалса және жылқысы иесіне көнбесе, айып балл төлейді.

Әрбір стипль–чез және кросс бөліктерінде арнайы жасалған айып алаңы бар. Егер осы айып алаңында жылқы иесіне көнбесе, бірінші ретте 20, ал екінші ретте 40 балл айып тағайындалады. Үшінші рет шабандоз жылқыны көндіре алмаса, онда ол жарыстан шығарылады. Шабандоз аттан құлағаны үшін 60 айып балл беріледі.

Жарыс аяқталған соң шабандоз арнайы таразыға түсіп, өлшенеді. Шабандоз ер-тоқыммен қосқандағы барлық салмағы жарыс тәртібінің реті бойынша 70-75 кг аспауы керек.

Кедергіден секіру (конкур) даладағы ойындар аяқталған соң, келесі күні жүргізіледі. Бұл – жылқы мен шабандозды тексерудің ең соңғы, әрі қиын сатыларының бірі. Конкур арнайы жасалған алаңқайда, не болмаса, манеж алаңында жылдам жиналатын кедергілер орналастыру арқылы жүргізіледі. Кедергіден секірген жылқының денесі тиісімен кедергі тез бұзылады. Жарыстың класына қарай жылқы 15 кедергіден секіреді, оның 12-сі тез бұзылатын. Кедергінің биіктігі 120 см жетеді, ені-төменгі жағынан 3,5 м. Шабандоз жүру тәртібін сақтап, тек сызба көрсетілген ретпен ғана

кедергілерден секіруі керек. Өту уақытын асырса, жылқысын көндіре алмаса, кедергілерді қағып, құлатса, жылқы, не шабандоз құласа, айып балл тағайындалады.

Үш күнгі жарыс қорытындысы бойынша ең төменгі балл жинаған спортшы жарыс жеңімпазы болып саналады.

Кедергіден өту

Ат спортының классикалық түрлерінің ішіндегі ең көп тараған түрі – кедергілерден секіру (конкур). Болашақ ат спортшылары міндетті түрде кедергіден секіруге үйренеді және конкурдан бірінші спорттық разряд нормасын орындау үшін жарысады. Ат спортшысы кедергіден секіруді бірінші жыл үйренуі, жылдың соңында жарысқа қатысатын болуы керек.

Кедергіден секіруге үйрету үшін жарыс өткізушілер алдымен, жарыс өтетін жерді таңдайды. Әдетте, қыста жарысты манежде, ал жазда – конкур алаңында – тегіс көк шөбі бар 100 x 150 м алаңда өткізеді. Алаңды міндетті түрде қоршау керек. Конкурға керек кедергілерді табу онша қиын емес, ағаштар, сырғауылдар, шлагбаумдар, арнайы егілген тал ағаштар, тік ағаштар, т.б. жарайды.

Кедергілер конкур алаңына арнайы ретпен қойылады. Ол күні бұрын жасалған жүру сызбаға байланысты және қатысушыларға жарыс 1 сағат басталмас бұрын беріледі. Егер сызбада жүріп өту реті тура көрсетілсе, онда жүргізуші дәл сол көрсетілген ретпен ғана жүруі керек.

Егер сілтеме де (стрелка) арқылы тек жүру реті ғана көрсетілсе, онда шабандоз қандай жүру ретін дұрыс деп есептесе сонымен жүруге құқығы бар, бірақ барлық қойылған кедергілерді, көрсетілген нөмір ретімен таза өтуі тиіс.

Шабандозға жүру жолын тез білуі үшін, әрбір кедергінің оң жағында нөмірлер жазылады, ал екі шетінде: оң жағында – қызыл, сол жағында ақ түсті жалауша бар болады. Кедергілер жоғарғы биіктік, жалпақ және жалпақты биікті болып үшке бөлінеді.

Дегенмен, жолды өту ретіне қарай, бір-біріне жақын, 7-11 м жерде тұратын бірнеше кедергі қатарымен кездесуі мүмкін. Ал конкур алаңында, жолда ені 3-5 м болатын суға толы шұңқырлар кездеседі.

Кедергі саны, мөлшері және олардың түрлері қатынасатын спортшылар дәрежесіне қарай болады. Конкурды шабандоздардың дайындық ретіне ескере отырып, оларға оңайлатылған, орташа, қиындатылған және жоғарғы түрлерін өткізуге болады.



Кедергіден секіру

Жарыстар. Жарыс аты манежге жарысқа 1 сағат уақыт қалғанда келуі керек. Дәл осы уақыттан бастап, шабандозға конкур алаңына барып, өз көзімен кедергілермен, жүру ретімен асықпай танысуына болады. Жүріп өту уақыты да сол жерде төрешілер арқылы таныстырылады.

Шабандоз арнайы киімімен, бірақ атсыз, бір кедергіден екіншісіне барып, тоқтап, қарап, алаңмен танысады. Оған жүру ретін дұрыстап: қандай жерде, қалай бұрылатынын, жылқыны қашан тарта ұстауы керек екенін және кедергіге қалай жақындап баруын бұғып алуы керек.


Төрешілер алқасы өздеріне арналған орынға жайғасқан соң, алаңға қолдарында жалауы бар төрешілер шығады. Оның біреуі жарыстың басталатын, ал екіншісі аяқталатын жерінде тұрады.

Жарысқа бірінші түсетін спортшылар, арнайы жасалған алаңқайда, 2-5 кедергіден секіріп аттарын дайындайды. Бұнда әрқайсысы кезекпен, тек бір бетке қарай ғана секіреді. Осы тәртіпті ұстамаған спортшы төрешілер алқасының шешімімен жарыстан алынып тасталуы мүмкін.

Радио арқылы жүргізуші бірінші шығатын спортшының аты-жөнін, жылқының атын, қай қоғамнан екенін таныстырып, көрермендерге хабарлайды. Жарыс аттары шошымас үшін, көрермендер тынышталуы керек: оларға айғайлап, шулауға, алаңның жанында әрі-бері қозғалуға тиым салынады. Бұл ретте шошып кеткен жылқы, кейін жарыс кезінде қателесуі мүмкін. Өзінің арнайы киімін киген спортшы алаңға шығып, өзіне ыңғайлы жерге, төрешілер алқасына бетін қарата бұрылып, бас киімін шешіп, оларға басын иіп, тағзым етеді, соңынан бас киімін қайта киеді.

Қоңырау беріледі. Спортшы атын шоқырақтата жүрісті бастайтын жерге жақындайды. Ол жердегі тұрған төреші жалауын көтереді. Қоңырау дауысын естісімен спортшы жүрісті бастайтын жерді (старт) 60 секунд ішінде өтуі керек. Жылқының кеудесі сол жерден өте бере төреші жалауды түсіреді. Осы кезден бастап уақытты қадағалайтын төреші – секундометр уақытын қосады.

Кедергіні қаққан жағдайда шабандоз 4 айып баллын алады. Келесіде жылқы кеудесімен секірмей-ақ кедергіні құлатып кетуі мүмкін. Бұндай жағдайда ұзақ қоңырау естіледі. Осы кезде төрешілер қосымша секунд қосып, құлаған кедергіні қалпына келтірген уақытты қосымша есептейді. Төрешілер қосымша 3 айып баллды кедергіні құлатқаны үшін береді.




Тағы қоңырау сынғыры, секундомерлер қосылады да, шабандоз ол кедергіден өтіп, келесісіне жақындайды.

Жылқы жүретін жолдың ізін (мәре) кеудесімен қиып өтісімен төреші жалауын түсіреді.

Соңында радио арқылы көрермендерге жүріп өткен уақытын хабарлайды. Айып баллдарды мына ретте: кедергіні құлатқаны үшін 4, аттан құлағаны түсіп қалғаны үшін 3, және уақытты артық пайдаланғаны үшін 2, уақытты асырғаны үшін әрбір секундқа 0,25 айып балл тағайындалады. Егер кедергіден секіруге спортшы атты үш рет қатарынан көндіре алмаса, оны жарыстан шығарады.


Егер шабандоз бір кедергіні қағып кетіп немесе оны бір жағына бұрып тастаса, ол үшін 3 балл айып беріледі.

Жарыста ат қатар тұрған үш кедергінің екеуінен оңай өтіп, үшіншісінің алдына келіп тоқтай қалады. Бұл жағдайда бір кедергіні



секірмегені үшін, айып балл алып, қайтадан үш кедергінің барлығын өтуі керек.

Шабандоз қателесті деп есептеледі: жылқы кедергіден бұрылып кетсе, егер жылқы кедергіден секірмей, не болмаса, тұрып қалып, содан соң секіруді қайталау үшін жасалған болса, ондай бұрылыс (вольт) қате болып есептелмейді.



Сондай-ақ егер ол қатарынан үш рет жылқыны секіруге көндіре алмаса, ол 60 секунд бойына ырыққа көнбесе (жылқы екі аяғымен аспанға секіреді, тоқтай қалады, алаңды айнала шабады), құлаған кедергіден секіріп өтсе шабандозды жарыстан бостады.

Сонымен қатар егер жарысты бастауға шақырған соң 60 секунд бойына шықпаса, жарыс алаңына келмесе және одан жаяу кетіп қалса, төрешінің тоқтатқанына қарамай жылқыны тоқтатпаса төрешілер алқасының шешімімен жүргізуші жарыстан босатылады.

Қай шабандоз ең аз айып балл алса, сол жеңімпаз болады. Егер екі, немесе үш спортшылардың айып балдары тең болса, онда олардың арасынан күні бұрын келісілген кедергілермен, жолдар арқылы «қайта секіру» жүргізіледі.

6.2. Ат спортшылары дайындығы

Ат спортынан үшінші разрядшы нормасын тапсырар бұрын спортшы атты басқару әдістерін білуі керек. Оның ішіндегі ең қиыны – оны дайындау.

Спортшы үшін жылқының орнынан қозғалмас бұрын оның алға, артқа, жан-жағына бұрылуына дайын екенін білу, сезуі өте қажет. Мүмкіндігіне қарай, бұларды әрі тез әрі жылдам және мүлтіксіз істегені дұрыс.

Атты дайындау. Жылқының жарысқа дайындығын оның дене мүшелерінің қимылы: толарсақтарын қысып, аяғын жинап тұрса:

мойныны сәл көтеріліп, иіліп тұру, басын тік көтеру (желкесі ең биік болуы керек) білдіреді. Жылқыны тек тақыммен және тізгін арқылы көндіруге болады. Шабандоз екі тақымын қысу арқылы атқа бұйрық береді. Ат денесінің қабырғасына аяқпен әсер етсе, оның артқы аяқтарын алға қозғау керектігін білдіреді.

Егер мінуші аттың бүйірін өкшемен қатты тепсе, не керісінше, бос ұстаса, екі тақым екі мезгілде әсер етсе, тізгінді күрт тартса, жылқының бірден бұрылып кетіп, оның басқаруға көнбей кетуіне әкелуі мүмкін.

Егер тізгінді дұрыс ұстай білмесе, онда жылқы бірде мойнын созып, бірде басын төмен төмен түсіріп шабандозға көнбей қояды.

Тізгінді тым бос ұстаса, жылқы мойнын созып, ауыздықпен алыса, езуін жырады, қанатады. Басын тым тік көтеріп, аузын ашып, астыңғы жағын шайнап, ауыздығын олай-бұлай қозғайды.

Кейбір жылқы ауыздықтан босағысы келіп, мойнын иіп, аузын қатты ашады. Бұндай жағдайда шабандоз жылқыны дұрыс басқара алмайды сол себепті ат адамға көнбей қояды.

Тұруға үйрету. Атты дұрыс тұрғызғанда оның алдыңғы, тұяқтары артқы тұяқ іздерімен бірдей түсіп отыруы керек.

«Кейін қарай жүр» деген хабарды алысымен атты тоқтатып, тақыммен ақырын бүйірге қыса отырып, тізгінді тарту керек.


Денені алға қарай еңкейтпеу және тізгінді өзіңе қарай қатты тартпау: жылқы басын тым жоғары көтермеу керек.

Жылқыны дұрыс үйрету үшін әрбір 3-4 жасаған сол қысқа мерзімге тоқтатып отыру керек.

Жылқыны тоқтату үшін денені аздап кейін шалқайта, тақымды қыса түсіп, тізгінді аздап босату керек.

Бұрылу түрлері, артқа бұрылу. *Вольт*– жылқының аяқмен, желе және шоқырақтата дөгелене 6 метр шеңберде қозғалуы.

«Дөңгеленіп бұрыла жүр!» деген хабарды алған соң әрбір шабандоз тақымын қысып, атты әуелі оң жағына бұра отырып, сосын дәл сондай ретпен сол жағына бұрылып 6 шаршы метр дөңгелек жасайды. Дөңгелекті толық жасау үшін тақыммен жұмысты күшейту керек. Жылқы бұрылыс кезінде манеж қабырғасына тіреліп қалмауы үшін, аяқтың сыртымен, шабандоз өз денесінің иілуімен жылқыға бұрылатын жағын көрсете отырып көмектесуі керек. Кейін қарай бұрылып жүруді: «Артқа, не болмаса алға айналып бұрыл!» деген хабар естісімен, жылқымен манеждің қабырғасына соқтығып қалмай жарты дөңгелек бұрылыс жасайды да бірден сол қабырғамен қатарласа, тек енді кейін қарай жүреді. Бұл бұрылыс кезінде де



тақыммен, тізгінмен дұрыс жұмыс істей отырып, жылқыға 6 метрлік жартылай шеңбер жасауына көмек жасау керек.





Ат үстіндегі гимнастика түрлері. Ат үстінде келе жатып гимнастикалық жаттығуларды жасай білу шабандоздың жылқыға дұрыс отыра білуіне, тепе-теңдік сақтауына және денінің саулығына, шынығуына өте көп әсер етеді.

Алдымен гимнастиканы жылқы аяңмен жүргенде, тек соңынан ғана желіп жүргенде үйренген дұрыс. Бұндай гимнастиканы жасау спортшыны шабандоздық (вольтижировка) өнерді тезірек үйреуіне өз жәрдемін тигізеді.

Гимнастика жасамас бұрын «Үзеңгіні босат!» деген хабар беріледі. Одан соң жасалатын гимнастиканы жаттықтырушы хабарлап: «Баста!» дейді. Барлық гимнастика жаттықтырушының – бір, екі, үш... деген әмірімен, не болмаса, шабандоздың өз бетімен орындалады.

Шабандоздық (вольтижировка). Шабандоздық ат спортының бір түрі. Шабандоздық жарыстарда спортшы ат үстінде арнайы гимнастикалық жаттықтырулар жасайды, ол кезде жылқы желіп, не болмаса шоқырақтап 13 м дөңгелек аланды айнала жүреді.

Аланның ортасында басқарушы (кордовой, бичевой) тұрады. Басқарушының біреуі ұзын арқан-жіппен жылқыны айнала (сағатқа қарсы) жүруіне көмектеседі, ал екіншісі оң жақта тұрып, оның керек жүріспен жүруі үшін ұзын қамшымен айдап тұрады.



Жылқыға арнайы жасалған жүген мен ер-тоқым салынады. Ол жылқыға төрт айылмен бекітіледі: екеуі тура, қалған екеуі қиғаш тартылады. Ер-тоқымның алдыңғы жағында оған бекітілген 2 темір болады, ал артқы жағында – екі шығыршық орналасады. Бұл заттарды спортшы гимнастикалық жаттығу жасағанда пайдаланады.


Шабандоздық спортты жаңа бастаған міндетті түрде үйренуі қажет спорт ойыны.

Шабандоздық үшін спорттық костюм, ал аяғына – жеңіл спорттық аяқ киім қажет. Жаттығуды спортшылар өз кезегімен, тек қана жаттықтырушының рұқсатымен ғана жасайды.

Жаттықтырушы ортаға шақырған соң, бір адым алға жылжып, тіп-тік тұруы керек. Жылқының желіп келе жатқан сәтін пайдаланып дөңгелек алаңға кіреді. Сөйтіп оның сол жағынан жылдамдата отырып, жақындап келіп ер-тоқымға қолын салады.



Аяғының ұшымен жылқымен бірге шеңберді айнала жүгіріп отырады.



Бұл жүріс кезінде аяқ жылқының алдыңғы аяқтарымен тепе-тең қимылдауы жөн.



Следы лошади:

*а – при правильном осаживании;
б – при согнутом боку.*





Жүгіргенде белді сәл еңкейте, басты тік ұстау керек.

Екі иық жылқының денесіне тіп-тік болуы керек. Жылқыға қарғып мінуге дайындау керек – ол жаттығу екі бөліктен: жерден секіру және жылқының ұшасынан асудан тұрады.

Секіру үшін бірнеше қадамды жылдамдата отырып, жылқының алдыңғы сол жақ аяғы жерге тиген сәтте жерден секіру керек.

Ешқашан асықпаған жөн, жылқының аяғына мұқият қарау керек. Жылқының алдыңғы оң жақ аяғы жерге тірелген сәтте секіретін болса, ол жылқының тепе-теңдігін бұзуға әкеліп соғуы мүмкін.

Секірген сәтте екі қолды тірей, тік ұстап, бірден жылқының ұшасынан асып түсу керек. Жылқының жамбасынан аяқты асыра, ер-тоқымды қыса, ақырын ерге отыру керек. Төменгі суреттерде шабандоздықтың негізгі жаттықтыру түрлері көрсетілген.

6.3. Кедергіден секіру

Жылқының секіруі – өте қиын орындалатын қозғалыс. Ол секірген кезде оның жалғыз бұлшық еттері ғана емес, сонымен бірге оның орталық нерв жүйесіде қызмет етеді. Секіру биіктігі мен ені жылқының бұлшық ет күшіне және одан басқа секіру қимылын біріктіре білуіне байланысты. Ал желіп, не болмаса, аяңдап келе жатқанда секіру оған әлқайда қиынға түседі.

Жылқының кедергіден секіруі. Жылқы секіруін негізінен: кедергіге жақындау, жерден қарғу, асылып тұру және жерге секіріп түсу сияқты 4 бөлікке бөлуге болады.

Кедергіге жақындау. Бұл сәтте шауып келе жатқан жылқы секіруге даярланады: кедергі биіктігін және оның мөлшерін

қарайды; оған секіруге болатындай жерге жақындап келеді; секіру бағытын және күшін бағдарлайды. Қос аяқтаған жылқы артқы екі аяғын сәуіріне тыға, басы мен мойнын бұққан бойы, алдыңғы екі аяғын жерге мықтап тірей отырып, артқы екі аяқты да мүмкіндігінше алдыңғы аяққа жақын қояды. Осындай қимыл жасағанда секіру өте сәтті өтеді.

Жерден қарғу. Жылқы жерден қарғи бастаған сәтте, бірден басын және алдыңғы қос аяғын жоғары көтереді де, артқы қос аяқты жерге тірей отырып, мойны мен басын алға соза (тепе-тендігі алға қарай өзгерте) қарғиды.

Асылып тұру. Қатты қарғыған жылқы кедергіден аса, алдыңғы қос аяғын бүккен бетімен және сәл бүгілген қос артқы аяқпен кедергіден өтеді. Жылқы аяғының екі аяғын асыра бере мойны мен басын төмен түсіреді, сонда оның артқы екі аяғы кедергіні ілмейді.

Секіріп тұсу. Секіріп жерге түсерде жылқы басы мен мойнын көтеріп, кезегімен бірінен соң бірі алдыңғы аяқтарын жерге тіреді. Содан соң мойны мен басын төмен тұрған күйінде бірден жоғары көтереді. Осы кезде жылқының алдыңғы екі аяғы артқы екі аяқты жерге қоюға мүмкіндік береді, бұдан әрі шабандоз жолын әрі қарай жалғастыруына болады.

Жаңа үйренуші спортшының ат кедергіден секірген сәттегі ең бірінші қимылы – атқа теріс қимыл жасамау.

Кедергіге жақындаған сәтте, спортшы секіретін бағытты анықтау керек, ер-тоқымға мықтап отырып, тақымын қыса түсуі керек (ол үшін өкшеңді сыртқа қарат).

Ат жүріп келе жатқан кезде ер-тоқымнан кейін жылжып кетпес үшін денені ептеп кейін жылжытып, белді бүгінкіреп ұстау керек.

Жылқы секірген кезде үзеңгіге тұрмаған және денені алға тым еңкейтпеген жөн. Себебі жылқы секірген сәтте шабандоз өзінен-өзі аздап жылжып, оның мойнына, басына жақындайды, оның төменгі жағы «түсіп» қалғандай сезімде болады. Жылқының секіруін жеңілдету үшін, күні бұрын тізгінді босата ұстау керек. Олай істемеген жағдайда жылқы басын және мойнын қатты созып, ауыздықпен алысады. Екі қолды да алға соза, тізгінмен бірдей етіп бос ұстаған жөн. Ең бірінші рет секірген жағдайда, қорықпас үшін тізгінді біржола бос жіберіп, жылқының жалынан да ұстап үйренуге болады.

Ал жылқы қарғып, кедергіден асып бара жатқан сәтте, тізгінді тартыңқырап, оның ауыздығын түзеп ұстау керек. Өзің секіре ал-

дында қалай отырсаң, солай, тым кейін шалқаймай отырған дұрыс. Жылқы секіріп жерге түскен сәтте ер-тоқымнан алға сыдырылып түсіп қалмау үшін, денені аздап артқа шегіндіріп ұстау керек. Егер үзеңгіге тік тұрсаң, немесе тоқымынды тым босатып жіберсең, жылқы секіріп жерге түскен сәтте сен оның мойнынан асып кетуі мүмкін. Қолы әрқашанда тізгіннен айрылмауы керек.

Жылқы секіруді толық бітірген соң, тізгін және дене арқылы оны керек жағына бұру керек.

Ескерлетін нәрсе: тізгінді тым қатты тартып, жылқының қимылына бөгет жасамау, тізгінді тым босатып «бос» та жібермеу, жылқы секірген сәтте басты тым төмен салмау және өтіп бара жатқан кедергіге бұрылып қарамау керек. Кейбір шабандоздар жылқы қарғи бастағанда, тізгінді жоғары тартып, қарғуына көмектесемін деп те ойлайды, ол дұрыс емес.

Кедергіден секіре білу дегеніміз – ол шабандоз бен жылқының бір-бірін түсініп, бірдей қимылы және спортшының керек кезінде жылқыға тізгін, мықын арқылы, дене қимылымен көмегі.

Спортшы дұрыс секіре білуі үшін, әр секіру сәтінде ер-тоқымда дұрыс отыра білуі керек.

Ол үшін жылқы үстіндегі ер-тоқымға отыруды аяндап, желіп келе жатқанда үйрену керек. Тек содан кейін ғана жерге қойылған сырғауыл-ағаштардан, бөгеттерден өтуге жылқыны үйретеді.

Осыларды үйренген соң, одан биігірек 20-35 см биіктікте орналасқан сырғауыл-ағаштарынан қарғып үйренеді.

Келесі сәтте жеке-жеке қойылған кедергілер биіктігін енді 80-90 см биіктікке көтеріп, содан секіріп жаттығуды бастайды. Осы кезден бастап атпен секіріп жаттығуды кезекпен үйренуге кіріседі.

Ең соңында, манеж алаңының екі жақтауына екі-екіден төрт кедергі және дәл ортасында бесінші кедергі орналастырады. Кедергілерді бір шетінен бастап, алдымен жақтауға жақын орналасқан төрт кедергіні, ең соңында, ортадағы кедергіні секіріп өтеді.

Бұл секіру кезінде барлық жүру, секіру жолын спортшы өзі ғана өтеді, тек ол болған соң келесі спортшы жалғастырады. Жаттығудың барлығын әбден үйреніп болған соң, оның қайсысын аса жақсы жасай білсе (үшінші разрядшы нормативінде), соны тапсыруына болады.

6.4. Жас таланттарды іздеу

Қазіргі кездегі ат спорты жарыстарында тек қана ат үстінде жақсы салт міне біліп жүру аз. Оның болашақтағы жеңісі сол шабандоздың жеке басының дарындылығы (таланты), тәңірдің берген табиғи қасиетіне байланысты. Міне, сол үшін жаңа бастаушы жастарды атқа баулып, осы спортқа дұрыс үйрете білу үшін ат спорты мектебінің жаттықтырушысы ең алдымен, адам мен жылқы физиологиясындағы соңғы ғылыми жаңалықтарды, спортшының мінез-құлқын (психология) дұрыс пайдалана, түсіне біліп, олардың қабілетін манежде болсын, гимнастика бөлмесінде болсын, бұрыс жолға қоя білуі қажет.

Бұл ретте жаттықтырушыға спорттық медицина көмекке келеді. Мысалы, Ф. Томасси ілімі бойынша, болашақ спортшыларды тест (тексеріс) арқылы анықтауға болады.

Оның ойынша, ең алғашқы сәтте болашақ спортшыларға керегі төрт қасиет:

1. Бұлшық ет пен нерв жүйкесі қимылы (керек кезінде жүргізуші денесінің әр бұлшық етінің және барлық дене қимылы арқылы қозғалуы);

2. Батылдық (қиын жағдайда қорықпай қарама-қарсы әсер жасау);

3. Атты түсіне білу (атпен бірге қимылдай білу);

4. Тепе-теңдік сақтай білу (өзінді-өзің ұстай білу).

Осының бәрін жеңіл гимнастикалық тест, не болмаса, салт жүре білу арқылы оңай анықтауға болады. Оған төменде көрсетілген мысалдар пайдаланылады.

Денешынықтыру. Бұлшық ет пен нерв жүйкесі қимылы: екі қолын соза бере, алдымен, оң қолын жоғары көтере оң жақ тізесін бүге тактайдың үстінде тұра білу; не болмаса, алға қарай жүріп келе жатып, екі қолымен бірдей әуеде шенбер жасау; не болмаса, бір қолын тірей отырып, екі аяғын тік жоғары көтеріп, өзін-өзі ұстап тұру.

Батылдықты білу үшін жасалатын тест: екі аяғын жоғары көтеріп, одан соң екі қолына кезекпен ауысып отыру, сальто жасап секіру.

Атпен бірге түсініп қимылдай (ритм) білу: жаттықтырушының алақанын шапалақтап жасаған жылдамдығына сәйкес гимнастикалық қимылдар жасау.

Тепе-теңдікті сақтай білу тест: бөрененің үстінде тұрып бір қолын жоғары көтере, бір аяғымен оңға секіре, солға, артына қарай бұрыла білу.

Атқа салт мініп жүру.

Бұлшық ет пен нерв жүйкесі қимылын білетін тест: атпен желіп жүріп, екі дөңгелектен «сегіздік» жасайды, жаттықтырушы осы жүріс кезінде шабандоздың тақымы мен тізгінді ұстай білу қимылына көңіл аударады.

Батылдықты көру тест: үзеңгісіз шауып жүру, не болмаса, қиын жаттығу орындау.

Жылқымен бірге түсініп қимылдай білу тест: жылқымен аян жылқымен аяндап, желіп және шауып көрсету, одан соң осы жүріс түрлерін керісінше жасау.

Тепе-теңдікті сақтай білу тест: кедергілерді екі қолыңды екі жаққа жая желіп өту.

Жаттықтырушы өзінің болашақ оқушысын дұрыс түсіне білу үшін ол басқа мектепте алып, үйренген атқа жүре білу қабілетін оның табиғат берген қабілетінен айыра білуі керек. Осы себепті тест жасай отырып, оқушылар арасында салыстырмалы жарыс өткізу олардың физикалық кемшіліктерін ашып, болашақта қалай жұмыс жасау керектілігін көрсетеді.

Спортшының тепе-теңдік ұстай білуі және жылдам қимылдай білуі, оған болашақта жеңістерге жету үшін өте қажет, себебі жылқымен жұмыс жасай білуді, одан атқа салт мініп жүре білуді ғана емес, өзіне сенімділікті, ұқыптылықты, батылдықты, жігерлікті, т.б қасиеттерді дамыта беруді қажет етеді. Тек қана жігерлі, дені сау, батыл шабандоз ғана ер-тоқымда мығым отыра алады, алысқа шабуға, шыдайды, жылқыны өз ырқына көндіріп, аттың шапқан, секірген кезінде де салқын қандылықпен өзін-өзі ұстай біледі.

Атқа салт мініп жүру, оның ден саулығының артуына, жылдамдыққа, есептеп қимылдауға және оған қосымша күш, жігер береді. Жылқыға отыра білуді нығайту үшін, тепе-теңдік сақтау және шыдамдылықты арттыру үшін шабандозға арнайы қолына, аяғына, барлық денесіне арнайы гимнастикалық жаттығулар жасалады. Біздің ойымызша әрбір жаттығуды шабандоз аттың үстінде салт міне отырып, гимнастикалық жаттығулар жасағаны дұрыс. Оған мына жаттығулар жатады:

Қолға жасалатын жаттығу: екі қолды алға, екі жағына созу, жоғары көтеру, саусақтарын басынан айқастыра асыру, қолдарын бұлғай айналдыру, жылқының жалын, мойнын сипау, т.б.

Денеге жасалатын жаттығу: шабандоздың денесімен оңға-солға, артқа-алға бүгілуі, бұрылуы және барлық денесімен дөңгелене айналып бұрылу.

Аяққа жасалатын жатығулар: аяқты алға-артқа, жан-жағына созу, тізесін көтеру, аяғын аттың жалынан асырып көтеру, аяқтың басын айналдыра қозғалту, т.б.

Гимнастикалық жаттығулардың ішіндегі ең құндыларының бірі: ер-тоқымға ат қозғалмай тұрғанда қарғып міне білу, аттың үстінде «қайшы» (ножницы) жасай білу. Гимнастикалық жаттығулар атқа салт мініп жүруді үйренумен қатар жүргізіледі.

Гимнастикалық жаттығулар өз ретімен, жеңілден ауырға қарай жылжып, тек жылқы оған қарсылық жасамай, түсініп, сезінген жағдайда ғана жалғастырылуы керек.

Әрбір жаңа жасалатын жаттығу алдымен бір орында, одан соң аяқ кезінде, тек ең соңында ғана, желу кезінде жасалады.

7-тарау. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТЫҚ АТ СПОРТЫН ДАМУЫҒА АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫЛАРДЫ ӨСІРУ

Қазақ халқында ат ойынының көптеген түрлері бар. Олар – аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс, тай бәйге, аударыспақ, көкпар, қыз қуу, теңге алу. Қазіргі кезде әліде дамытуды қажет ететін ойындар: дөнен бәйге, қамшыгерлік, ат омырауластыру, көп сайыс, сайыс, салма ілу, үкілі пошта, жамбы ату. Бұлардың бәрі ескіден келе жатқан ойындар. Бірақ әлі де болса бұл ойындарды жақсарту керек, ойнаған уақытта кісіге, атқа зақым болмауы керек, ол үшін әр ойының ережелерін мұқият жасау қажет. Ережелерді қайта жасағанда ат ойының оңайлату, оған қатысып жүрген адамдарға зақым келмеуі жағы қарастырылуы тиіс.

7.1. Ұлттық ат спорты түрлері

Көкпар тарту. Халықтың өте жақсы көретін, қызықты ұлт ойындарының бірі – көкпар тарту.

Көкпар адамдардың күшін, ептілік, айлакерлік тәсілдерін, жүректілігін, батылдығын және қиын жағдай туа қалғанда тез әдіс тапқыштығын арттырады. Көкпар сонымен қатар аттардың төзімділігі мен жүйріктігін, олардың түрлі ойындарға үйреншікті оңтайлы екендігін және табиғи не қолдан жасалған кедергілерден секіріп өте алатындығын тексеретін сын болып табылады.

Көкпардың негізінен екі түрі бар: бірі – жалпы тартыс, бұған бірден көп адам қатысады және олардың әрқайсысы көкпарды жеке жеңіп алу үшін күреседі; екінші түрі – дода тартыс, мұнда жалпы саны белгіленіп, екі топ бөлінген адамдар көкпарды жеңіп алу үшін күреседі.

Көкпар тартуға жасы 18-ге толған (16 жас жеке рұқсатпен), көкпар ережесімен таныс, дәрігерден денсаулығы жөніндегі куәлігі бар ер адамдар ғана қатыстырылады. Аттарды көкпарға қатыстырар алдында дәрігерлері оларды қарап шығарады. Команданың құрамында жарыстың көлеміне қарай, 5 адамнан 9 адамға дейін болады. Көкпар жарысына қатысуға бөлінген адамдардың әрқайсысы бір күнде көп дегенде екі-ақ рет көкпар тартуға рұқсат етіледі, ал көкпар тартуға қатысу аралығында ең кемінде 30 мин. үзіліс болуы керек. Көкпар тартысып жүрген адамдар сол көкпар тартуға бөлінген арнаулы жердің шегінен шықпайды және өз капитаны мен төрешінің

нұсқауларын бұлжытпай орындап отырады. Төреші ысқырықпен дыбыс бере қалса, көкпар тарту дереу тоқталады.

Көкпар тарту үшін жан-жағы бұрышталып келген ашық және тегіс жер бөлінеді, оның әрбір жағының кеңдігі 150 метрден 320 метрге дейін болады.

Жарысты бақылап, басқаратын төреші көкпар тартатын жерге барып тұрады да, жалау көтереді, сөйтіп жарыстың басталғанын білдіреді. Осы белгі бойынша жарысқа қатысатын командалар ұйымдасқан түрде жеребе салып, тандап алған өз қақпаларына барады да, беттерін орталыққа қаратып, тізіліп тұра қалады.

Төрешінің ысқырығы бойынша ойын басталады, команда капитандары жерден көкпарды алуға әрекеттенеді.

Көкпар тартуға қатысатын адамдар мынадай ережені сақтауға міндетті: әрбір көкпар тартушы адам астына мінген атының шапшандығы мен күшін бірдей пайдалана отырып, көкпарды тек қолменен тартып алады, алған көкпарды ердің астына салады, қолда ұстайды немесе тақымына басады.

Көкпар тартып жүрген кезде: көкпарды атқа, не ерге байлап тастауға, өзінің астына басуға, киімнен немесе атының ертұрманынан ұстауға және т.с.с. болмайды.

Көкпардың мақсаты – көкпарды алаңның шетіндегі 5 метрлік «мәре салымға» апарып салу. Көкпарды көп салған команда жеңеді. Ойын 15 минуттан кем емес екі тайм бойы жүргізіледі, үзіліс 10 минут. Көкпардың салмағы 30-50 кг кем болмауы керек.

Аударыспақ. Халықтың өте бір жақсы көретін қызғылықты ат ойындарының бірі – сайыс, мұнда екі адам ат үстінде жекпе-жек тартысып аударысады, кім аттан түсірсе, сол жеңген болып есептеледі.

Сайысқа қатысушылар өздерінің салмағы бойынша үш категорияға бөлінеді: жеңіл салмақтылар – 65 кг-ға дейін; орта салмақтылар – 80 кг-ға дейін; ауыр салмақтылар – 80 кг жоғары. Жарысқа тек жасы 18-ге толған, сайыстың ережелерімен жақсы таныс, денсаулығы жөнінен дәрігер рұқсат берген және сайысқа мінетін атына мал дәргерінен алған рұқсаты бар еркектер қатысады.

Сайыс өткізілетін жер кеңдігі 3 метр болатын дөңгелектеу, ойы да, дөңесі де жоқ тегіс жер болуы керек.

Ереже бойынша: сайысқа түскен екі адамның бір-бірінің қолдарынан ұстауына, қарсы жақтың белінен қапсыра құшақтауға, өз атының және қарсы жақтың атының бүйіріне тізесімен не аяғымен тіреуіне, болмаса өз атының мойнын құшақтап жатып алуға, қарсы

адамды әрі итеріп не өзіне тартуына, өз атының тізгінін босатпай, қарсы жақтың атына мінгесіп алып тартысуға рұқсат етіледі.

Мұнымен қатар қарсы жақтың белбеуінен төмен қарай киімінен ұстау, сондай-ақ оның аяғынан, басынан ұстап, атының ер-тұрманына жармасу, төрешінің ысқырығынан кейін де сайысты тоқтатпай жүргізе беру және т.с.с. рұқсат етілмейді.

Мынадай жағдайда таза жеңіске жетті деп есептеледі: егер сайысқа түскен адам қарсы жақты аттан құлатып, оның денесі жерге тисе; егер сайысқа түскен адам сайысып күшін асырып, қарсы адамды атымен қарсы сайыс алаңынан шығарып жіберсе және т.с.с. Егер белгіленген уақытта сайыстан нәтиже шықпаса, онда бас төреші бүйірдегі төрешілермен ақылдаса отырып, аударыспақта өте жақсы тәсілдер қолданып, қарсы жаққа белсенді түрде басым шабуыл жасаған адамды жеңіп шықты деп есептейді.

Аударыспақ нәтижесі мынадай тәртіппен есептеледі: таза жеңіс үшін – 1 ұпай, төрешілер комиссиясының ұйғаруы бойынша жеңсе – 1 ұпай беріледі, жеңілген адамдар «0» ұпай алады. Салмағына қарай бөлінген әрбір категорияда ең көп ұпай алған адамдар сол категория бойынша жарыста жеңіп шықты деп есептеледі.

Қыз қуу. Қазақ халқының қыз қуу деген ұлттық ойыны да ел арасында кеңінен тараған. Мұны, әсіресе, жастар жақсы көреді, өйткені бұл жастарға арналған ойын, оған қыз бен жігіт қана қатысады.

Қыз қуу ойыны ашық алаңда өткізіледі, ондай алаңның ұзындығы кемінде 300 метр, ені 30-40 метр болуы керек; алаңның кедір-бұдыры, дөнес-ойпаты жоқ, теп-тегіс болуы шарт. Ойынға қатысатын қыз бен жігіт қазақтың ұлттық киімдерін киіп шығады.

Тиісті кезектері тигенде ойынға ең алдымен, шығатын қыз бен жігіт белгіленген жерге келіп, қыз алдында тұрады да, ал жігіт қыздан 10 метр кейін тұрады. Төреші белгі берісімен-ақ қыз да, жігіт шаба жөнеледі. Жігіттің міндеті – алдында шауып бара жатқан қызды жол ортасына барғанша қуып жетіп, қолын тигізу.

Қыздың міндеті – айналмаға барғанша жігітке жеткізбеу, айналмаға жеткеннен кейін жігітті алдына салып, төрешілер тұрған жерге жеткенше еспе баумен төмпештеп ұрып келу.

Ойында жеңген жігітке немесе қызға 1 ұпай, ал жеңілгендерге «0» ұпай есептелінеді.

Ат бәйгесі. Қазақ халқының өте жақсы көретін, ежелден келе жатқан ұлт ойындарының ішінде ат бәйгесі үлкен орын алады.

Бәйге – атқа үлкен сын. Мұнда бәйгеге қосылған аттардың күші, шабыстылығы, жүйріктігі барлық жағынан сыналады.

Бәйге атына мініп шыққан адамдардың қайсысы болса да, астындағы атын бәйгеден бірінші келтіруімен қатар, аттың күшін сақтай отырып, аяқ алысы ширақ, бойы сергек, келуін ойлауға тиіс. Бұл үшін аттың сырын жақсы білу керек, оның алыс-жақынға қалай шабатынын, ат басын қай жерде тежеп, қай жерде босату керек екенін ұмытпауы, қысқасы аттың шабысын дұрыс басқара білуі тиіс. Бәйгеге қосылатын аттар да, бәйге атына мінетін адамдар да бәйге болардан көп бұрын жақсы даярланып, әзір болуы қажет.

Қастерлі жылқы малының амандығын еске ала отырып, бәйге жарыстарын мына ретпен өткізуге болады:

Тамыздың 1-не дейін

- аламан бәйге – 25 км;
- бәйге – 17 км;
- құнан бәйге – 11 км;
- жорға жарыс – 7 км;
- тай бәйге – 3 км.

Тамыздың 1-нен кейін

- аламан бәйге – 31 км;
- бәйге – 21 км;
- құнан бәйге – 17 км;
- жорға жарыс – 11 км;

Аттың жасы:

- аламан бәйге – 3 және одан үлкен;
- бәйге – 2 және одан көп;
- құнан бәйге – 2-ге дейін;
- жорға жарыс – 2 және одан үлкен.

Аттың жасын төрешілер оның тісінен анықтайды.

Бәйге аттары әдетте, қара жолмен шабады. Сондықтан жарыс өтетін жолдардың тегіс болуы керек, ойлы-қырлы, сазды-шұңқыр жерлер шапқан аттарға қауіпті.

Ат бәйгесіне 10 жасар және одан да ересек, денсаулығы жақсы ер балалар қатыстырылады. Ат шабысқа қатысатын адамдардың жалпы санын бәйге өткізуші ұйымдар белгілейді.

Бәйгенің қорытындысы оған қатысқан аттардың бәрі де сөреге келіп болғаннан кейін шығарылады.

Жоғарыда айтылғандардан басқа халық арасында аттың қатысуымен өткізілетін ұлттық ойындар бар. Солардың ішінде *күміс алу* (атпен шауып келе жатып жерден күмісті іліп әкету), *жамбы ату* (шапқан аттың үстінде садақпен жамбы атып түсіру), *мүше алып қашу*, *жорға жарыс*, *ат жегу* (атты кім тез жегеді), *жігіт жарыс*

(атты тез ерттей сала қаша жөнелу), *табақ тарту* (ат үстінде жүріп табақ тарту), *ат омырауластыру*, *ат үстінен найза лақтыру*, *құрық салу*, *асауды үйрету*, *қамшыгерлік* тағы сондай ойындардың бәрінде де ат үлкен орын алады. Мұндай ойындарда аттың ұшқырлығы, ойынға оңтайлылығы, белінің беріктігі, жігіттің ептілігі, т.б. сыналады.

Аңшылық. Еліміздің ертеден келе жатқан тамаша әдет – атпен аң аулау. Қазақтар қасқырды, түлкіні, қарсақты атпен қуып жетіп қамшымен, сойылмен соғып алған. Олар аңшылыққа ізіне ертіп жүретін тазыларды, иттерді алып шыққан.

Ертеден жыртқыш саят құстарды (бүркіт, сұңқар, ителгі, тұрымтай, қаршыға, бөктергі, бидайық) аң-құс ұстауға үйреткен.

Жыртқыш құстардың балапанын ұядан ұстап алған саятшы оларды бір жасқа дейін үйретеді, әр күн сайын далаға шығарып жаттықтырады. Ішіне сабан тыққан теріні олар *шырға* деп атайды. Ал, шырғаға түскен құсына аздап ет беріп мақтайды. Күн сайын осылай бүркітті түлету төрт-бес аптаға созылады.

Қыс айларында семіріп кетпес үшін бүркіттердің астына мұз қатырып қояды. Жемдік етті де шағындап беріп, ашықтырып ұстайды. Ашынған, қатты ашыққан бүркіттің кейде иесіне де түсетін кездері болады. Қолға үйренген бүркіт жеті-сегіз жыл саятқа жарайды.

Бұдан басқа да көптеген ат қатысатын ойын түрлері бар. Мамандардың айтуынша, 40-қа жақын халық ат спорты түрлері бар көрінеді.

8-тарау. БӘЙГЕГЕ ЖӘНЕ БАСҚА АТ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСАТЫН ЖЫЛҚЫЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ

Өкінішке орай, осы уақытқа дейін салт мініп жүретін және жас кезінен бастап жаттықтыруға пайдаланатын жылқылардың қандай ретте азықтандырылуы белгісіз болып отыр. Жылқымен айналысатын адамдар, егер спорттық жылқыға қажет азық мөлшері рационның нақты білмеген күннің өзінде, сол азықтың құрамында оған қажетті витамин және минералды заттардың жеткілікті мөлшерде екенін білу керек. Шабандоздардың кейбіреуі жылқы рационына құрамында протеин көбірек жемазықтарды бергенді жөн көреді. Өкінішке орай, бұлай істеудің дұрыс-бұрыс екендігін тек ғылыми-тәжірибе жұмыс жасап, оларды жылқыға беріп, бірнеше жыл тексергеннен соң, сараптап, тек осыдан кейін ғана салт мінетін және бәйгеге қатысатын аттардың рационын нақты айтуға болады.

8.1. Ат жарысына қатысатын жылқымен қарым-қатынас

Жаттығу жасайтын жылқыларға шабандоздар сияқты аса көп көңіл бөлу керек. Екеуі де жеңіске жету үшін көп терлеп, қызмет жасау керек. Жылқы адамға қарағанда, жас кезінен жаттығуға кіріседі. Егер адам орташа 70 жас жасайтын болса, жылқы 20 жас қана жасайды, яғни жылқының 2 жасқа келуі, адамның жаттығуды 3,5 жаста бастағанына тепе-тең. Осы салыстырудың өзінен-ақ жылқы малының жас кезінен бастап жаттығуға кірісіп, жарыстарға қатынаса бастайтынын түсінуге болады. Бұл жылқының әсіресе, аяғына жас кезінен үлкен ауыртпалық түсетінін көрсетеді. Осыған байланысты жылқының жіліктеріне, бақайшығына, бақалшығына, өкше, сүйектеріне әсер етіп, олардың зақымдануы мүмкін. Күнбе-күнгі жаттығу кезінде әлі қатпаған аяқ сүйектеріне аса көп әсер етеді. Тек осы жағдаймен ғана жаттығуға түскен таза қанды жылқылардың 70 пайызы жаттығудың бірінші жылының соңына дейін шыдайтындығын, бар болғаны 10 пайыз жылқының өз бабында қалатынын түсіндіруге болады.

Сонымен жас мал аяғына көптеген ауыртпалықтар түседі. Осындай жас малды бабында ұстау үшін оларға керекті азық беріп көңілмен қарай білу керек. Жай жұмыста пайдаланатын жылқыларға

қарағанда, үнемі жаттығу мен жарысқа қатынасатын малдарды коректендіру әлдеқайда күрделі.

Өкінішке орай, спортқа қатынасатын аттарды азықтандыру реті туралы мағлұмат өте аз. Сол себепті спортқа қатынасатын атты азықтандырған кезде оларға басқа ірі қара малдарда жасалған ғылыми тұжырымдарды және көптеп істейтін жылқышылар мен жаттықтырушылардың тәжірибелері пайдаланылады.

Бұдан басқа қиыны бәйгеге шабатын аттар азыққа өте талғамды келеді. Олар тек өзі ұнататын азықты ғана жейді, күн тәртібінің өзгеруі, бір жылқышының екіншісімен алмастырылуы оған теріс әсер етеді, сол себепті әр жылқы малына тек жеке өз басына жеке күтім керек.

8.2. Спорт жылқысының қондылығы

Бәйгеге, не болмаса, басқа ат жарысына қатынасатын жылқы тым семіз болмауы керек. Оларды «жаратылған», дайындық күйінде ұстайды. Кейбіреулер оны «іші тартылған», «бұлшық еттері бұлтылдап, ойнап тұр» деп атайды. Жаратылған жылқыда ешқандай артық май болмайды. Жай адам оған қарап тұрып, мына жылқыға тегінде тамақ бермейтін шығар, деген ойда болады.

Ипподромда, не болмаса, жай жерде бәйгеге түсетін аттарды азықтандырғанда олардың керегінше азықпен бірге протеин, минералдық заттарды, витаминдерді алып, өзінің күшін арттыруға, қашанда бабында болуына және табиғат берген қасиеттерін арттыруына көмек етуі керек. Жылқы малын үнемі бабында ұстау үшін әр уақытта мына тәртіпті ұстау керек: ол не семіз, не арық болмауы керек. Осы екі кондиция арасында ұстай білсе, онда жылқы бабында саналады.

9-тарау. СПОРТТЫҚ АТТЫ ДАЙЫНДАУ

9.1. Алты ай мен бір жыл алты айға толған тайларды топтап дайындау әдісі

Енесінен бөліп алған соң бір жас – бір жарым жастағы жас тайлар топтаған жаттығуларға қатынаса бастауы керек. Бұл жаттығу жұмасына 6 күн бойы әртүрлі жүріс түрлерімен жүруден тұрады. Жаттығулар арнайы қоршалған жерде, не болмаса, жай жолда жүргізіледі, бұның бәрі жергілікті шаруашылықтың жағдайына қарап істелінеді. Жаттығуды екі ат бегі жүргізеді. Оның біріншісі топтың алдында жүріп, жүру мәнерін, түрін және ұзақтығын көрсетіп отырса, артындағысы топтағы жүру тәртібін, қалып қоймауын қадағалайды. Аттың бір жүрістен басқасына ауысуы тек жаттығушының дауыстап айтуымен ғана жасалады.

Төменде топтап жаттығудың жобасын ұсынып отырмыз.

Алты ай мен бір жыл алты айға толған тайларды топтап жаттықтыру сызбасы (күз-көктем)

Жасалатын жаттығу (минутпен)	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір
Қыздырыну	15	15	15	15	15	15	15
Жай келу	15	15	15	15	15	15	12
Қатты желу	-	-	-	-	-	-	3
Аяңмен жүру	10	10	10	10	10	10	10
Жай аяң	20	20	20	20	20	20	20
Барлық уақыт	60	60	60	60	60	60	60

Төменгі келтірілген сызбада алты ай мен бір жыл алты ай толған тайларды жаз және күз айларында жаттықтыру жобасы көрсетілген.

Алты ай мен бір жыл алты айға толған тайларды топтап жаттықтыру сызбасы(жаз-күз)

Жасалатын жаттығу	Мамырдан қыркүйекке дейін
Қыздырыну, мин	15-20
Аяң, желіп жүру, мин	25-20
Жай аяң, мин	15

Бірінші күндері жүру қашықтығы 2-3 км болады. Алдыңғы 600-900 м жерді тайларға өз еркімен жүруіне рұқсат беріледі. Одан кейін 600-800 м топты желіп, ең соңғы 1000-1500 м аяңпен жүреді.

Жыл мезгіліне байланысты оларды жайылымға шығарады, не жанбырда және суық күндері жыттығудан оларды ат қораға байлайды.

1-2 жұмадан соң жүру қашықтығын 4,5-5,5 км дейін ұзартады да, жаттығуды мына ретпен өткізеді: еркімен жүру 600-800 м, желу 600-800 м, аяң 600-800 м, желу 1200 м, аяң 1500 м.

Көктемге қарай жүру қашықтығын 10-11 км жеткізеді және жаттығуды да 1 сағатқа ұзартады, жұмыс реті былай болады: еркімен жүру (қыздыру) 1200-1400 м, желу 3000-3500 м, аяң 1200-1400 м, желу 3000-3500 м, аяң 1200-1600 м.

Топтап жаттықтырған кезде малға мұқият қарап отыру керек, шаршаған кезде жылдамдық пен қашықтықты азайтады. Батпақ не қарлы жолда да қашықтық пен жылдамдықты азайтқан жөн.

Топтап жаттыға бастағаннан бастап, ал соңынан жекелей жаттықан кезде арнайы дәптер жүргізу керек, оған жаттырушы күнбе-күнгі жасалған жұмыстарды жазып отырады.

Тайдың бір тәуліктік қоректену мөлшері:

– Жемшөп өлшемі, кг	9,0 -10,0
– Қорытылған протеин, кг	0,9-1,0
– Кальций, гр	55-60
– Фосфор, гр	45-50
– Каротин, гр	180-200
– Ас тұзы, гр	25

Азық мөлшерінің негізгі жемнен тұрады, ол сұлы, кебек, шрот, кейде арпа, не жүгері жармаларын пайдаланады.

Шөптің құрамында астық және бұршақ тұқымдас өсімдіктер болуы керек. Осы кезде де құлын кезінде қанша қызыл сәбіз берілсе, сонша берілу керек. Жаз кезінде жылқылар мүмкіндігінше жайылымда көп уақыт болуы керек. Бір жастағы тайға жыл бойы орташа төмендегі азық қажет:

- Жем – 22 кг.
- Шөп – 17 кг.
- Сәбіз – 5 кг.
- Көк шөп – 30 кг.

Күнбе күн жас малдың тұяғын қарап, өсіп кетсе қиып, сынғаны болса тазалап отырады.

Тайларды міну және дайындау. Тайларды топтап жаттықтырудан жекелей дайындыққа ауыстыру үшін, алдымен, оларды үйрету керек. Ол жетектеу мен шылбырға үйрету. Әр ұжымның жағдайына байланысты тайды 11 мен 17 ай жасы шамасында үйретуді бастайды. Малды жас кезінде үйрету жаттықтыруға да жеңіл, себебі осы кезде олар тез үйренеді. Дегенмен, жас кезінде үйрету дұрыс болуы үшін, оны жазғы жайылым уақытын күнбе-күн естеп шығармай, қымбатқа түссе де қайталай беру керек. Сол себепті жаздың соңы мен күздің басында да жалғастырылады. Соңғы (күзгі) жаттығу жаттықтырушыларға қиынға түседі, себебі мал есейіп, денесі қата бастайды, оларды көндіру машақатты келеді.

Үйрету кең манежде, не болмаса қоршауы бар алаңда жүргізіледі. Тым кең емес алаңда тайға денесін жаралап алу мүмкіндігі өте аз, босап кетсе оны ұстап алу да оңай. Жұмыскерлер малға шыдаммен, шын көңілмен қарап, өз айтқанын әр қашан үйрете білуі керек. Ең алдымен, оған жетектеп жүре білуді және бір жерде байланып, қозғалмай тұруды жабына тоқу керек. Оны жетектеп манеждің ішінде жүргізу. Егер жан-жағындағы заттардан шошынса, оған жақындатып бойын үйреткен абзал.

Жүргізудің алды етіп, ұзын жіппен, арқанмен үйретуге болады. Жіптің ұзындығы 18-20 м. Жылқышы тайды тізгінінен ұстап манежге алып келеді. Жаттықтырушы ноктаның астына жіпті іледі, ал жылқышы оны айналдыра жүргізеді. 2-3 айналған соң тайды бос жібереді. Егер тай босағанын сезіп шаба жөнелсе, жаттықтырушы даусын шығарып, желіске, тай жолдан шығып кеткісі келсе, бір жерде тұрып қалса ұзын қамшымен орнына түсіреді. Дәл осылай қамшымен тайға әсер етеді.

Тай 8-10 айналым жасаған соң, жаттықтырушы оны аяңға түсіріп, жіпті тартып, ортаға жақындатады. Сабасына түскен соң, оны мақтап, жалынан сипап, оны қарама-қарсы айналыммен жібереді. Ол осы айналыммен айналып болған соң, жіпті тартып, ортаға әкеледі.

Бірінші күндері жас мал тез шаршайды, сол себепті оларға әркез дем алдырып отыру керек.

Жаттығу біткен соң ноктаға тізгінді салып, жіпті алып тастайды, содан соң 10-15 м жетектеп жүргізіп, атты қораға апарады.

3-4 күн ішінде жүру мөлшерін 30-40 айналымға жеткізеді, осыдан бастап жүгенге үйретуге болады. Ат қорада тұрған тайға жүгенді басына, ауыздықты салып, керек болса қысқартып, не ұзартып өзіне келетіндей етіп дұрыстайды. Ауыздық бос болса, оның тілі

ауыздықтың үстіне шығып кетеді, тым тығыз болса, езуін жырып кетеді.

Жоғарыда көрсетілген жаттығу түрлердің әр малдың мінез-құлқына, темпераментіне қарай өзгертуге болады, мысалы, тайларды ұзын арқанмен емес, жай тізгіннің өзімен жетектеп үйретуге болады. Бұндай істер әр жаттықтырушының құқығында.

Бәйге аттарын жаттықтыру аттардың ұзақ әрі ауыр шабыстарға шыдамдылығын, олардың аяқтарының, бұлшық еттерінің, күшінің және қуаттылығын артыруына әсер етуі керек.

Күнбе-күнгі жаттығу (қараша-қаңтар)

Жасалатын жаттығу (минутпен)	1-1,5 жас	2-2,5 жас	3,5 жас
Аяң	8-10	8-10	8-10
Желу	15-25	25-40	30-50
Желу	5	5	5
Кентер	1000-1400	1600-2400	2000-2800
Аяң	20-25	20-25	20-55
Жүретін жол, км	8-9	9-12	11-14

Күнбе-күнгі жаттығу (ақпан-сәуір)

Жасалатын жаттығу (минутпен)	1-1,5 жас	2-2,5 жас	4,0 жас және одан жоғары
Аяң	8-10	8-10	8-10
Желу	10-15	15-20	15-20
Желу	5	5	5
Кентер	1800-2400	3000-4000	3200-4500
Аяң	25-30	25-30	25-30
Жүретін жол, км	8-9	10-12	12-14

9.2. Жекелей дайындау

Бір жарым жылдық желіс аттары, тай кезінен жаттықтырудан өтіп болған соң, әдетте, оларды жекелей баптау маусым-шілде айларында басталады. Алғашқы кезде оларды арнайы жасалған эткеншекте (качалка) бірлестіріліп жүргізеді.

Құлындар құнаншарға қарағанда табында, бірге жүргенді ұнатады. Олар көбірек шауып, секіріп, ойнақтап ойнайды, дұрыс

жайылмайды да, сол себепті көп салмақ жоғалтады. Жаздың ортасынан асқанда тай-құнандар жайылымда, тіпті, есіріп, бір-бірін тістеп, теуіп, әбден тынышсызданады. Осы себепті тамыз айынан бастап тай-құнандарды жайылымда бағуды тоқтатып, алдымен, ересектерін қораға қамап, оларды баптауды бастайды.

Бір жарым жылдық желіс аттарын арнайы жаттықтыру үшін жасалған бөлмелерде ұстайды. Ол бөлменің көлемі 11 м² кем болмауы керек. Жайылым мерзімі аяқталған соң оларды күнбе-күн тұрады. Жеке баптайтын жылқыларды топтап жүргізіп жүру мүмкін болмағандықтан, құнаншаларды топтап, мүмкіндігінше топтардағы мал басы тым көп болмаса, шамалап жасалған алаңқайлардың көбірек болғаны дұрыс. Жайылым кезінде осы мақсаттарға олардың жекелеген бөліктерін (порция) пайдаланады.

Жылқы жем-азық рационы бапталатын малдардың көбірек күш-жігер жіберетінін ескере отырып жасалу, жас малдың үнемі өсіп-дамитынын ұмытпау керек. Осы себепті оларды азықтандыру мүмкіндігінше әртүрлі әрі құнарлы болғаны жөн.

Біржарым жасан екі жасқа дейінгі жылқы малының күндік азық мөлшері:

– Жемшөп өлшемі, кг	9,5-10,5
– Қорытылған портеин, кг	1,0-1,1
– Кальций, гр	60-70
– Фософр, гр	50-60
– Каротин, гр	160-180
– Ас тұзы, гр	30

Негізінен азық құрамы бір жарым жылдық малдарға берілетін құраммен бірдей. Бапталатын жас малдарға берілетін кебектің, жем қосылған көжелердің көлемі көбейтіледі. Көк шөпті жас малдар жайылымда, өзі жеп тояды, болмаса, оларға шауып, аздап кептіріп көктей тасып әкеліп береді.

Жаттығатын жас малға бір жылға шамамен қажеті (ц):

- Жем-24
- Шөп-25
- Сәбіз-7
- Көк шөп-16

Жеке баптаудағы мақсат-жылқының бойына берген табиғи мүмкіндікті жаттығу түрлерін, күннен-күнге көбейте отырып, дамыту. Желіс малының жүрісін күнбе-күн дамыта отырып, олар ипподромға барғанда бәйгеге түсе алатындай бапқа келтіреді. Спорттық жаттығу негізгі – жас малдың жүрісін,

шабу қашықтығын біртіндеп қосып отыру. Осыдан бастап жылқы малы бір жүрістен екіншіге оңай өтеді.

Өте қажет нәрсе ол – жаттығуды тоқтатпай, үздіксіз жүргізу. Жаттығудағы керексіз үзілістер қашанда жылқыға теріс әсер етеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстанда жаттығуды үзіліссіз жүргізу өте қиын. Солтүстік тек жаз айларында ғана керегінше жаттығу жұмыстарды уақытымен, үзіліссіз жүргізуге болады, басқа уақыттарда ауа райы әр қашан құбылмалы (саз, батпақ, тайғақ, қар қысқы, күзгі суық, т.б.). Осы себепті шаруашылықтарда күн райы бұзылған кезде жылқының жарақаттануына жол бермеу керек. Жол тайғақ немесе суық болса, атты жаттықтыруды жабық манежде өткізеді. Дегенмен, манеждегі жаттығу ашық даладағы баптауға жетпейді, бірақ жылқы бабының төмендемеуіне көмектеседі. Спорттық жаттығуға әдетте, 1067 және 1600 м жай жолды пайдаланылады. Оның ені 12-15 м болып, бұрылатын жері тік болмауы керек. Жаттығуға ыңғайлы 1600 м жол. Осы қашықтықтағы жол жылқыға ретімен желуіне, қысылмай бұрылуына мүмкіндік береді. Дегенмен, жолды күнбе-күн бабына келтіру 1600 м, көлемі 1,9-2,4 га.

Біздің беріп отырған спорттық жылқыны баптау реті жоба ғана. Әрбір жаттықтырушы жылқының бабына (шаршау, жемшөп жемеу, су ішпеу, жүрісінің бұзылуы) қарап, оның жаттығу ретін де өзгертіп, мүмкін үзіліс жасап, не болмаса, жаттығуды аздап кемітіп, қысқасы, қажетті өзгерістер жасап отыруы керек.

Сонымен жылқының жеке баптаудағы мақсаты – мінушінің оны өзіне көндіріп, басқара білуі. Ат иесіне қашанда болсын оңай мініп, оңай түсуіне кедергі жасамай, тыныш тұруы керек. Жолда жүру жылқыны шудан, өтіп жүріп бара жатқан көліктерден қорықпауына үйретеді. Жылқы малы да иесіне өзіндей сеніп, айтқанына жүруі керек.

Жеке жаттығу сызбасы

Жаттығу	Ұзақтығы, мин
Қыздырыну	19-25
Аяң мен желу кезіндегі жаттығулар	20-25
Кентер	5-7
Жай аяң	20

9.3. Емдеу және қадағалау

Құнарлы шөп, керегінше, азықтандыру және жылы қорадағы жылқы күтімі мен жайылымда жайып бағу-таза тұқымды жылқы алудың басты кепілі.

Жемазық (сұлы, арпа, кебек, т.б.) құрамына бөтен қосындылар болмауы керек, оның түсі, иісі өзіне сай болғаны, олардың ылғалдылығы 17 % аспағаны жөн.

Қызып келген жылқыға жем беруге болмайды, ал сәбізді тек қана жуып, таза күйінде беріледі. Шөп қашанда кепкен, жасыл түсті, хош иісті, құрамындағы улы шөптер болмауы керек. Егер жылқыны көк шөпен азықтандырса, ол жаңа шабылған, жатып қалмаған болуы керек. Жылқыны суарғанда оларға құдықтың, артезиан құдығының, ағынды өзен, көл, бұлақ суларын пайдаланады. Жылқыны шауып келген бетте суаруға болмайды.

Ат қорасын әрдайым тазалықта ұстау керек. Оларды жеке ұстаған кезде тазалау күнбе-күн жүреді. Тобымен ұсталатын жылқы астына қиынды салынып, оның қиы уақытымен тазаланады. Жаз күндері ат қораның қиы ретімен, жылқының тұру мерзіміне байланысты алынады. Қысқы күндері қи қиындымен бірге араласып, оның астының батпақ болып езіліп кетпеуіне көмектеседі.

Шаруашылыққа жаңа келген жылқыларды ветеринариялық заңға сәйкес карантинде ұстау керек. Қашанда болсын дудамал тудыратын жұқпалы не басқа аурулар (ас жемеу, дене қызуының көтерілуі, нашар дем алуы) сезіктіру тудырса, оларды бірден басқа малдардан бөліп, мал дәрігерлеріне хабарлайды. Биелерде іш тастау, не болмаса нашар құлындар туса, бұл себепте оларды паратиф ауруына шалдыққан-шалдықпаған тексеріледі.

Әрбір шаруашылықта жылқыларды құрт ауруларына тексереді, табылған жағдайда емдеу жұмыстары жүргізіледі. Іш құрт (гельминт) аурулар болмас үшін, жайылатын шабындықты бірнеше бөлікке бөледі, әр бөлікте жылқы малын бағу мөлшері 7 күннен аспауы керек. Қыстақ аяқталған соң жылқы қорасы, оның бөлмелері ластан тазаланып, әктеліп (дезинфекция), ой-шұқыр жерлері тегістеліп, түзелуі керек.

9.4. Спорттық аттарды дайындау жолдары

Аттарды теміржолмен, автокөлікпен тасуға болады. Жолға дайындалған кезде жылқылар (ветеринариялық заңға сәйкес)

ветеринариялық тексеруден өтуі тиіс. Темір жолмен болмаса, автокөлікке мінгізбес бұрын малды тазартып, азықтандырады.

Бір вагонға артатын жылқы саны 8-ден аспауы керек. Жылқыны бөлетін доғалдар, қабырғалары, сәкілерін тексеріп қарап алу керек. Сынған жерлерін түзеп, ретке келтіреді.

Жем мөлшері әрбір жылқы басына есептегенде, 2 кг сұлы, 1 кг кебек, 8 кг шөптен келуі керек.

Егер жылқыны вагоннан немесе жүк автокөлігінен түсірген соң, олар жеткізілетін жер 5-10 км қашықтықта болса, онда оларға 1-1,5 сағат демалыс беріп, тек содан соң ғана аяндап қажетті жеріне жетуге жағдай жасайды.

Жылқыны жай автокөлікпен және арнайы жасалған автофургонмен апарды. Жай автокөліктердің алдыңғы және екі жақтауын 2 м биіктікке дейін тақтаймен биіктетеді. Егер машинада 2 жылқы болса, оларды тақтай сырғауылы арқылы екіге бөледі. Суық кезде жылқының үстіне жамылғы жауып апарды. Жылқының құйрығы өріліп қалмауы үшін оған арнайы қапшық кигізіп қояды.

Тұяқты түзеу, тазалау, тағалау. Тұяқты тазалау мен тағалауды жаттығатын жылқылардың тұяғының өсуіне қарай, ең аз дегенде, бір – бір жарым айда өткізіп тұру қажет. Арнайы жасалған тұяқты тазалайтын сыммен бір, жұмыс аяқталған соң тағы бір тазалап, соңынан жуу керек.

Тазалауға пайдаланатын құралдар: арнайы жылқы щеткасы, тұяқ тазалайтын имек сым, жал мен құйрығын тарқататын тарақ, тер алатын ағаш, кенеп шүберек, орамал, ақ мәрлі.

Жаттығу құралдары: Әрбір жаттығу тобында аз дегенде салмағы 5-6 кг ноқта, ұзын жіптер (қорды), тоқымдар, он-оннан үстіне жабатын жазғы және қысқы көрпешіктер, орамал, мартингал, мәрлі, айыл, тізгіндері болады.

Күн ережесі. Әрбір ұжымда өз жағдайына қарай, ат қорада жұмыстың дұрыс жүруі үшін өз күн тәртібі қалыптасады. Күн тәртібіне жылқының су ішуі, азықтануы, тазалығы, дем алып жүруі, жайылу жеке және топпен жаттығу және қора тазарту кіреді. Жылқылар күндегі жасалатын жұмысқа көндігеді де, оны өзгерткенде алаңдап, дұрыс тамақ жемейді. Осы себепті шама келгенше, күн тәртібін өзгеруге тек басқа істейтін амал болмаған кезде ғана барады. Күн тәртібін жайылымға шыққанда, малды қораға қойғанда, жаттығу бастағанда, жеке баптаудан топтап баптауға ауысқанда қайта қарап өзгертеді.

Мал өсуін тексеру. Жылқы малымен айналысатын әрбір ұжым белгіленген мерзімінде оның дене бітімінің өлшемдерін жасап, салмағын өлшеп отырады. Негізгі дене өлшемдері: шоқтығына дейінгі биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, көкірек орамы, жіліншік орамы. Жылқының салмағын оның жасы өсуіне қарай: туғаннан соң үшінші күні, алты айда асқан соң, 1 жылда, 1,5 жылда, 2 жылда, 2,5 жаста, 3 және 4 жасында өлшейді. Алты айдан жасы асқан құлындардың дене өлшемін айына екі реттен тексереді. Оның ішінде айдың 1-нен 15-і аралығында туған құлындардың өлшемін сағат 7-де, ал 16 мен 31 аралығында туғандарды сағат 22-де жасайды. Өлшемдердің барлығын арнайы дәптерге жазады.

Желіс малының күтімі. Әрбір ат қораға күтуші ретінде күндізгі және түнгі жылқышы тағайындалады қорада айғырлар, үйретіліп жүрген тай, байталдар тұрады.

Әрбір 25 желіс малына бір жаттықтырушы тағайындалады.

Әрбір 20 желіс жылқысында бір атбегі және оның көмекшісі болады. Әрбір 30 жаттығып жүрген спорт жылқыларына бір жаттықтырушы және көмекші тағайындалады.

Биелер құлындайтын кезде әрбір үйірге қосымша үш ай мерзімге жылқышыға жеке көмекші беріледі. Дәл сол сияқты айғырдан шығатын мерзімде де жылқышыға үш ай мерзімге көмекші қосылады.

10-тарау. АТ СПОРТЫ РАЗРЯДШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУ МЕКТЕБІ

10.1. Сабақты құру және оның мақсаты

Ат спортына жаңа кірісіп жатқан жастарды дұрыстап баулу, оның денсаулығының артуына, жеке басының өсуіне, өз Отанын қастерлеуге үйрету, жылқы малын және табиғатты сүюге, атқа салт міну өнерін игеруге өз жардемін тигізеді. Олардың ішіндегі ең дарынды, үйренуге ұмытылатындары болашақта үлкен жарыстарға қатысуы үшін жаттығуды одан әрі жалғастыруға қалдарылады.

Сабаққа дайындау. Ат спортын дұрыс түсіне білуде оның өткізетін орны және сабақты жүргізу реті спортшының біліміне, дайындығына байланысты. Егер спортта көп жетістікке жетемін десе, ол спортшы көп білуі керек, ол үшін жақсы оқуы керек. Көбіне-көп ат спортындағы табыс жас талапкердің жеке басының мінезіне байланысты.

Ең бірінші – жылқыны жақсы көріп, оны пір тұтып, қастерлеп, аялап өсіре білуі керек. Халқымыздың тұрмыс салтындағы атты басқа ұрмау, атты теппеу, атқа табыну деген сияқты ырымдарды ұмытпаған жөн. Жас үйренуші өзінің жеке басының еңбегінен басқа жылқы малының да дене бітімін, оның мінез құлқын, мүмкіндігін түсіне білуі керек. Қашанда қандай жұмыс жасасаң да атқа тек жақсылық жасауды ойла, ол жылқының айтқанға жүріп, тек көнуіне көмектеседі. *Тырысу – өте керек қасиет.* Ол сенің болашақтағы табысың.

Жылқыны баптағанда *шыдамдылық, сенімділік* және көп еңбек қажет.

Ұқыптылық, өзіне деген сенімділік табысқа тезірек жетуге мүмкіндік беретін жақсы қасиеттер. Егер жылқы жақсы жаттықтырылған болса, үйренушіге де жеңіл. Әрбір спортшы өзін-өзі ұстай біліп, тәртіп сақтай білуі керек.

Ал жаттықтырушымен, атбегінің арнайы білімді, оқушылармен жұмыс істей білуі, сондай ақ тек үйретуші ғана емес оқушы да бола білуі керек.

Ат спорт мектептері өз қатарына ниеті бар барлық үміткерлерді жынысына, дайындылығына қарамай қабылдауы тиіс. Негізгі сұраныс денсаулығы туралы құжаты және дәрігерлік рұқсат. Жүректері, бауыр, бүйректері ауыратын адамдарға атқа салт мініп жүру кері әсер етуі мүмкін.

Бірінші күнен бастап жаттығуға қатысатын жас жеткіншектер атты баптауда үлгілі, тәртіпті болуы, айтқанның бәрін тыңғылықты істеуі, оның ер-тұрманына ұқыпты қарауы, жануарды қастерлей білуі керек.

Жаттығуды жүргізгенде салт мініп жүру әдістерін, тәртіптерін дұрыс түсіну үшін оған қатысушыларды жеткіншектер, қыздар, ересектер деп үш топқа бөледі. Бұлай бөлу олардың жаттығу сабақтарын дұрыс және қызықты өткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, осы жоғарғыда айтылғандар ішіндегінің ең негізгісі жылқыны дұрыс пайдалану.

Егер бөлінген жылқылар тек салт мініп үйретуге ғана пайдаланған болса, онда олар жұмасына 24 сағат, яғни күніне 4 сағат жұмыс жасайды.

Сонымен, мысалға үйренуге 5 жылқы бөлінді делік, онда күніне 2 сағат екі кісіден жаттығады, ал үш сабақтан болғанда жұмасына 20 оқушы, немесе 5 кісіден төрт топ болады: № 1 және № 2 – топтар – дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, ал № 3 – және № 4 – топтар – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Егер қатысушылар тым көп болса, онда сабақты екі сағаттан бір, бір жарым сағатқа қысқартып, үйренушілердің санын 30-40-қа жеткізеді.

Әр топтағы адам саны 10-нан аспауы керек. Атқа мініп жүре білетін қыздар мен ер адамдарды бірге жаттықтыруға болады. Егер топ аралас болса, онда жаттықтырудың күш-қайратын есептей отырып жасау керек.

Сабақты жылдың қай мезгілінде де бастай беруге болады.

Жақсы шабандоз жылқыдан қорықпайды, оның мінез-құлқын біледі, оны күтеді, сонымен қатар өзінің білімін басқа спорт түрлерін пайдалана отырып, арттырады.

Әрбір оқитын топтың өз старостасы болады. Оның қызметі тәртіпті қарау, сабаққа келгендерді тексеріп, істеген жұмысты қадағалау, жаттықтырушыға, сабақты даярлауға көмек жасау, т.б. Қысқаша айтқанда, староста жаттықтырушының оң қолы.

Ат спорты секциясы жұмысының дұрыс жүруі жаттықтырушылар құрамына байланысты.

Секция құрамында бірнеше топтар болса, онда жаттықтырушылар келісімін тобын құру керек. Келісім тобы бір-бірімен кеңесіп, ақылдасып, шешіп, жұмыстың жақсы жүруіне көмектеседі.

Спорт секциясының негізгі мақсаты – дені сау, жігерлі, батыл спортшыларды дайындау. Бұл мақсатқа тек күнделікті жаттығумен,

Отанына, еліне деген сүйіспеншілікпен, өзінің күш-жігерімен ғана жетуге болады.

Жаттығуға қатысатын спортшылардың жас мөлшеріне, дайындығына, күш-қабілетіне қарай отырып, сабақты жыл бойына белгіленген ереже бойынша тоқтатпай үздіксіз жүруге керек.

Күнбе-күнгі жаттығу арқылы олардың шеберлігі артатындай дәрежеге жету керек.

Сабақты жүргізу. Сабақтың дұрыс, тиянақты жүргізілуі жаттықтырушының дайындығына байланысты. Осы себепті жаттықтырушы әр сабаққа дайын болуы керек. Мұндай дайындық жасау үшін мыналарды істеу қажет.

Ең бірінші сабақтың тақырыбына аса үлкен көңіл аударылады, оның мақсаты көрсетіледі, сабақты түсіндіру жолдары, қалай жүргізу керектігі зер сала тексеріледі. Одан соң сабақты өткізетін жерін, оған керек құрал-саймандарды есептеп, сабақты жүргізу реті жасалады.

Ат спорты секциясы сабақ жүргізу реті негізінен: кіріспе, негізгі және қорытынды сияқты 3 түрден тұрады.

Мысал ретінде сабақта өтетін сұрақтар мен оның жоспарын біріп отырмыз.

Сабақта өтетін сұрақтар

Жылқының ер-тоқымын әкеліп, оны ертеу. Жылқыны жетектеп жүру, ұстап, тоқтату. Ертоқымға міну реті. Ертоқымға отыру. Одан түсу тәртібі. Ертоқымды алу. Сабақтың ұзақтығы 2 сағат. Өткізетін – жер ат қора және манеж. Керекті заттар – 3 жылқы ер тоқымы. Әрбір жаттықтырушы сабаққа дайындық кезінде жоспар жасап, жазып (конспект) отырады.

Түсінікті болу үшін тағы бір атқа салт міну (мысал) сабағын берейік. Бұл сабақ бесінші жыл оқудың екінші жартысына арналған.

Оқу жоспары. Дайындық. Уақыты 10 минут.

Сабақ мазмұны. Топты құрып, оларды тексеру.

Өткізу реті. Жаттықтырушыларды бір қатарға тұрғызып, аты – жөнімен тексеріп шығу.

Кіріспе. Уақыты – 25 минут. *Мазмұны:* жылқыға ер тоқым, оны ерттеп, мініп, жүру. *Өткізу реті.* Жылқыға ер тоқыммен келу тәртібін түсіндіру. Жаттықтырушы ер тоқымды алып, оны жылқыға салып, оны ағыту тәртібін көрсетеді. Ерттелген жылқыны жетектеп шығару. Осыдан соң топ адамдарын 1 үш үштен кезекпен шығарып, оларға

ер тоқымды алуды, салуды, жетектеуді, ең соңында ат қорадан манежге дейін жетектеп шығаруды үйретеді.

Негізгі бөлім. Уақыт – 50 минут. **Мазмұны:** атқа отыру. *Өткізу реті:* атқа отыру және түсу тәртіптерін көрсету. Қалай дұрыс отыруды түсіндіру. Осыдан соң әрбір оқушы жеке–жеке жылқыға отырып, түсіп үйренеді.

Мазмұны: жылқыны тізгінінен жетектеп жүру. Уақыты – 10 минут. Ер тоқымды алу. *Өткізу реті:* жылқыны ат қорадан манежге апарып байлап қою (жаттықтырушының айтуы бойынша).

Қорытынды. Уақыты – 25 минут. *Мазмұны:* сабақты түсіндіру. *Өткізу реті.* Әрбір оқушыға олардың қателіктерін көрсетіп, қалай түзету керектігін түсіндіріп айту, көрсету. Ауызша сұрақ қойып, сабақты қалай түсінгендерін білу. Келесі өтетін сабақпен таныстырып (уақыты, өтетін жері, сабақтың аты), оған қажет кітаптар.

Салт жүріп үйрену сабағына мыналарды кіргізуге болады.

Аяң – 10 минут, желу – 10 минут, аяң – 3 минут, желу – 5 минут, аяң – 1 минут, үзеңгісіз желу – 5 минут, үзеңгісіз желу және гимнастика жасау – 5 минут, аяң – 3 минут, шабыс – 2 минут, аяң – 3 минут, шабыс – 2 минут, аяң – 5 минут, жетектеп жүргізу – 15 минут. Барлығы – 70 минут.

Жаттықтырушы жоспар бойынша сабақ жүргізуден басқа мына негізгі заңдарды қатал сақтау керек:

1. Оқушыларға үлгі бола білу. Сабақты уақытымен бастау.
2. Топтың тәртібін сақтау.
3. Спортшылардың киімінің тазалығын тексеру.
4. Оқушыларға шамасы келетін жатығу беріп, үйрету.
5. Түсінікті тілде айту, бұйрықты естілетіндей, дауыстап беру.
6. Бір қатарда жүргенде, оқушылардың бірінің соңынан бірі жүруін қадағалау.
7. Қателерін түсіндіру.
8. Жеке жүріп үйрене білуі үшін бірнеше минутқа жеке жүруге рұқсат беру.
9. Сабақ аяқталған соң атты, ер-тұрманды тазалату.
10. Сабақ соңынан қорытынды жасау.
11. Сабаққа қатысу дәптерін жүргізу, баға қою.
12. Оқушылар салт мініп жүруге әбден үйренген уақытта, оларда жарыстардың өту тәртібін түсіндіру, төрешілердің қоятын талаптарымен таныстыру.
13. Осыдан бастап, атқа салт мінудің бастауыш мектебі аяқталады, спортшы үлкен жарыстарға қатынасуға мүмкіндік алады.

10.2. Ат спортшыларын дайындау жоспары

Болашақ разрядшы ат спортшыларын даярлау үшін, олардың жан-жақты жылқы туралы білімдерінің арттыру ретіне қарай арнайы дайындау жоспары жасалынады.

10.3. Разрядшыларды дайындау және оны орындаудың сабақ ережесі

Қажымай, талмай тер төгіп еңбек ету болашақта қажетті спорттық атақ – Қазақстан Республикасының ат спортының шебері, Қазақстан Республикасының чемпионы одан өте халықаралық жарыстарға қатысып, еліміздің намысын қорғауға мүмкіндік береді. Ол үшін алдымен, алғашқы спорттық қадам – үшінші, екінші, бірінші разрядшылар нормасын орындау керек.

Ат спортынан үшінші разряд орындау сабақ ережесі

(11 тақырып, 64 сабақ, 64 сағат)

1 тақырып (1-2 сабақ) 2 сағат. Атты ерттеу, ер-тоқымын алу. Жылқыны жетектеп жүру. Атқа отыру, түсу. Дұрыс отыру тәртібі. Денесін, тақымын, аяғын дұрыс ұстап отыру. Ерде жеңіл отырғандағы, тақым қимылы. Тепе-теңдікті ұстау. Тізгінімен, денемен, тақымымен жылқыға әсер ету. Қарапайым атта жүру тәртіптері.

2 тақырып (3-6 сабақ) 4 сағат. Қатарға тұру, тексеру. Отыру және тепе-теңдік сақтау. Үзеңгісіз аяндап, желіп жүру. Басшы жүргізушінің соңынан жүру. Гимнастикалық жаттығулар.

3– тақырып (7-12 сабақ) 6 сағат. Отыру және тепе-теңдік сақтау. Аяң және желу кезінде атта отыра білу. Бір жүріс түрінен екіншісіне ауысу. Денемен, тақымымен, тізгінмен бірге жұмыс жасау. Үзеңгісіз желіп жүру.

4-тақырып (13-16 сабақ) 4 сағат. Отыру және тепе-теңдік сақтау. Басшы жүргізушінің соңынан желіп, соңынан жеке өзі аяндап жүру. Желу кезінде гимнастикалық жаттығулар жасау.

5-тақырып (17-26 сабақ) 10 сағат. Жеңіл жүріс түрінен қиынға ауысу және керісінше. Желіп келіп бұрылу, бұрылыста желісті азайтпай жүру. Жүріп, желіп келіп тоқтау. Жеке аяңмен жүру. Маңежде қойылған бағаналарды қақпай айналып өту. Гимнастикалық жаттығуларды күрделендіру, үзеңгісіз аттан мініп, түсу.

6-тақырып (27-32 сабақ) 6 сағат. Жылқыны дайындау, аяң, желіс кезіндегі бұрылулар. Гимнастикалық жатығулар.

7-тақырып (33-40 сабақ) 8 сағат. Атқа отыру. Өткен сабақтарды қайталау.

8-тақырып (41-44 сабақ) 4 сағат. Аттың шабысы кезінде отыра білу. Желіс пен шабыс кезінде гимнастикалық жаттығу.

9-тақырып (45-52 сабақ) 8 сағат. Аяң мен желу кезінде жылқы басқару. Жүріс кездерінде тізгінді ұстау, тізгін мен тақыммен жұмыс жасау. Ат тоқтаған және жүрісті бастаған кездегі қимыл.

10-тақырып (53-60 сабақ) 8 сағат. Манежде жүру түрлері. Зар желіс, бөкен желіс, бүлкек желіс, жүрісті өзгерту, тоқтау, шабыс.

11-тақырып (61-64 сабақ) 4 сағат. Үшінші разряд нормасын орындауға дайындық.

Ат спортынан екінші разряд орындау спорт ережесі

(5 тақырып, 45 сабақ, 90 сағат)

1-тақырып (1-4 сабақ) 8 сағат. Бірінші жылда өткен атқа салт міну сабақтарын қайталау.

2-тақырып (5-15 сабақ) 20 сағат. Желу кезіндегі бұрылу, жеке жүру.

3-тақырып (16-27 сабақ) 20 сағат. Жүріс түрлері, желу кезіндегі бұрылу.

4-тақырып (28-41 сабақ) 34 сағат. Манежде жүру түрлерін одан әрі жетілдіру.

5-тақырып (42-45 сабақ) 8 сағат. Екінші спорттық разряд нормасын тапсыруға дайындық.

Барлық жоспарланған сабақтар әрбір айға, жұмаға бөлінеді. Әрбір топтардың дайындығы әртүрлі болған жағдайда, жоспар жеке топтарға жеке жасалады. Дайындалу үшін әрбір жекелеген топтарға бірдей сабақ жоспары жасалады.

Үшінші және екінші разрядшыны даярлау жоспар жобасы

Үшінші разрядшы даярлаудың жоспар жобасы (бірінші жыл оқу)

Теория. Қазақстандағы дене шынықтыру және спорттың даму үрдісі – 2 сағат. Ат спорты, міндеті мен мәні, қазан – 2 сағат. Гигиена және өзін-өзі тексеру (4 сағ): 2 сағаттан. Қазан мен қарашада. Ат ертұрманы, қараша – 4 сағат. Жұмыс тәртібі, мамыр – 2 сағат.

Практика. Салт мініп жүру (64 сағ): 8 сағаттан қазан, қараша, желтоқсанда және 10 сағаттан қаңтар, ақпан, наурыз, сәуірде. Шабандоздық (12 сағ): 2 сағат желтоқсанда, 4 сағаттан қаңтарда, 4 сағат наурызда және 2 сағат сәуірде. Құрлықтағы дайындық (4 сағ): 2 сағаттан қазан және қараша айдарында.

Жалпы дайындық (58 сағ): 8 сағат желтоқсанда, 6 сағаттан қаңтар мен ақпанда, 8 сағат мамырда және 10 сағаттан маусым, шілде, тамызда.

Теориялық сынақ 2 сағат сәуірде. Жарысқа дайындық (12 сағ): 4 сағаттан наурызда, сәуірде, мамырда.

Классификациялық жарыс: 6 сағаттан мамырда.

Барлығы 180 сағат.

Екінші разрядшы даярлаудың жоспар жобасы (екінші жыл оқу)

Теория. Гигиена және өзін-өзі тексеру (6 сағ): 2 сағат қазанда және 4 сағат қарашада. Ветеринарлық дайындық (10 сағ): 2 сағаттан қазанда, қарашада, желтоқсанда, 16 сағат қаңтарда, 10 сағат ақпанда, 14 сағат наурызда және 16 сағаттан сәуір, мамырда. Атпен жүру: 4 сағат қазанда.

Жалпы дайындық (40 сағ): 2 сағат қарашада және 4 сағаттан желтоқсанда, қаңтар, ақпан, наурызда, 8 сағат маусымда, 10 сағат шілдеде және 4 сағат тамызда.

Теориялық сынақ: 2 сағат сәуірде.

Барлығы: 198 сағат.

11-тарау. ЖЫЛҚЫ АУРУЛАРЫ

Қағанақ – төрт түліктің бәріне тән нәрсе. Жатырдағы төл қағанақ суының ішінде жатыр өсіп-жетіледі. Ал суды да, төлді де сыртынан орап, қаптап алған өте жұқа, жұмсақ дорбаны қазақ қағанақ деп атайды.

Айы, күні, сағаты жетіп мал туар алдында, яғни төлдің сыртқа шығар сәтінде жарылып, лақылдап аққан қағанақ суы төлдің сыртқа шығуына көмектеседі.

Қағанақ дорбасы едәуір үлкен болғанымен мал шуының бір бөлігі ретінде онымен бірге түседі. Қағанақтың алғаш жарылып, төл сыртқа шыққан кезде онымен бірге шыққан бір тұйығына су іркіліп, қашан шу түскенше сыртта салақтап жүретін кезі болады. Қазақ емшілері сол ішінде суы бар салақтап жүрген дорба жарылмай тұра тұрса, өз салмағымен шудың тез түсуіне көмектеседі деп қарайды.


Қанжілік. Жілікке қан түсу, жілік майына қан түсу, жілігі қанға толу, жілігіне қан құйылу, жілік майы қанталау, жілік майына және кемік бастары мен қақ сүйектерін қан жайылу жілік кемігінің қанталауы деп аталады. Бұл жілік майының табиғи қалыбының өзгергенін немесе өзгеріп жатқанын білдіретін ұғымдар. Бірақ ол жұқпалы сырқат емес.

Қазақ тілінде «жілікті», «жілігі майлы», «жілік майы тоқпақтай», «кемік майы сорғалап тұр», «жілік майы тоқпақтай» деген сөз тіркестері кезігеді. Бұл жілік майының табиғи қалыбының өзгеріске ұшырамағандығын, яғни «ақжілік» деген ұғымды аңғартады.

«Жіліксіз» «жілігі жоқ», «жілігі азайған», «жілігі солған», «жілік майы азайған», «жілік майы қылдырықтай», «жілік майы үзілген», «жілігінде май жоқ» деген сияқты атау тіркестері де бар. Мұның өзі малдың ұзақ уақыт жемшөпке жарымауынан, аштықтан, ұзақ уақыт дертке ұшырауынан болатын салдар.

Ал қанжілік болғанда малдың жілік майы қанталап, қызарып, өңі-түсі өзгереді. Кейде ұйыған қан сияқты іркілдеп, жілік қуысы толып кетеді. Оның өзі майдан гөрі қанға ұқсаңқырап, күренденіп тұрады. Жілік майы ішінде талшықтардың да өңі қарайып, қара бурылданып ісініп тұрады. Пісіргенде ол жілік майына ұқсамай, ұйыған қанға ұқсап көрінеді. Айта берсе, тіпті, майдың ісі де, дәмі де өзгереді. Мұндай өзгеріс тек жілік майы ғана емес, кемік бастары мен қақ сүйектің өзінде де байқалады.

Көшіп-қону кезінде ұзақ жерге шұбыртып, үркітіп, қатты айдау қой-қозыны титықтатып тастайды. «Етті қуырған құртады,



Жылқының бұлшық еті

1-трапеция тәрізді бұлшық еті; 2-қырқа артының бұлшық еті; 3-жауырын шеміршегі; 4-төс-бас бұлшық еті; 5-қырқа алдының бұлшық еті; 6-кіші дөңгелек бұлшық еті; 7-вентральды тісті бұлшық еті; 8-білезіктің кәрі жілік жазғыш бұлшық еті; 9-иықтың екі басты бұлшық еті; 10-саусақтардың жазғыш бұлшық еті; 11-білезіктің қиғаш бүккіш бұлшық еті; 12-ортанғы бөксе бұлшық еті; 13-беткі бөксе бұлшық еті; 14-жалпаш шандыр кергіші; 15-кіші бел бұлшық еті; 16-санның екі басты бұлшық еті; 17-сіңір қынап; 18-ұстатқыш; 19-сіңір; 20-арқаның тым жалпақ бұлшық еті; 21-дорсальды бұлшық еті; 22-көлденең төс бұлшық еті; 23-мойынның ромбы тәрізді бұлшық еті.

малды шұбырған құртады» дегендей, шұбырынды болған жас төлдердің өкпесі қабынып, іші өтіп, әлсірейді де, түрлі ауруларға тез шалдығады. Қанжілік сырқаты осы сияқты қатты қиналудан, қатты зорығудан, қызыл май болудан тарайтын сырқат. Әсіресе, бұған семіз мал тез шалдығады.

Қатты қиналып, ауыртпалықтан жаны күйзелген мал төрт аяғын нық басып тұра алмай, аяқтарын кезектеп, басқан сайын аяқкестеніп, бүгежектеп қалады. Ақсау-сылту пайда болады, қатты ауырсынады, кібіртіктейді. Малдың ыстығы көтеріледі, тамырының соғуы, тыныс алуы жиілейді. Осы сырқатқа шалдыққан мал мініске, жүріске,

арту-тартуға, айдауға жарамайды. Егер, қанжілік болған мал жақсы күтілмесе, енді серги бергенде қайта қиналып, тіпті, өліп кетуі де мүмкін.

Сондықтан қанжілік белгісі анықталған малды қазақ емшілері бос қойғызып, айдаппай, мінгізбей, ерекше күтімге алатын болған. Әсіресе, өте қымбатқа (100-200,300 қойға) түскен жүйріктер мен жорғаларды, әрі мықты, әрі төзімді тұғыр-тұлпарларды қанжілік сырқатынан емдеу өте қымбатқа түседі, ал дауалау ұзаққа созылады.

Мәселен, қанжілік ат ауруынан құлан-таза жазылғанша оған қысы-жазы жүген-құрық тимеуі шарт. Оның жанына ауыр-жеңілді қанжілік болып ауырған екі-үш жылқыны бірге қосып бағады немесе ерекше күтімге алынады. Қысқы күтімі жақсы жылқы қысқа қарай қабырғасын «мұздай» жабады. Бірақ жылқылардың жалдануы олардағы аурудан сейілу-сейілмеуіне байлаланысты болғандықтан, олардың ауруынан құлан-таза құтылғаны үлпершектеніп, шұрайланып шыға келеді. Солардың әртүрлі семіруінің өзінен сырқаты сейілген немесе сейілмеген деп жіктеуге болады. Бірақ малдың жетілу-жетілмеуінің басқа себептері де бар. Соған орай, емшілер тәжірибе үшін қосылған жылқының әр жылы біреуін сойып, бақылауға мәжбүр болған. Ол үшін сойылған бірінің жілігін шағып, жілік майының шынысы мен сірнесін, майының молдығы мен аздығын, өңі мен түсін, дәмін, тіпті, иісіне дейін шикідей де, пісіріп те тексереді. Бәрі де қолмен ұсталып, көзбен көріліп, дәмі тартылады. Қақ сүйектер мен кемік бастары қырағы көзді, білгір, тәжірибелі адамдардың байқауынан өткізіледі, салыстырылады.

Жалпы алғанда, жыл сайын тәжірибе үшін қосылып, бақылау үшін сойылған қанжілік жылқының жілік майлары мен сүйектері табиғи қалпына келді ме? Ақжілік ақсүйек бола алады ма әлде сырқат табы, ізі әлі бар ма? Осы сияқты сұрақтарға жауап ізделеді.

Халық тәжірибесіне қарағанда, қанжілік өте ауыр сырқат. Одан малдың ада-күде жазылуы, сырқаттың ауыр-жеңіліне қарай екі-үш жылға созылуы мүмкін.

Қан алу – емдеу мақсатымен белгілі мөлшерде барлаудан қан ағызу. Қазақ тілінде қанға байланысты қан тасу, қан өрлеу, қан өршу, қанның құтырынуы, қанның басқа шығуы, қолға, аяққа қан түсу, буынға қанды сарысу ұялау, қотыр, қыршаңқы, қысаға, ісіну, бөген, дүңку, бітеу жара, лоңқа сияқты сырқаттардың аты аталады.

Емдеу жолы. Емшілер осы аты аталған сырқаттарды емдеу мақсатында белгілі орыннан қан алуда ұйғарады. Мәселен, тері ауруларының үстінен шертіп, тіліп қан ағызады. Кейде құрғақтай

қарықтыққа сорғызып, сонан кейін сорылған жерді қандауырмен шертіп, сол жерге қайта қарықтық төңкеріледі. Қатты сорудың нәтижесінде шетілген жерден қан, қанды сарысу ағып шығады. Ісінген, домбығып тұрған, бітеу жараға айналған жерлерге де пышак салып қан ағызады. Баралау тамырдың біріне қандауырды жара шаншып немесе жара шертіп, белгілі мөлшерде, емшілер тілімен айтқанда «қара қанды», «бұзылған қанды», «құтырған қанды», ағызатын кездері де болады.

Құрт. Төрт түлікке де болатын ауру. Құрт емшілердің айтуынша малдың жұлын миында болатын сарысу. Құрт болған мал көп уақыт жайылмай, оттамай, сілейіп тұра береді. Күн қалай, қай жатқан түссе, мандайын солай бұрып, күнбағыс сияқты шыр айналады. Ауру асқынған кезде белінен шойырылып, бұралып жатып қалады. Содан көп кешікпей өледі.

Емдеу жолы. Құрт ауруы туралы емшілердің айтатындары сан алуан. Солардың ішінде құрт болған малдың талайын өз қолымен емдеп жазған, жасы сексеннен асқан Оспан қарт былай дейді:

«Бір кезде халық құрт болған малды дауалап көріп, жазылмаған соң ем қонбайтын ауру деп санаған. Кейінгі кезде халық малды құрт ауруынан жазатын дәріні тапты. Ол ақбүйрек деп аталатын шөп. Мен осы шөппен көп уақыттан бері құрт болған малды емдеп жазып жүрмін.

Аурудың белгілеріне қарап, малдың құрт болғанын анықтағаннан кейін, оны ақбүйрекпен емдеймін. Осылай емдеген малымның көбі жазылып жүр. Кейде ауруы асқынып кеткен мал ем қонбай, өліп те қалады. Ал аурудың құрт екені дәл анықталса және ол асқынып кетпесе, ақбүйрек шөбі малды құрттан жазбай қоймайды.

Бір мысал айтайын. Ілгеріде бір кісінің асыл тұқымды арғымақ биесі құртпен ауырған екен. Дәрігер оны емдеп жаза алмаған соң, әлгі кісі мені шақыртып, қалай емдейтінімді сұрады. Мен оған ақбүйректі көрсеттім. Ол дәріні аузына салып, дәмін татып көрді де «сүт татиды екен, бұған құрт жазылушы ма еді» деп мені мазақтап күлді. Содан кейін немқұрайды қарап: «емдегің келіп тұрса», «емдей бер» деді. Мен оған: «биең қымбат мал көрінеді, өліп қалса, мені айыпты етпейсің бе?» деп едім, «өзі де өлейін деп жатыр ғой» деді. Расында да биесінің ауруы күшейіп, жатқан орнынан тұра алмай қалған екен.

Биенің сауырына ақбүйректің бұршақтайын салып, емдеп болған соң, оның иесіне: «биең енді құлын тастайды, бірақ екі-үш күннің ішінде орнынан тұрып жайылады» дедім де, кетіп қалдым.

Үш күннен кейін мені шақыртып, биесінің жазылғанын айтты да, дәрімнен сұрап алды. Бұдан кейін де талай адамның малын құрт аурудан жаздым.

Мен үлкен дәрігермін деп мақтанайын деп отырғаным жоқ. Малды құрт ауруынан ақбүйрек деп аталатын шөп дәрімен емдеу, жазу ешбір қиын іс емес. Мені көптен бері таңқалдырып, шешуін таптырмай жүрген бір жұмбақ бар. Біріншіден, далада өсетін ақбүйрек атты жабайы шөпте құрт ауруын жоятын қандай қасиет бар? Екіншіден, құрт ауруы неден пайда болды? Мұны мал дәрігерлері зерттеп, кітап жазар деп ойлаймын.

Құмсірке. Жылқы мен сиырда болатын паразиттердің бір түрі. Мал түгінің арасына сықап толады. Тері қыртысын түгелдей қайызғақ жауып кетеді. Адам көзіне қайызғақ қабаты көрінгенімен сіркенің өзі әдетте, көзге түсе қоймайды. Соған орай халық арасында бұл жәндікті құмсірке атаған.

Құмсірке қыс бойы малдың ыстық денесіне жабысып, қатты сорады. Бұл мал, әрине, өле қоймайды. Бірақ құмсірке жайлаған мал жүдейді, қыстан әрең шығады. Көктемде күн жылынған сайын сірке молайып, жүннің арасын кеулеп алады. Мал өз денесін басқан қалың ақ қайызғатан қозғала алмай, есі шығып, мең-зең күйге ұшырайды. Дер кезінде ем қолданбаса, мал өліп кетеді.

Емдеу жолы. Ең жақсы ем-малдың күйлі кезінде, қыста дауалау. Көктемде де дауалауға болады. Бірақ ауру тым асқынып кеткендіктен оның өзі малға ауыр тиеді. Емшілер оны күкірт түтінімен ыстайды. Темекі талқанымен жүннің арасын уқалайды. Темекі, жусан, қылша, ермен сияқты шөптердің қайнатынды суымен жуады. Сарыбарак, адыраспан, сексеуіл, сақырамен жуады. Кейде құмалақ майын, сүйек майын алып қолдануға болады.

Сас. Көз сырқатының бір түрі. Жұқпалы емес. Сирекеу кездеседі. Көбіне ат-көлікте болатын кінәрат. Қызыл майдан, зорыққаннан, жеріне жете арықтаудан, қатты аурудан қалатын салдар. Кейде екі көздің, кейде бір көздің көру қуатты азаяды дейді емшілер.

Көз еті ұдайы қызарыққы, көз алды домбығыңқы келеді. Сасы бар көз қашан да қысылыңқы байқалады. Көз ішінде ылғи да болымсыз ақ былшық көрінеді. Көздің ашылып-жабылу сәттерінде ақ былшық қарашықтың бетіне жұғып, көруін нашарлатады.

Көз сасы бар мал жоқтан өзгеге аяғын соғып, сүрінгіш келеді. Жүріп тұрғанда кібіртктеп, жасқаншақ болады.

Сасық табан. Көбіне, жылқы тұяғында болады. Жылқы байланған, қамалған жердің асты таза болмауы, шылқылдап жатуы

көп жүрмеген малдың тұяғын тез өсіреді. Тұяқ арам тұяқтанады. Табаны күстеніп, күс қалындаған сайын бойына дым тартып, жел қақтырмайды да, құрғамайтын да өлі затқа айналады, сасиды.

Тұяқ сырты өскен сайын көстиіп, табанындағы жүрекшенің екі жағы шұқырайып, сол қуысқа лас топырақ тығылып, бітеліп қалады. Тығылған заттар сол жерде ұзақ тұрады да, ауа өткізбейтіндей, жел қақтырмайтындай күйге айналады. Табанды, жүрешені шірітіп, кейде табанның ішкі тұра қабатына уын жаяды. Сырттан басып кірген улы микробтар таза денені бүлдіріп, ісіндіріп, қабындырып, іріңдетіп шығарады. Тұяқты ірің пайда болған кезде, мал ақсайды, тіпті жүре аламайтындай қалге жетеді.

Емдеу жолы. Емшілер мұндай малдың тұяғын жуып-тазалап, шіріген күс, арам тұяқтарды жонып тастайды. Ірің алған жерді ашып тазартады. Табанның ойылған тесігі жазылып, қашан қалпына келгенше таза сақтау және қайта-қайта қарап емдеу үшін тұяқ сыртынан қалың қайыстан жасалған бүрмелі шақай кигізеді.

Селеу кіру. Селеу тікенек тобына жататын көп жылдық өсімдік. Түптеніп, күлтеленіп бітік өседі. Бойы 2-3 қарыс. Тамыры ұзын, жіңішке ши сияқты, қылқан жапырақ. Май айының аяқ шеңінде, солтүстік облыстарда маусым айларында бас жаралады. Әрбір дәнегінде бір талдан иненің жіп сабағы сияқты бір сүйемдей жіңішке түгі бар. Дәннің жебесі бір елідей, ашандай, сүп-сүйір, қауызы қатқыл. Дәннің сабаққа орналасқан көбесі ине ұшындай өткір. Сол өткір ұштың болымсыз мойын түбінде теріс біткен қылтанақ түгі болады.

Осы дән малдың денесіне өткір ұшымен қадалғанда, қайта суырылып түсуіне әлгі біткен қылтанақ түк ыңғай бермейді. Қайта алға қарай итермелей береді.

Күз кезінде қой жүніне ілінген селеудің сабақ талшығы үзіледі де, тікенек дәннің өзі теріге қадалады. Мал қозғалған сайын тері астына, шелге, қыртысқа, шандырға, ет-майға дейін жетіп, ине тәрізді алға жылжиды. Тіпті кейбірі малдың ішкі мүшелеріне өтеді. Жүрекке, бауыр, өкпеге қадалғандары малды өлтіріп тынады. Денесіне көп селеу кірген мал қатты азып, жүдейді, ауырады. Селеу тікені мал денесінде көп уақыт шірімей күйзеліске салады. Тек ұзақ жүріп жібіп, қарайып, көгергендері жылжуын тоқтатады да, сол тұрған жерін зақымдап, қабындырады. Іріңдетіп, жара түсіреді. Өлмеген күнде де малдың өмірі қысқарады. Қоңы төмендейді. Селеуленген мал емдеуге келмейді. Ең тиімді әдіс – селеулі өріске малды жаймау, ондай жерлерді алдын ала біліп, малды мүмкіндігінше жақындатпау.

Емшілер арасында жылқы ауруларына байланысты айтылатын атаулар мен тіркестер

Азу – жатырға тоқтаған ұрықтың көп ұзамай сыртқа шығарылуы, іш тастау, түсік тастау

Ағаш аяқ – ауру, буынның бүгілмеуі

Ажырғы – мойын ағаш

Азу босау-тіс түбінің босауы, тіс дерті

Азу түсу-қартаю белгісі

Азудан шалу-қартайғанның белгісі, қарттық жеңу, қайрат кету

Азу-арықтау, күйсіздену, еті төмендеу

Айғырдан шығу-биенің тоқтауы, ұрықтануы, буаз болуы

Айғырдан шақпау-тоқтамау, ұрықтанбау, қасаң, бедеу

Ақау-сау емес, мүкіс, кем, толымсыз, ауру, сырқау

Ақаулы дене-ақаулы аяқ, ақаулы тіс, ақаулы арқа, ақаулы көз т.т

Ақ бас-сарып ауруының жылқыдағы түрі

Ақ ауыз-ауру, тері ауруының бір түрі

Ақ уыз-уыздың сүтке айнала басталуы

Ақ желке-желкесі қажалып түгі ағарту

Ақ жем-сорылу, сөлсіздену, қан-сөлден айыру, бозару

Ақ жілік-ақ сүйек, семіз, күйлі, арықтап көрмеген

Ақсита тілу-емдеу тәсілі

Ақшио-азу тісі көріну, тілінген жерінен сүйегі көріну

Ақсақ-мертіккен мал, аяқтың жерге тең тимеуі, сылтық, шойнақ, кемтар аяқты мал, ақсақшолақ

Ақсақ-тоқсақ – ауру – сырқау, кем – кетік, ақсақ – шолау, жаман – жұтық

Ақ айыл-айыл қиған жараның орнына шыққан ақ жүн, ақ қаптал – мал қапталында жара мен жауырдан кейін шыққан ақ жүн

Ақ топшы-топшысы қажалған соң жазылған жара орнына шыққан ақ жүн

Ақ иық-мойнынан қамыты, үстінен ері түспей жауыр болу, соның салдарынан мініске, жұмысқа, жарамай қалу

Ақ құлақ-құлақта болатын тері ауруы(котыр)

Ақ көбік-терлеу, көбікті тершығару

Ақ таңдақ-жараның орны, тыртық беті ақтаңдақтану

Ақ құрт-малда болатын құрт

Ақ қырау-қыстың суық күндерінде шыққан тердің қырауға айналуы

Ақ тілерсек-тілерсегін жіп қиып жаралаған соң жазылған жерге шыққан ақ жүн

Ақ кеңсірік-жүген қажаудың салдарынан кеңсірік үстіне шыққан ақ жүн.

Ақ түсу-малдың көзіне кір түсу, ақ түсу

Ақшам соқыр-малдың көз ауруы, кеште, түнде нашар көру

Ақтарылу-жарылу, ішек – қарны аяғының басына түсу, іші жарылып, ішек-қарны сыртқа шығу

Ақшелек-жылқыда болатын өте жіті ауру

Албырт-дербе ауруы (жылқы делбесі)

Аластау-емдеу, тазалау, отжалынмен дезинфекциялау

Алқыну-демігу, қиналу, жүрегі аузына тығылу

Алқымы ісу – сағағы, тамағы ісу

Алмас– химиялық зат, улы дәрі

Алишақтау – шаты керілу, семіру, желін сыздау

Арам тер– малдың алғашқы ащы тері

Арқа кету– дұрыс ерттемеуден, ыстық – суықтан көліктің арқасы іседі, жара болады

Ауыз уылу-ауыру малдың аузынан сілекей қабатына жара түсуі

Ауыздық кесу-екі езудің ауыздық кеседен жарақаттануы

Баздану– жараның, сау жердің ауасыз қалуы салдарынан болатын сасу, шіру алдындағы жағдай

Безеру– ісіктің беті қайтпауы, табы қайтпауы

Бошалау– бос, босаң, болбыр, ширақ емес, былжыр

Бөгелек – жазда жылқы малға маза бермей шағатын жәндік

Бөген – жылқы құйрығында болатын дерт

Бусану– терлеу, жіпсу, қозу

Буыны үзілу-мертігудің ауыр түрі

Буыңқұрт-буынға сары су ұялаудың асқынған түрі

Бұлаулау-емдеу, ыстық құм басу, ыстық тасқа су сеуіп, соның буына ұстау

Бітеу жара– аузы шықпаған жара

Дем шығару-ісіп, сыздап тұрған бітеу жараның аузын тіліп ашу

Дұңқу– тұяқтың, өкшенің, жерсоғардың тасқа, жерге қатты тиюінен табан еті, сіңір, май өкшенің жаншылып ауыруы, аздап ісінуі

Еті сөгілу-сыртқы соққыдан сүйектен еттің ажырауы. Сөгілу жауырын мен қабырға мүшелерінде көп кездеседі

Жалы жығылу-арықтау, қоңсыздану, күйі төмендеу, еті қайту

Жатырын май басу – бедеу, тумас болу

Желінсау-желіннің ісіп ауыруы

Жемқата – жем жегеннен кейін іш түйілу, іш соғу, тіс қайрау, тыпыршу

Жылан құрт – мал ішінде кезігетін сорғыштардың бір түрі

Кесе басу-ат өзінің алдығы аяғының шашасын артқы аяғымен басып, содан басылған аяққа зақым алу

Күбірткі– тұяққа түсетін ауыру

Қадақ-өкпенің шаншун, өкпеге тиген суық салдары, өкпенің қабынуы

Қазымыр мал – төңірегіне мал жолатпай тістеп, теуіп, жымарандап тұратын жылқы

Қол ұыты-уқалау мен ұстай беруден болатын асқыну

Леп шығару– шету, пышақтау, сыздап тұрған ісікті пышақпен тіліп дем шығару, қан шығару

Марғау–бойы ауырлау, зауықсыздану, айналасына немқұрайлы қарау
Оқыра қоңыз–бөгелек, сайғақ түсі қоңыр ала, үлкендігі қойдың құмалағындай қоңыз

Саңғу–қилау, тезектеу

Сәурік– өз алдына қысырақ матап, үйірге салынбаған жас айғыр

Суыту–әдейілеп суыту (емдеу) түрі

Талаурау–ісінген орынның қызарып, күренденіп, көгілдір тартып күйіп жануы

Таң асыру– емдеу, баптау түрі

Текті жара– қатерлі жара (саркома)

Тұз бұрқу– кейбір жауыр мен жараға суға ерітілген тұз бұркіледі

Тұмшалалу–емдеу мақсатымен малды орға, тар жерге кіргізіп, басын сыртқа шығарып қойып бұлаулау, ыстау. Басынан басқа денесін киізбен орап шымқап бұлаулау, терлету

Уланғанды емдеу – май беру, ыстық сүт беру, шөп дәрілер беру, «уды – у қайтарады» деп улы заттар беру

Ұма – жылқы қасасының қыны, жыныс мүшесінің сыртқы қабы, үлпершегі

Ұры тіс – мал тістерінің ішкі , сыртқы түбінен, көбінесе, ішкі жақ түбінен жарып шыққан тіс. Тілдің орамына, шөп шайнауға бөгет болып, мал одан жапа шегеді, жүдейді. Емшілер ұры тісті қағып алады да, неге екені белгісіз, оны малдың тік ішегіне тығып жібереді

Шабақтау – ісінген жерді қандауырмен тіліп-тіліп, қанын сарысуын ағызып, дәрімен жуып емдеудің бір түрі

Шалдыру–мініп жүрген атты белгілі бір уақыт өткен соң отқа қою, аздап оттатып алу, суыт айдап келе жатқан малды аздап жайып алу, мал өзегін талдырмау, мал күшін сақтау ұғымында

Шапыраш–екі көздің бір-біріне қайшы, бірі төмен, бірі жоғары қарауы сияқты құбылыс

Шардақ – аяғы қысқа, қарны үлкен, жүрісі мардымсыз, шабан шардақ

Шашасын басу– жылқыда болатын мертігу

Шел қаптау–көзді ет басу

Шойнақ – ақсақ, шойырлу – ауыру (белінен ауыру, белін қозғай алмау)

Шор– сынған сүйектің қайнап біткен жеріндегі буылтық

Шұлғу–шұлғи басу, шұлғи аяңдау жылқының аяң мәнері

Шұра–жылқының үстіңгі ерніне жіптің тұйығынан бүлдіре өткізіп, қамшы сабымен бұраса ерінді қатты қысып ауыртады. Содан соң жылқыға не істесең де қозғалуға шамасы келмейді. Бірақ емшілер шұраның зақымы жылқыға қатты тиетін болғандықтан, жығып дауалауды жөн көреді

Ісіну –өз қалыбынан өсу, өз орнына симау, жуандау, толу, бөрту

Іш құрт– қарында болатын құрттар

Іші и болу–сүтке бөгу, сүтке тою

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Коневодство и конный спорт. 1991, №4.
2. *Бахметьев Н.* Сведения о коневодстве Туркестанского края 1870 г.
3. *Вилькинс А.* Журнал коневодства. Заметки о лошадях Туркестана. 1885 г.
4. *Ковалевская В.Б.* Конь и всадник. М.: Наука, 1977.
5. Православный вестник №2. Туркестанский сборник т-423. Лучшие породы киргизских лошадей Аргымак, 1898.
6. *Келлер А.* Журнал коневодства. 1885. №3 (Атты баптау тәсілдері).
7. *Вогак С.* Военный сборник, 1873г., №9.
8. *А.Гардер.* Военный сборник, 1875г.
9. Коневодство и конезаводство, 1890, №35.
10. Журнал коневодства и охоты.
11. Указатель литературы по животному миру Туркестана, 1927.
12. Қазақша мал атаулары кітабы. Алматы: Кайнар, 1982 ж.
13. *Қалиасқарұлы М.* Қазақтың жылқы шаруашылық шежіресі.
14. *Төртқарынов Е., Бозылов Қ., Есенғалиев Қ.* Мал анатомиясының практикумы. 1960.
15. *Мусақұлов Т.М.* Русско-казахский толковый биологический словарь. т. I. Алма Ата, 1959.
16. *Рақышев А.Р.* Анатомия терминдерінің сөздігі – Алматы: «Рауан», 1992, I – II т.
17. *Юсупова М.М.* Адам анатомиясының практикумы. – Алматы: «Мектеп», 1984.
18. *Газизова А.І.* Анатомия пәніне арналған оқу – әдістемелік кешен. Астана, 2004.

Дүниежүзіндегі кездесетін жекелеген жылқы түрлері



??? тұқымы



??? тұқымы




??? ЖЫЛҚЫСЫ



??? ЖЫЛҚЫСЫ



??? ЖЫЛҚЫСЫ




??? ЖЫЛҚЫСЫ



??? жылқысы




Орыстың желісі жылқысы



Орыстың ауыр жүк тартатын жылқысы



Мұғалжар жылқысы




Көшім жылқысы



Жәбе жылқысы



Орыстың ауыр жүк тартатын Владимир жылқысы



Першерон жылқысы



Шайры жылқысы




Арден жылқысы




Терек жылқысы



Жаңа кыргыз жылқысы



Кабардин жылқысы




Орловтың желісі жылқысы



Украин жылқысы



Рарабах жылқысы



Фриз жылқысы



Алтай жылқысы



Тракенен жылқысы



Литва жылқысы



Бельгия жылқысы



Арден жылқысы




Орыстың ауыр жүк таситын жылқысы



Мезен жылқысы



Першерон жылқысы



Полесск жылқысы



Совет жылқысы




Суффольск жылқысы



Шаир жылқысы



Владимир жылқысы



Пони жылқысы



Белоруссия жылқысы



Ютлант жылқысы



Оңтүстік Германия жылқысы



Шотландық пони



Мустанг



Тарпан жылқысы



Монгол жылқысы



Пржевальск жылқы

Содержание

Авторлардан.....	3
Кіріспе	5
1-тарау. ЖЫЛҚЫНЫ ШАРУАШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНУ	
1.1. Қазақтың ұлттық құндылықтарының бірі.....	6
1.2. Ежелгі көшпелі ата-бабаларымыздың жылқыға қатысты кәсіби-лексикалық сөз мағыналарын қолдануы	8
1.3. Өткен замандағы қазақ, орыс, қытай халықтарының жылқы саудасы.....	10
1.4. Жылқы шаруашылығының халық шаруашылығындағы мән-маңызы	13
2-тарау. ЖЫЛҚЫНЫҢ ШЫҒУЫ ТЕГІ ЖӘНЕ ҚОЛДА ӨСІРІЛУІ	
2.1. Жылқы түсіне байланысты қазақ ырымдары.....	18
2.2. Жергілікті жылқының тұқымдары	20
2.2. Жергілікті жылқының тұқымдары	20
2.3. Жылқыны жегу құралдары	41
2.4. Мініс және жегу атының жабдығы	46
2.5. Жылқыны күту ережелері.....	47
2.6. Аттың сыны туралы.....	49
3-тарау. АТҚА ҮЙРЕНУ	
3.1. Жылқы тұрпаты	55
3.2. Жылқы сүйегінің кәделі мүшелері және дене бөліктері.....	56
4-тарау. ЖЫЛҚЫ ҚОРАСЫ	
4.1. Ат қора құрылысы	66
4.2. Жылқыны азықтандыру және суару	70
4.3. Жылқы күтімі.....	71
4.4. Жылқыны ат қорадан шығару	72
4.5. Жылқы аурулары	84
4.6. Жылқыны шығарып көрсету	86
4.7. Ер-тұрман түрлері.....	86
4.8. Ер-тұрман мен киім тазалығы	91
5-тарау. АТҚА САЛТ МІНІП ЖҮРУГЕ ҮЙРЕНУ	
5.1. Жүгендеу және ер-тоқым салу	93
5.2. Ат қорадан жылқыны жетектеп шығару	95
5.3. Кезекпен жүру.....	97
5.4. Спорттық жылқының жүріс түрлері	99
6-тарау. ШАБАНДОЗДАР МЕКТЕБІ	
6.1. Классикалық ат спорты түрлері	107
6.2. Ат спортшылары дайындығы	116
6.3. Кедергіден секіру.....	121
6.4. Жас таланттарды іздеу	124

7-тарау. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТЫҚ АТ СПОРТЫН ДАМУЫҒА АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫЛАРДЫ ӨСІРУ

7.1. Ұлттық ат спорты түрлері.....127

8-тарау. БӘЙГЕГЕ ЖӘНЕ БАСҚА АТ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСАТЫН ЖЫЛҚЫЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ

8.1. Ат жарысына қатысатын жылқымен қарым-қатынас132

8.2. Спорт жылқысының қондылығы133

9-тарау. СПОРТТЫҚ АТТЫ ДАЙЫНДАУ

9.1. Алты ай мен бір жыл алты айға толған тайларды топтап дайындау әдісі134

9.2. Жекелей дайындау137

9.3. Емдеу және қадағалау140

9.4. Спорттық аттарды дайындау жолдары140

10-тарау. АТ СПОРТЫ РАЗРЯДШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУ МЕКТЕБІ

10.1. Сабақты құру және оның мақсаты143

10.2. Ат спортшыларын дайындау жоспары147

10.3. Разрядшыларды дайындау және оны орындаудың сабақ ережесі.....147

11-тарау. ЖЫЛҚЫ АУРУЛАРЫ.....150

Әдебиеттер.....159

Дүниежүзіндегі кездесетін жекелеген жылқы түрлері.....160

Е. М. Арын, У. Х. Альмішев, Т. К. Бексентов

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АТ СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫ**

Оқулық

Басуға 06.12.2011 ж. қол қойылды. Офсеттік басылыс.

Пішімі 60x90/16. Баспа табағы 11,5.

Таралымы 700 дана. Тапсырыс № 1575.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru